

КеАҚ Торайғыров университеті

ӘӨЖ 378+37.015.3(043.3)

Қолжазба құқығында

**ДАУЕНОВ ЕРНУР НУРЛАНОВИЧ**

**Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың  
ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы PhD  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Жуматаева Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының кандидаты  
(доцент)  
Комарова И.А.

Республика Казахстан  
Павлодар, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР</b> .....	<b>МЕН</b> 5
<b>ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	15
1.1 Білім беру жүйесіндегі аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейліктің даму негіздері.....	15
1.2 Білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлік жүйесімен дамытудың психологиялық мәні.....	25
1.3 Білім алушылардың аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейлікті дамытуда жобалық оқыту арқылы жүзеге асыру.....	38
Бірінші бөлімнің қорытындысы.....	57
<b>2 ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ДАМУДЫҢ МОДЕЛІ</b> .....	59
2.1 Білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлік жүйесімен дамытудың тәсілдері.....	59
2.2 Білім алушылардың аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейлігін дамытудың тұжырымдамасы мен жобалық оқытудың технологиясы.....	72
2.3 Жобалық оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін құру .....	85
2-бөлім бойынша қорытындылар.....	108
<b>3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАМЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ</b> .....	111
3.1 Анықтаушы эксперимент және оның нәтижесі.....	111
3.2 Қалыптастырушы экспериментті өткізуде білім алушыларды жобалық оқыту арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытудың мазмұны .....	122
3.3 Бақылау тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің қорытынды нәтижесі .....	136
3-бөлім бойынша қорытынды.....	142
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	144
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	146
<b>ҚОСЫМША А – Енгізу актісі</b> .....	154

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев. Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы: Қазақстан халқына жолдауы. 2022 жылғы 16 наурыз.

Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы, 2022, 16 маусым.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы: 2019 жылдың 15 сәуірі, №145 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы: 2015 жылдың 22 сәуірі, №227 бекітілген.

2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: нұсқаулық-әдістемелік хат.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы: 2018 жылдың 15 ақпанда, №636 бекітілген.

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

**Аксиология** – құндылықтар туралы ілім.

**Аксиологиялық парадигма** – құндылыққа жаңа философиялық көзқарас.

**Ұлттық бірегейлік** – ғасырдан ғасырға өшпей сабақтастық қағидасымен, үзіліссіз қолданымға үлес қосатын ұлттық болмыстың өмір сүру заңдылықтары, білімі парасатты тұжырымдары, дәстүрлері, салт-ғұрыптары.

**Ұлттық код** – ғасырлар бойы ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып, тұлғаның өзін-өзі халықпен сәйкестендіруі, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру кепілі. Ол үш негізгі тәсілді қамтиды: бірінші, адам болмысын зерттейтін нысан, оны онтология дейміз, екіншісі, гносеология – тағылым, танымы, үшіншісі – аксиология-рухани құндылық.

**Сананы жаңғырту** – өзгермелі жағдайларға бейімделу арқылы өзін ынталандыру және өзгерту, өзінің мәдениеті мен ұлттық кодын ескере және сақтай отырып, жаңа дәуірдің ең жақсы бағдарын таңдау.

**Сананың ашықтығы** – « ...дегеніміз ... үлкен әлемде, сенің еліңнің айналасында, планетаның сен тұратын бөлігінде не болып жатқанын түсіну; ... жаңа технологиялық тәртіпке орай өзгерістерге дайын болу; басқалардан үйрену қабілеті.

**Прагматизм** – тәжірибеде тікелей қолданылатын білім мен дағдыларды ғана қажет деп танитын білім мазмұнын таңдау тәсілі.

Нақты мақсаттарға қол жеткізу негізінде, білім беруге, салауатты өмір салты мен кәсіби жетістікке баса назар аудара отырып, ұтымды өмір сүре білу – бұл мінез-құлықтағы прагматизм.

**Парадигма** – қоғам өзгерісіне сай, барлық өзгеретін нысандарға философиялық дүниетаным. Жұмыста парадигманың үш түрі қолданылды: 1. Алгоритмдік; 2. Эмпирикалық; 3. Стохастикалық.

**Рухани жаңғыру контексінде ұлттық бірегейлікті сақтау** – бұл ұлттық санадағы өзгерістер («... көне және жаһандық әлемге сай келмейтін әдеттер мен құмарлықтарды өткенде қалдыру керек...»), «Мен» деген ұлттық ішкі өзегін сақтау («...біздің ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрпымыз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен үйлену салттарымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз, бізбен мәңгі қалуы тиіс...»).

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҰБ	– ұлттық бірегейлік
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
БМ	– білім беру мекемелері
БАЖҚ	– білім алушылардың жобалау қызметі
БТ	– бақылау тобы
ЭТ	– эксперимент тобы
ЖҚОАПҰБДМ	– Жобалау арқылы мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделі

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** XX ғасырдың соңғы кезеңінде Қазақстан Республикасының педагогикалық білімнің жалпы жағдайында бір мәмлеге келмейтін аксиологиялық парадигма ұлттық бірегейлікті дамытудың сөз жүзінде айтылу процестері жиі-жиі көрініс беріп келеді. Оның басты салдары – әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелердің бұрынғы шешілу процестерінің дағдарысқа ұрынып, алдыңғы білім беру кеңістігіндегі аксиологиялық парадигмамен іске асырылуы қажеттілікке жарамай қалуымен байланысты екені байқалды. Байырғы, таптауырын педагогикалық білім идеясының белгісіздікке ұшырауы, мемлекеттің тарапынан материалдық базамен қамтамасыз ету мәнінің мүлдем жобалау арқылы оқытудың технологиясымен жабдықталмауы секілді радикалды өзгерістер білім кеңістігінде қызмет атқарып жүрген мамандардың шарасыздығын тудырды.

Бұрынғы дағдыға айналған дәстүрдегі құндылықтың орнына әлі түсініксіз, әртарапқа бағдарланған мұғалімдердің теорияға жүгінбеген консервативті жалаң тәжірибесі арасында келіспеушілік, ғылыми әдіснамадан туындамаған негізсіз ой-пікірлер белең алып отырғаны қазіргі кезде белгілі болып отыр. Отандық білімнің аксиологиясын анықтау мамандардың даярлығын ширату арқылы шешілмек. XX ғасырдың орта шенінен бастап, соқпақ жолмен жұмыс жүргізу мүмкіндігінің жоқтығын сезінген білім кеңістігінде аксиология жайлы бірлі-жарым құбылыстар пайда бола бастауы белең алып келді.

Ұстаздық мәртебені игеруде өткізілетін диагностика иерархиясы гимназия, мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептер, лицей, жеке меншіктегі және т.б. түрлі-түрлі сападағы мектептердегі қызмет атқарушылардың кәсіби құзыретін арттыруға бағдар жасауы қиындық келтірді. Бұндай түйіні шиеленіскен көкейкесті мәселелерді шешудің өзі күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Қазақстан Республикасының ғаламдық білім кеңістігіне өтуі, өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының мемлекеттік құзырымен жаһандандудың мүддесімен унификациялау, педагогикалық білім беру мен оны игерудегі аксиологиялық негіздегі парадигмамен жобалау арқылы меңгеру қажеттігі мен оның этнопсихологиялық ерекшелігін ұлттық бірегейлік тұрғысында ескеру арасында сәйкессіздіктер айқындала түсті.

Бұл жағдайда, аксиологиялық проблеманы шешуде тарихи желіге бағаммен қарап, этнобілім мен ойлау өнерінің құндылығы жайлы өз еңбектерімен антропологиялық-ізгілікті парадигмасын «Асыл қазына» тұрғысында қалдырған кемелді тұлғалар, даналардың қазіргі білім мен ғылымға қосар үлесі зор. Десек те, ол құндылықтардың өзі білім алушылардың санасына түпнұсқа тұрғысында қабылдануы қиындық келтіруде. Өйткені, білімді түсіну «рухы биік тұлға» келбетінде меңгерілуі қадағалануымен іске аспақ. Жаңа Қазақстанға жаңа тұлғаны лайықтап даярлау басымды мәселе ретінде қарастырылуы көзделеді [1].

Мұндай парадигмалық ұстаным кең ауқымда білім философиясын қайтадан қалап, қоғамдағы білімді жаңғырту тұжырымдарына аксиологиялық парадигмаға ешқандай ескіні жамау, жаңғырту процестері көмек көрсетпейтіні біздің зерттеулерімізде анықталды.

Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жариялаған жолдауында «Педагог мәртебесі туралы» Заңды орындаудың өткір мәселелеріне тоқталған. Бұл жолдаудың басымдығы – ұлттық сананы өркендетуге құрылған ғылым өркениет талабымен оның мүддесіне тоғысып құрылса, халқымыздың алға ілгерілеуі қарқындылықпен іске асып, біздің ғылымымыз сонда ғана ұтымды болмақ деген ой-тұжырымы. Осы бағаммен қарасақ, біздердің зерттеу еңбегіміздің аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті жобалау арқылы дамыту Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауындағы ұлттық сананы әлемдік кеңістіктегі ғылымға бейімдеу көкейкестілігі айқындала түспек [1].

Екіншіден, Ұлттық Құрылтайдың шақырылуы жұртымыздың жаңаша өмір сүруге бейімделуі, қазіргі заман мүддесіне сай рухани құндылықтарға жаңа философиялық пайыммен қарауы, бабаларымыздың маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылауы – бүкіл дүйім елді біріктіреді деген тұғырлы тұжырым біздің зерттеуіміздің қажеттілігін айқындайды [2].

«Білім туралы» заңы 2007 жылдың шілдесінде бекітілген [3]. Бұл құжатқа қосымша Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [4] білімді ғылыми негізде меңгерту мен оның сапалық мәні бұрынғы дәстүрлі оқытудан жаңа жобалық оқыту технологиясымен ауыстырылуы кезек күттірмейтіні айтылған.

Қазақстандық білімнің модернизация кеңістігіне ұтымды тұрғыда жаңа тұжырымдамалық этикаға, рухани-ізгілікті парадигмаға көшудің бір амалы – жаңа ізгілікті тұтастай құрылған құндылық пен оны қолдайтын әлеуметтік педагогика институттары мен қоғамдық пікірлердің нарық заңдылығына негізделуімен нәтижеге жетпек.

Аксиологиялық парадигмаға тікелей арналмаса да, жобалау арқылы оқытудың технологиясының педагогикалық білім беру процесінде мамандардың даярлығын алгоритммен, линейлі емес тәртіппен ұйымдастыру амалдары зерттелген [5].

«Жобалық оқыту арқылы даярлықтың» өзі құндылық ретінде бағамдалған. Білімденудің жобалық технологияларының алғышарты ретінде ұжымдық ойлау өнерін қазіргі педагогикалық технология тұрғысында кезеңдік жіктемемен әр уақытта қажеттіліктен қолданылған амал-тәсілдердің ойлау процесіне қатыстылығын «Гештальт» теориясындағы ішкі интеллектуалды әлеует қорын интериоризацияға салудың, қажет емес ақпараттан арылып отырудың мәнін айқындап, меңгерген білімнің саралауына қатысты қорытынды-трансформацияларды сонау 1998 жылы зерделеп, оны іс-әрекетке пайдалануға ықпал жасаған жаңашылдықтың басын бастаған ғалым – Г.К. Селевко [6].

Қазіргі педагогика мәселелері мен білім жүйесіндегі ақпараттық технологиялардың ғылыми нұсқасын құрып, оның тәжірибеде қолданылуына кам жасағандар: Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина [7]. Ақпарат тоғынынан білім

жүйесінің заңдылығын сақтай отырып, қажетті біліми-ғылыми құндылықтарды електен өткізу, оның ескіргенінен арылу, жаңалықтарын қарқындылықпен дер кезінде игеріп отырудың мәнділігін нұсқалы тұрғыда айқындап берген.

Н.Д. Хмель – технология жайлы алғашқы ғылыми үлес қосқан ғалым. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру барысында технологияны қолданудың тұтас жүйесін құра алу мен оның тағылымын ұдайы білім мазмұнынан саралаудың амалдарын ұсынған. Білім мазмұнындағы ірі бөліктер мен ұсақтарының тұтас жүйесін бұзбауға бағдар жасаған. Бұл тағылым Қазақстан Республикасының білім кеңістігінде кең ауқымда қолданылып келеді.

XXI ғасырдың басындағы ғалымдардың еңбектерінде «аксиология» ұғымы зерттеу жұмыстарында арнайы зердеден өтпегенімен, жалпы «құндылықтар» категориясымен «педагогикалық технология» мен бірлі-жарым «білім игерудің инновациялық технологиялары» сыңайында алғашқы қадамдар қаланғанын жоққа шығара алмаймыз. Десек те, білімді әрбір индивид өзіне құндылық деп есептеу қалпына түспегенін аңғарамыз.

Л.С. Выготскийдің тұлғалық болмыстың рухы әрбір оқыған нысанынан авторлық ұстаным ізгілігінен сұрыптап отыру әрекетін дағдыға айналдыру процесін зерттеген. Тұлғаның психологиялық қалпы оқу іс-әрекетінде өзіне пайдалысын жинап отыру перцепциясын жаттықтыруымен құндылыққа қол жеткізу амалдарын ашып берген [8].

Сондай-ақ, білім беру бағдарламалары мен технологияларын іске асыруға жаңа тәсілдерді енгізу тетіктерінің әзірленбеуі, педагогикалық және басшы кадрлардың жаңа жағдайларда тәрбие жұмысына жеткіліксіз дайындығы әсер етеді.

Жастардың түрлі бастамашыл жобалары білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттың талабы бойынша білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен бірегейлігін дамытуды іске асырудың маңызды тетігі болып табылады [9]. Демек, аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін оң дамытуда маңызды. Алайда, қазақстандық білім беру мекемелерінің тәжірибелік жұмысының талдауы жастардың бастамашыл жобаларының педагогикалық мүмкіндіктері аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту тетіктерінің бірі ретінде білім беру жүйесіндегі білім-тәрбие кеңістігінде жеткілікті түрде пайдаланылмайтындығын көрсетті. Осыған байланысты, білім беру-тәрбие кеңістігі жағдайында жастардың бастамашыл жобаларын іске асыруға ғылыми негізделген тәсілдерге шұғыл қажеттілік туындап отыр.

Аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлік мәселелеріне мына шетелдік зерттеушілердің жұмыстары арналған: А. Смит [10], М. Грох [11], Б. Андерсон [12], Р. Брубейкер [13].

Қазақстандық зерттеушілер М.Е. Ержановтың [14], Р.Б. Әбсаттаровтың [15], Н.А. Асипованың [16], Қ.Б. Жарықбаевтың, Ж.Ж. Наурызбаевтың [17], К.Ж. Қожахметованың [18], Б. Хасановтың [19], А.Д. Сыздықбаеваның [20] және т.б. ғалымдардың қазақстандық ұлттық бірегейлік мәселелеріне арналған.

Ғалымдардың қазіргі психологиялық-педагогикалық жұмыстарында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту тетіктерін анықтайтын және нақтылайтын зерттеулер толық көлемде ұсынылмаған. Осыған сай, мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту тетігін әзірлеу ерекше маңызға ие болып отыр.

Зерттеу еңбектеріне жүргізілген шолулар шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғылымда білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін жобалық оқыту арқылы дамыту мәселесімен байланысты проблемалардың тұтас кешенін шешуге бағытталған құнды зерттеу тәжірибесі ұсынылғанын көрсетеді.

А.Н. Леонтьев, Р.С. Немов, С.Л. Рубинштейн тұлғаның ішкі, жасырын қабілеттерін процестік қарым-қатынаста сыртқа шығару, оның бар мүмкіндігін оқу іс-әрекетінде ұтымды түрде ілгерілету сияқты субъективті тұстарына көңіл бөлген зерттеушілер.

Отандық психологтардың жалпы психология нысанына қатысты еңбек жазғандар: Қ.Б. Жарықбаев, Ж.И. Намазбаева. Аталған зерттеушілер психологияның құрылым-жүйесін, түйсіктің жүйке нүктелеріне қатыстылығын, сезімнің түрлерін, аффектілі жағдайда оқу іс-әрекетіне келер зиянның салдарын айқындап, зер салудың мәніне дәйекті тұжырымдар қорытқан. Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаев этнопсихологияның ерекшеліктерін айқындап, ілгерілеу траекториясына қандай сезімдер көмек беретініне тоқталған. «Саңылау сезім», «Соқыр сезім», «Ой сандығы», «Силлогизм», «Жұлма жад», «Пәлсапалық жад», «Индукция», «Дедукция», «Ұқсасын табу» және т.б. ұғымдардың қолданылу аясын нақтылы ситуациялармен дәйекті негіздемелер құрған. Сонау ХХ ғасырдың бас кезінде жазылған бұл еңбектер бүгінгі аксиологияның ізгілікті ұстанымына бағдар жасарлық қуат-күші бар екені зерттеу барысында байқалды. Аталып отырған зерттеушілердің ізбасары ретінде С.М. Джакуповтың [21] психология ғылымына қосқан үлесі зор. Индивидтің өз-өзімен диалогқа түсуінің біліми құндылықты ғылыми дүниетаныммен ұштастырар тұстарына нақтылы тағылымдық тұжырымдар құрған. Оқу процесіндегі психологиялық хал-ахуалдың құрылымдық негізін паритетті, тепе-тең дәрежеде жүргізудің үлгісін жасаған.

Аксиологияның тарихи-біліми игеру процесіндегі көрініс беруін зерттеу барысында оның алғашқы «құндылық» ретіндегі мәні ХІХ ғасырдың орта шенінде Ресей және Қазақ елінде ғана айқындалған. Бұл еңбектің мәні ізгілікті-антропологиялық құндылығы басымдықта алынып, оның іске асырылу нысаны тәрбие-тәлім екені анықталды. Ретроқағидамен зерделенген бұл тұжырымнан ХХІ ғасырдағы аксиологиялық парадигмаға қатысты «Рухы биік тұлға» келбетін өркендете аларлық сапада ғылыми-әдіснамалық негізі көрініс бермегенін аңғару қиындық келтірмеді. Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбегін талдау барысында төмендегі қайшылықтарды анықтадық:

1. Бұл жағдайда, қазіргі замандағы Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі аксиологиялық парадигманың ХХІ ғасырдың басындағы қоғамдық

педагогика ретінде көрініс беруі мен оның тұғыры ұлттық бірегейлікті жобалық оқыту арқылы даму құндылығына ұстаздардың кәсіби-тұлғалық келбетінің унификацияланбауының арасындағы.

2. Аталған тағылымды жүзеге асырудың сұранымы мен ішкі ойлау өнерін ұдайы білім алушылардың өздігінен өркендетудің қажеттілігін тудыра алу шеберліктерінің жетіспеушілігінің арасындағы.

3. Білім берудің жаңартылған аксиологиялық парадигмасы мен оның ұлттық бірегейлігінің тұтастықта жобалық оқыту арқылы технологиясымен дамымауының арасындағы.

Жоғарыда сараланған қайшылықтарды шешу процесін тұғырлы іске асыруда ХХІ ғасырдың басында Қазақстан Республикасында рухани құндылыққа жаңа философиялық-педагогикалық жүйедегі дүниетанымды қалай өркендету керек? – деген мәселелі сауал туындады. Аталып отырған көкейкесті мәселені нұсқалы шешудің амалдарын қарастырып, ғылыми жұмыстың тақырыбын «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» деп белгіледік.

**Зерттеудің мақсаты:** жобалық оқыту арқылы ұлттық бірегейліктің аксиологиялық парадигмасын дамыту моделін құру және оның тиімділігін эксперименталды түрде тексеру.

**Зерттеудің нысаны:** білім алушылардың жобалық оқыту арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту процесі.

**Зерттеудің пәні:** білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту жобалық оқыту арқылы және оны жүзеге асырудың технологиялық тәсілдері.

**Зерттеудің болжамы:** Аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігі айқындалса жобалық оқыту арқылы оның әдіснамалық негізі сараланса, білім алушылардың жобалық оқыту қызметі арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті іске асырудың тәсілдері мен модельдері технологиялармен құрылса, онда педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигма ұлттық бірегейлікпен жобалық оқыту арқылы жүзеге асады.

**Зерттеудің мақсаты мен пәні, жасалынған болжамына сәйкес зерттеудің міндеттері** анықталады:

1) аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікпен дамуының ғылыми негізін анықтау;

2) білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытудың психологиялық мәнін ашу;

3) білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікпен дамыту процесін жобалық оқыту арқылы оқытуды жүзеге асыру;

4) білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікпен іске асыруының мүмкіндіктері мен тәсілдерін айқындау;

5) аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамытудың тұжырымдары мен білімденудің инновациялық технологияларын ұтымды қолдану;

6) жобалық оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін құру;

7) білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделін жобалық оқыту арқылы эксперименттен өткізу.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды білімденудің жобалық технологиялармен оқытуды іске асыру, білім философиясының парадигмалық түрлерін: алгоритмдік, стохастикалық (мүмкіндік теориясы) аксиологиялық парадигма **ықпалының** болуын ескеру.

Өзіндік жобалық оқыту арқылы тұжырымдардың тірек көзі бағам жасауы. Қазіргі бәсекеге қабілеттілікті, құзыреттілікті, кемелділікті әдіснамалық негіз арқылы меңгерулеріне және дербес тәуелсіз тұлға болуларына жағдай туғызылды.

**Зерттеудің тағылымдық және әдіснамалық негізін құрайтын теориялар:** білім философиясын, педагогикалық, психологиялық негіздерін, тұлғаның өз-өзін құндылық ретінде есептей алуын, оның әлеуметтік және атқарар қызметінің мәнділігін ізгілікті-аксиологиялық біліми парадигманы феномен сапасында зерттегендер: Л.С. Выготский, П.С. Гуревич, В.И. Загвязинский, М.С. Каган, П.Ф. Каптерев, В.А. Сластенин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және т.б.

Аталып отырған көкейкесті мәселелерді шешудің әдіснамасын құрған ғалымдар: аксиологиялық парадигма кіріспе ретінде педагогикалық қызметті танудың мәселесін генетикадан қарастырып, оның жүйе-тұтастық тұғырын анықтағандар, әлем жайлы құбылыс пен үдерісті анықтап, оның эмпирикалық мәнін ашқандар, білімнің сабақтастық қағидасына басымдық бергендер, тарихи қағиданың өзгертілімдік қалпын қарастырғандар, білім алушының субъектілі тұрпатын зерделегендер: Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, М. Әуезов, С.И. Архангельский, В.В. Краевский, Ф.Ф. Королев және т.б.

Аксиологиялық тұғырдың тағылымы мен педагогика кеңістігіндегі тәжірибесін зерттегендер: И.Ф. Исаев, В.А. Сластенин, А.И. Мищенко.

Тарихи-іс-әрекеттік қызметтерін қарастырған, өркениеттілік пен парадигманы анықтағандар: М.М. Бахтин, В.С. Библер, Т. Кун, Б.Г. Корнев, В.С. Ильин.

**Зерттеудің әдістері:** философиялық білім, психологиялық тарихи әдебиеттерді зерделеу, нұсқалы-генетикалық әдісі, жүйе тұтастығын сақтау әдісі, жүйелеу, фактілерді жинақтау, құжаттармен жұмыс, әдебиет көздерін саралау, жобалау, үлгілеу, матрицаға салу, педагогикалық тәжірибені прагматикалық іскерлікпен байланыстыру әдісі, анкета алу, тесті өткізу, байқау, бағамдау әдістері.

**Зерттеудің базалық көздері:** педагогика классиктерінің еңбектері, білім философиясын құрған жұмыстар, психология мәселелерін ойлау мүмкіндігіне тәуелді деген тұжырымдар диалектикалық материалдар, білімденудің жобалық оқыту технологиялары жайлы жарияланымдар. Аксиология мәселесіне арналған

оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар, жоспарлар, заңнамалық жинақтар.

Павлодар қаласы Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебі; Павлодар қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі; БІ. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия – интернаты; Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия.

### **Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

**Бірінші кезеңде** (2017-2018) отандық және шетелдік авторларды зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиетке теориялық талдау жүргізілді, зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппараты анықталды, зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайы зерттелді, білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделі әзірленді және ғылыми негізделген, диагностикалық құралдар дайындалды.

**Екінші кезеңде** (2018-2019) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны анықталды, тәжірибелік-эксперименталды жұмыс барысында «Жобалау оқыту қызметі арқылы орта мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделі» іске асырылды.

**Үшінші кезеңде** (2019-2020) әзірленген модельдің тиімділігіне талдау жүргізілді, математикалық өңдеу жасалынды, алынған нәтижелерді жинақтау және жүйелеу жүзеге асырылды, қорытындылар жасалды, зерттеу нәтижесінде алынған материалдар диссертациялық жұмыс ресми түрінде орындалды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:**

1) аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікті дамытудың ғылыми негіздері анықталды;

2) білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуда жобалық арқылы оқытудың психологиялық мәні ашылды;

3) білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікпен дамыту процесін жобалық оқыту арқылы жүзеге асырылды;

4) білім алушылардың жобалық оқыту арқылы оқытудың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін іске асыруының мүмкіндіктері мен тәсілдері айқындалды;

5) білім алушылардың аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамытудың тұжырымдары мен білімденудің жобалық оқыту технологияларының өнімді амалдары сұрыпталды.

6) жобалау оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың алдыңғы тұжырымдары негізінде моделі құрылды.

### **Зерттеудің теориялық мәні:**

Қазақстан Республикасында аксиологиялық парадигманың көрініс беруінің басымдық мәнінің анықталуы және оның басқа парадигма түрлерімен өркендеуі зерделенді.

«Жобалау арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделінің» онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық негізде сомдалуының тағылымы ұсынылды.

**Зерттеудің практикалық мәні:** білім алушылардың жобалық оқыту арқылы оқытуда аксиологиялық парадигманың білім беру жүйесінде қолданылуының алгоритмі құрылып, оның эмпирикалық және эвристикалық, стохастикалық парадигмамен іске асырылуы қарастырылды. Бұл материалдар базалық және қосымша педагогикалық білім мен оқу материалдарын даярлауға көмегін тигізері эксперименттен тексерілді.

**Зерттеудің дәйектілігі мен дәлдігі** алынған нәтижелер әдіснамалық ұстаным тұрғысында нәтиже берерлік мәнде рефлексиядан өткізілді: өнімді әдістердің өзара кешенді байланыстылығы, қойылған мақсаттың ақиқатқа сәйкестілігі, гипотезадан міндеттердің туындауы, ғылыми жұмыстың ғылымилығы, қорытындылардың қайталанбауы, тәжірибенің прагматикалық шеберлігі арқылы дәлелденді, жұмыстың кезеңдері жазылады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

– бірінші қорғауға ұсынатын қағида ретінде аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамытудың әдіснамалық негізіне тірек көзі ретінде ғылымилықпен, сабақтастық қағидамен кемеңгерлер мен данышпандардың еңбектеріндегі «Ұлтық болмыс» ретроқағидамен зерттелінді;

– екінші қорғауға ұсынатын қағида ретінде білім алушылардың перцептивті қабылдауларының ұлттық бірегейлікті дамыту психологиялық мәнде жүзеге асырылды;

– үшінші қорғауға ұсынылатын қағида білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуды жаңа бағытта өзгертілім қағидасымен жобалық оқыту арқылы зерделенді;

– төртінші қорғауға ұсынылатын қағида білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті іске асыруының мүмкіндіктері мен тәсілдері сараланды;

– бесінші қорғауға ұсынылатын қағида білім алушылардың аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлігін дамытудың тұжырымдары мен жобалық оқыту технологиялары сұрыпталды;

– алтыншы қорғауға ұсынылатын қағида білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін жобалық оқыту арқылы дамытудың моделі құрылды.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі** автордың бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтықтарын пайдаланумен, зерттеуде қойылған міндеттерге, ішкі сапалықпен және зерттеу логикасының қарама-қайшы еместігімен; алынған тәжірибелік-эксперименталды нәтижелердің математикалық статистика әдістерімен өңделуімен; зерттеу болжамын оның нәтижелерімен растауымен байланысты.

**Зерттеу нәтижелерін апробациядан өткізу және тәжірибеге енгізу:** халықаралық-ғылыми практикалық конференцияларда (Өскемен, 2019; Өскемен, 2020; Өскемен, 2021; Павлодар, 2022; Новосибирск, 2022; Қарағанды, 2022) – 4 жарияланым; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (КеАҚ «Торайғыров

университетінің хабаршысы», педагогикалық сериясы; «Қарағанды университетінің хабаршысы», педагогикалық сериясы) – 4 жарияланым; нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналдарда ақпараттық базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 2 жарияланым және 1 монография.

**Жұмыстың көлемі мен құрылымы:** диссертациялық жұмыстың құрамына негізгі бет, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді.

**Кіріспеде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны, пәні, болжамы мен міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, базалық көздері мен кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәнділігі, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, зерттеу нәтижелерінің апробациялауы дәйектелді.

**«Білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейліктің дамуының теориялық – әдіснамалық негіздері»** атты бірінші бөлімінде отандық және шетелдік авторларды зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиетке теориялық талдау жүргізіліп, зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппараты анықталып, зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайы зерттеліп, мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту негізделіп, педагогикалық мәні нақтыланды.

**«Жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін педагогикалық процесте дамытудың моделі»** атты екінші бөлімінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны анықталды, зерттеу міндеттерін шешу барысында білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту процесінде еңбегіміздің моделі құрылып, ғылыми тұрғыда негізделді.

**«Білім алушылардың жобалау оқыту арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысы»** атты үшінші бөлімінде тәжірибелік-эксперименталды жұмыстың нәтижелері келтірілген: қолданылған диагностикалар құралдар сипатталған, зерттеудің анықтаушы кезеңінің нәтижелері ұсынылған, қалыптастырушы эксперименттің логикасы ашылды, зерттеудің қорытынды кезеңінің нәтижелері сараланып талданды.

**Қорытындыда** жүргізілген зерттеудің әр бөлімі бойынша теориялық және практикалық нәтижелері қорытылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың көрінісі жазылуда.

**Қосымшаларда** зерттеудің тәжірибелік материалдары ұсынылды.

# **1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1 Білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейліктің даму негіздері**

«Аксиология» қоғамдық ғылым ішінде педагогика және психология саласында айрықша маңызды орынға ие болып отыр. Қоғамдық пәндер ішінде педагогика ғылымында ХХ ғасырдың аяқ шенінде, ХХІ ғасырдың бас кезеңінде аталған ұғым, аксиология көпқырлы зерттеу пәні сапасында қолданысқа ие болды. Аксиология, «құндылық» ғылыми еңбектерде педагогикалық және психологиялық салалардағы кейбір уақыт пен кеңістікке қатысты айтылған сыни бағамдарды ескеру қиындық туғызып отыр. Жаңа өнім тудыру процесіндегі кездесетін түйіткілді кедергілерді жеңуде дағдарысқа ұрындырып, салдарынан аксиологияның ғылыми пәндегі беделін түсіріп келгені анықталды. «Аксиология» ұғымына тосырқай қарап, оны «сән» қуған сапада қабылдау – біздің қазіргі қоғамымызға тән үрдіс.

Қай ұлыс, ұлт, халықта болмасын «құндылық» ұғымы ғылыми тұрғыда зерделеніп келгенімен, «аксиология» мәнін айқындау үдерісі тек ХХІ ғасырда айрықша ғылыми айналымға түсті.

Жоғарыда айтылған пікірлерімізді біздер құндылықтың тағылымдық-әдіснамалық негіздері педагогика нысанында жете зерттелмей келгенін көріп отырмыз. Бұл көкейкесті мәселе қоғамдық танымдағы күрделі жағдайларға сәйкес қарастырылып отырғаны анықталды. Мұның өзі философия ілімінің қазіргі кеңістігі мен уақытына үндес екені айқындалды [22].

Аксиология мен парадигма ұғымы қатарынан қолданымда екенін ескерсек, «парадигма» ұғымын әр зерттеуші өзінің таным-түсінігінде анықтаған. Т. Кунның танымында бұл ұғым ғылымның тарихи қалыптасуындағы өзгерістер мен түсініктер тұрғысында дәлелденген. Парадигма қатаң құрылған бағдарлама есебінде талданған. Оның өзі ғалымдар ұйымдарын біріктіріп, олардың әрқайсысының қызметін анықтайтын нысан екендігі дәйектелген. Нәтижесінде, парадигма белгілі бір ғылыми зерттеу жұмысының үлгісін құрайтыны көрсетілген. Осындай қызметті үлгінің ең басымдық мәні деген ой-пікірге тоқталған. Т. Кун парадигманың құндылыққа қатысты қолданымын айқындай отырып, оның сенімділік туғызар рөліне қызмет етер құралын, межесін, әдістерін ғылыми айналымға енгізуінің мүмкіндіктерін анықтап бергені байқалды.

Т. Кунның бұл тұжырымдары тек жаратылыстану мен философия ғылымына ғана емес, оның қоғамдық пәндеріне де қатысы айқындалған. Бұл жағдайда, Т. Кунның тұжырымдарына екпін жасар тұсы – ғылыми танымға қатысты болашақты нұсқалы болжай аларлық факторлардың ықпалының әсері. Эвристикалық парадигма Т. Кун түсінігінде пікірталасты екі ілімнің қосындысы, интеграциясы тұрғысында туғызатыны және олардың бір жағынан қоғамдық, екінші жағынан жаратылыстану ғылымдарының интеграциялық танымындағы көлеңкелі тұстары жіктелген [23]. Көрсетіліп отырған бұл ғылыми пайымдама

біздердің еңбегімізде тірек көзі боларлық нысан демекпіз. Екі түрлі мәндегі ғылымдардың интеграциясы қатарынан қолданымға түсуінде қайшылықтардың туындауы – диалектикалық заңдылық. Оның басты себеп-салдары аксиологиялық парадигма ұлттық бірегейліктің білім кеңістігіндегі рөлін тұтастай жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді көздейді. Міне, осы тұста заманауи мүддесіне сәйкес біріздендіру білім беру бағдарламасы бар ма? – деген проблемалы-зерттеушілік сұраққа жауап іздеу мәселесі өз-өзінен қажеттілікке айналады. Т. Кун дәйектемесін білім беру ғылыми тұжырымдарға қарсы келер жағдайлардың көлеңкелі тұстары айқындала түседі. Нақтылап айтсақ, психология және педагогика ғылымдарының танымында аталған Т. Кунның парадигма жайлы ғылыми тұжырымдары біздердің авторлық тұрғыда аксиологиялық танымның парадигмасын ұлттық бірегейліктің мектеп қабырғасында дамуына нендей нысандарды қарастыру қажет деген сауалға зерттеу жүргізуді міндеттейді. Т. Кунның аталған тұжырымдарына Платонның алғашқы рухани және заттық әлемнің өзара байланыстарының қатыстырылуы тұрғысында ашқан ғылыми жаңалықтарын тірек көзі ретінде пайдаланғаны анықталды. Мұның өзін Т. Кун қабылданған ғылыми жетістіктің белгілі бір уақыт пен кеңістікке бағдарланған қоғамтану тұрғысындағы бірлестікте туындаған мәселенің моделі мен оның шешілуі ретінде зерттеген. Қазіргі ХХІ ғасырдың бас кезіндегі ғылыми зерттеуге қажетті тұжырым тұғыры осындай ғылыми негізде келуіне мән береміз.

Г. Санки Австралия ғалымы Т. Кунның парадигма жайлы ғылыми еңбектерін қазіргі заманның қажеттілігіне таптырмайтын жаңалық екенін дәйектеуші [24]. Г. Санки Т. Кунның ғылыми танымын алға ілгерілетуші, ол Т. Кун еңбегінің шеңберінде қалмай, оның парадигмалық тұрғыдағы ой-түйіндерін дамытуға үлес қосқан зерттеуші.

Ресей философы В. А. Шкуратов [25] Т. Кун мен М. Фуконың [26] еңбектеріндегі парадигма жайлы тұжырымдарының бір-бірінің сәйкестігін дәлелдей отырып, герменевтикалық әдістің ұтымды қолданылу тұстарын жіктеп, оның парадигмалық үлгісін ұсынған. Бұл еңбекте де педагогика және психология пәндеріне қатысты ғылыми тұжырымдар жоқ, оның орнына барлық алдыңғы зерттеушілер тәрізді қоғамдық-гуманитарлы парадигманың аналогы сапасында зерделенген.

Т. Кунның зерттеу еңбектеріндегі басымдық берген рухани құндылық пен парадигма нысандарындағы білім философиясы тұрғысында қарастырылғанын байқадық. Бұл орайда, біздер аталған екі ұғым интеграциясы білім мазмұнына аксиологиялық парадигма тұрғысында зерделеу қажеттілігінің өткір көкейкесті мәселе екеніне екпін жасадық. Егер тақырыбымызда аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамуының тағылымын сұраптауды іске асырсақ, онда біздер кемеңгер-данышпандар еңбектеріндегі рухани құндылықтарға парадигма мен саралау процесін іске асырудың мәнділігін дәйектеуге бағам жасаймыз. Бұл жағдайда, біздер Әбу Насыр Әл-Фараби ілімінен бастау алған бірталай ғұламалар еңбектерінің білім алушылар танымын

аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамуының тағылымын білім мазмұнына тірек ретінде алуды жөн деп есептейміз.

Бірінші аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікке қызмет етер Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектеріндегі тағылымдық негіздер.

Ғұламалар мұралары адамзат ілімінің ұдайы ұлғаюына ой-парасатының тереңдеуіне білім мен тәрбиені тұтас меңгеруіне оның қажеттігін түсінуіне өшпес зор еңбек сіңірген кемеңгерлердің көшбасшысы – Әбу Насыр Әл-Фараби [27]. Әл-Фараби еңбектерінде ерекше назары ұлттық санасына аударған.

Ұлттық сананың кілтті ұғымы – ұлттық код. Ұлттық код жайлы зерттеушілердің еңбектерінде алдымен, тұлғалы болмыс, тағылым танымы, рухани құндылық секілді құрамдық бөліктері бар екені анықталғанына да талай уақыт өтті. Сондықтан көпшілік қауым санасында тарихи процестерді меңгеріп, тұлғаландыруды рухани жаңғыру іс-әрекетін қажетті бағдарға ыңғайлау қиындық келтіргені байқалды. Адам тұлғасы рухани келбетін өркендету халықтық дәстүрдің ең сүзгіден өткен түрлерімен ілгерілегенде ғана тарихи-әлеуметтік жағдайлар қоғамды ілгерілендіруге мүмкіндік бермек. Тұлғаның рухани келбеті халықының гауһар құндылықтарына баулуы – бүгінгі ХХІ ғасырдың алға қойып отырған талаптарының бірі.

Әл-Фарабидің «Бақытты қала», «Қайырымды қала», «Ізгілікті қала» ұғымдары қазақстандық ғалым-зерттеушілердің зерттеулерінде кездесетін аталымдар. Бұл ұғымдар бір-біріне семантикалық тұрғыда жуық, жақын десек те, ғұламаның тағылымдық танымының жақын аймағына) – дәл келер ме? – екен деген сауал кімді болмасын мазалауы мүмкін. Біздердің пайымымызда, «Бақытты қала», құрылса, кейінгі екі қала атауларының мазмұндары өз-өзінен айқындалары хақ. Себебі «бақыт» ұғымы, «ізгілікті жан» және «қайырымды қала» секілді модельдерді қамтиды. Егер қала басқарушы тұлға қарамағындағы тұрғындарының бақытты болуына қам жасаса, ондай нәтижеге қол жеткізері түсінікті. «Бақытты қала» құратын алдымен тұрғындарының әлеуметтік хал-ахуалын жақсартуға, олардың надандық деңгейде болмауына жағдай туғызу тұрғысында әрекетшіл интеллектісін іске қосуға автор бағам жасаған. Әбу Насыр Әл-Фараби танымында тектіліктің жоғары дәрежесіндегі адам болуы тиіс, оны басқа адамдар билей алмайды, өйткені ол басқару өнерінің шыңына, биігіне жеткен өнерлі жан деп көрсеткен. Басқа бір топты өнерлі адамның қызметі басқарушының өнерінен қалыс болып келеді. Бұл ой-тұжырымымызды сараласақ, басшының өнері сондай өнер, барлық басқа өнер соның мақсатына, мүддесіне тәуелді болып қалатыны дәлелденген.

Әбу Насыр Әл-Фараби «Бақытты қала», туралы еңбегінде сол қаланың тұрғындары жайлы тұжырымдарының алар орны ерекше. Данышпан қала тұрғындарына ортақ мәселелері жайлы тұжырымдарын саралай келе біздер төмендегідей көрсеткіштерді ұсынамыз:

- мемлекеттік тараптағы атрибуттарын білуі тиіс;
- басшы тұрғындарының бақытқа жетуіне сенімді болуы;
- қиыншылық тұстарда, қазаға кез болғанда, қандай күй кешетіні жайлы хабардар болуы;

– қайырымды халықтар және оларға қарама-қарсы халықтар жайлы түсініктерінің болуы;

– бұл жағдайда, мұның бәрі мынандай екі әдіспен зерделенді, бұл заттар олардың жан жүйесінде нақты өмір сүрген күйінде бейнеленеді;

– екінші – жан жүйесінде ұқсастық немесе еліктеушілік арқылы бейнеленеді;

– даналар бұндай өнер биігіне өздері көтеріле алады;

– даналардан тағылым алушылар, соларға сенім артып, бұл мәселені көргендей қабылдануы;

– басқарушы мен қарамағындағы адамдардың сенетін бақыты, көздейтін міндеті бір болғанымен, олардың діндері әртүрлі болуы мүмкін. Бұның өзі жалпы заттар, заңдылықтар арқылы танылғаннан кейін, бұлар жөнінде ешқандай талас болмауы;

– еліктеуші қасиетке ие болғандар арасында даулы нәселерді байқағаннан тоқтап қалушылардың категорияға бөлінуі:

– жетекшілікке зәрушілік;

– әрдайым белгілі бір сатыдағы түсінік, қате болып шыққан сайын, ол неғұрлым жоғары сатыға көтеріледі;

– қайырымды, бақытты қала құрылысының өзгеруі, бұрмалануы жалған білгіштердің алдауы арқылы басқаша сапаға ауысуы;

– аталған бұрмалау олардың надандық және сұмпайы мақсатына жетуіне бөгет жасамауы үшін істелінуі;

– түсініктерде, ұғымдарда талас тууының нәтижесінде, оның бәріне жалған деп білетіндердің тағы бір категориясы бар, қайсысы ақиқатқа сәйкес екенін ажырата алмауы;

– нағыз ақиқатты жалған деушілік жоғарыдағы талас пікірлерге жөн сөз, тұғырлы дәлелдің болмауы.


Қорыта келгенде, Әбу Насыр Әл-Фараби логика нысанынан интеллектінің төрт түрін актуальды интеллект, әлеуетті интеллект, әрекетшіл интеллект жүре келе дамитын «Бақытты қала» құрылысын салу мағынасына пайдалану деп түсіндіреді. Бір басшының өзі ешбір жанға тәуелді болмай, оның үстінен үкім айтып, билік жасайтын қауқары халық арасынан шықпайтыны оның интеллектісінің бай болуымен байланысты деп ой-түйін жасауымен байқалады.

Махмұд Қашқари жастарды өз бақытын құра алатын күресте жеңетін адам болуының маңыздылығын дәйектеп берген [28]. «Сөздік» лұғатының мәнін «тас жүрек болма», «без бүйрек адам тойымсыз, тойымсыздың жазасы ауыр», «дүниеқоңыздық апатқа апарады». «Өлім желкелеп тұрса, одан қашып құтылар адам бар ма?» - сияқты нұсқалы пайымдамалар жақсы мен жаманды, асыл мен жасықты, гауһар мен кристалды және т. б. ажыратудың индикаторы іспетті келтірген. Бұл сөздікте батырдың күші қасқырға, момын халық қойға теңеледі. Бұл мағынаның да алар орны ерекше. Әр адамның дәулеті алға ілгерілеуіне қой мінезді болудың қауіпті екенін білдіріп тұр. Дегенмен, оны тура мағынасында қабылдаудың өзі жаңсақтыққа апарады.


Қазіргі Түркістан маңындағы Иүгінеки қыстағынан шыққан Ахмет Иүгінеки «Хибатул халайық» (Ақиқат сыйы) атты барлық түркі тілдес халықтарға ортақ дүние болып табылады. Фәниге зағип, көзі көрмейтін болып өмірге келген Иүгінеки дүниелік жайлы тірішіліктегі әсемдікті, өмірдің мәңгілігін, адамгершілік пен имандылығын, ізгі істерді, қарапайым адамдардың ұнамды іс-әрекетін, жарасымды да үйлесімді мінез-құлықты дәйектемелі дәлелдермен саралаған [29].

Хас Хажиб Жүсіп Баласағұнидың еңбектерінде сапалық негізінің ізгілікті желісі қалай жіктелген? Оның жүйесін автордың бәйіттерінен табамыз (1-сурет).

### *Бәйіттердің алгоритмі, индикаторы*



Сурет 1 – Жүсіп Баласағұни еңбегіндегі ізгілікті жан үлгісі, парақ 1



Сурет 1, парақ 2

«Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл» Жүсіп Баласағұни тағылымының түйіні [30].

Жүсіп Баласағұнидың бұл «Құтты білік» еңбегіндегі ғылыми тұжырымы төрт құбыладан тұратыны ескерілді. Оның біріншісі – мемлекет шығарған Заңның әділ болуы; екіншісі – Дәулет жию Парасатқа тәуелді екендігі; үшіншісі – интеллектінің ішкі парасат жиынының қорлануы; төртіншісі – барлық үштіктер ұдайы ілгерілеу процесінде болғанда бір тұйықтықта айтуы. Міне, осы төрттік адамның заттық та, рухани байлықтарының жүйелі тұрғыда дамуын дәйектейді.

Қожа Ахмет Иасауи еңбегіндегі шығармадағы «көңіл бағы», «көңіл құсы», «топырақ сипаты», «күйген көбелек», «махаббат бостаны», «махаббат базары», «көзі сынық», «бостандағы бұлбұл», «ізіңе гүл өнсің», «ит нәпсіні өлтіру», «қызыл жүзін салдырар» тәрізді бейнелі сөздерді жеке-жеке бөліп-жарып талдау дұрыс емес. «Диуани хикмет» – тұтас дүние. Оның ішкі кіші жүйелері мен бөлік-бөлшектерін жұлып алуға, оған жеке бағам беруге болмайды. Себебі, пәлсапалық тұжырым мен диалектикалық тағылым-еңбектің негізгі субстанциясы.

Шығармадан жүрегіңізге ұстап қалар негізгі мақсат – Жұмақ пен Тамұқ, Жұмақ пен Тамұқ туралы көптеген адамдардың қалыптасқан түсінік-тұжырымдары философиялық (философияға қайшы) тұрғыдағы түйіндері бар [31].

Қожа Ахмет Иасауидың ой-тұжырымдары төрт құбыладан тұратынын ұмытпағанымыз жөн. Бұл Екінші дәптердің барлық маңыздылығы – төрт құбылада. Ол құбылалардың анықтамасын былай жіктейміз:

Мағрифат – сауаттану, ағарту, ғылым, білім.

Тарихат – жол, жүйе, сенім, қағида,

Хақиқат – хақ, шындық, дәлел-факт,

Шариғат – ислам дінінің заңы.

Аталған тұжырымдар діни бағамға ғана қызмет етпей, ол аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуға тигізер үлесі зор.

Шоқан Уәлиханов – өз халқының өмірін жеке зерттеп, кең даласы мен дарқан халқын басқа елдерге жеткізу болған, оны төмендегідегі түзілімнен байқаймыз:

1. Қазақ халқының психологиясын айтыс өнері, адамның құйылдыра жырлау, суырып салма сияқты ұшқыр ой-пайым үлгісінде ауызша айтылған, қиыннан қиыстырылған еңбектер арқылы көрсетілетінін айтып беруі.

2. Осындай қасиеттің болуына ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызы көп ашық аспанды, сұлу табиғат әсер еткені жайлы ой-түйіні.

3. Қазақтың барлық сенім, әдетімен, ойын – сауығымен, әр кезде жасаған адамдардың тарихи мәні бар оқиғаларды баяндайтын поэтикалық құны ерекше аңыз, өлең-жырларды шығаруымен сауыққа құмарлығымен ерекшеленуі.

4. Қазақ халқының өз батырлары туралы деректерді бұл күнге дейін бұрмалаусыз сақтауы, ауызша ел тарихының дүйім жұртқа таралуы, ақылға сыймсыз оған берілген дәлдігі, дәйектілігіне таң-қалуы.

5. Халықтың психологиясын білдіретін индикаторы ретінде сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері екендігін бөліп көрсетуі.

6. Халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы бәрінен де артық тілден көрініс табуына көңіл бөлуі.

7. Қазақтың ұлттық психологиясын ерекше көрсету мақсатында Орта Азия, Шығыс Түркістан халықтарының тіршілік тұрмыстарында өздеріне ғана тән, ұлттық кодына сай еңбектерін орыс тілінде бүкіл әлемдік ғылыми ортаға паш етіп әйгілеуі [32].

Психологиялық пікірлердің педагогика ілімімен тәлім-тәрбиелік көзқарастармен тығыз байланысты болып келуіне екпін жасалуы;

1. Қоғамдағы зұлымдық істерден бойын аулақ ұстаудың бір жолы – адамгершілікті жеке мақсатын халықтың мүддесіне бағындыра білетін, озат прагматикалық, парадигмалық көзқарастың қалануы.

2. Өршіл педагогиканың негізін қалаған Чернышевский, Добролюбов ілімдерінің қазақ даласындағы оқу ісіне пайдалы екенін түсінуге шақыруы, Еуропа елдеріндегідей жалпы білім беретін мектептердің ашылуын қолдауы.

3. «Қазақ даласындағы мұсылмандық туралы» еңбегінде татар молдаларының схолостикалық оқу жүйесін сынауы, білім мен ғылымға тұрмыс құруға үйрететіне мән бергені.

Байқап отырғанымыздай, біздер Шоқан Уәлихановтың тек ұлттық болмыс пен психологиялық ерекшеліктері жайлы айтқан пікірлері, адамдарға берген

психологиялық сындары, халықты мешеулікте қалмай, өркениетке ұмтылуы сияқты озықтық идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанға қажет екені өз-өзінен түсінікті.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығында педагогика білім жүйесінде ХХІ ғасырда зерттеушілердің көбірек тоқталатын нысаналары: «Адам болу», «Толық адам» сияқты философиялық тұғырлары. Біздің зерттеу еңбегіміздің аксиологиялық парадигмамен білім алушылардың ұлттық бірегейліктерін дамыту бағамына сирек ауызша айтылатын, бірақ ғылыми айналымға түсе қоймаған «Кемелді тұлға» концепциясы. «Толық адам» индикаторы ғұламаның танымында алдымен: 1) «хаят» тірі болу (өзің тірісің тірі болсаң да өліксің); 2) ғылыми пайым сол адамның тіршілігіне қажет қызмет етуі; 3) рухынды ұдайы көтеру (ғылымнан алған қуат көзі); 4) басар (көретінді көру); 5) самия (еститінді есту); 6) Ирада (тілеу, қалау); 7) кәләм (сөйлеуді саралап, нұсқалы қолдану); 8). Тәкин (болмайтынды білім мен ғылыммен болдыру).

Міне, осы «Толық адам» формуласы аталған компоненттерден тұрады. Абай Құнанбайұлының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікке білім философиясының тірек көзі мен іргетасы, ол – кемелді тұлға болмысын құру. Бұл тұғырдың индикаторы: 1. әділет; 2. жақсылық; 3. жәрдем; 4. махаббат. Аталған «Толық адам» болмысына Абай Құнанбайұлы осы төрт китті қосып, оған негіздеме жасаған:

1. Әділет – дүниені тануға білім мен ғылым жина деуі.
2. Рақым – адам баласы басқаларға өзі толысқанда жасайтын жақсылық.
3. Өзіңді қоршаған адам болсын, табиғат болсын мүсәпірлік халге түскенде жәрдем беру (ақсақ киік, нашар адам, аурулы адам, қанатсыз құс және т.б.).
4. Махаббат – алдымен адам барлық іс-әрекетіне сүйіспеншілікпен қарауы. Осының бәрін біздер кемелдікке бағдар жасар асыл істер деп айтамыз. Бұған қоса ғұлама ыждаһатты, ынтаны, талапты болудың мәнін айғақтайды. Төртке біздер үшті қостық. Бұл орайда, Абай Құнанбайұлы ғылыми пайымды өркендетуде ішкі және сыртқы ғылымды ажыратуға бейімдейді. Махаббат білім мен ғылымға тәуелді деп түсіндіреді. Жетілікке біздер екеуді қостық, бұнымен 9 компонент. Кемелдіктің нәтижесін ғұлама «Парасат, пайым, ақыл көзімен қара» деген ұстанымды ұсынған.

Мәшһүр Жүсіп жақсы сөздің Гауһарға бара-бар екені, адамның адамгершілігінің өзі сөйлеген сезінен белгі беретіні, тыңдармандарына ақын айтайын деген ойын өзінің қатысуымен ұштастыруы өлеңнің сарыны арқылы байқалады, бұл бүгінгі күннің де көкейкесті мәселесі. Әсіресе, ақынның өлең құдіретін түсінерлік қарапайым ел арасында кісінің табылуының өзі неғайбыл деген пікірінен сөз құдіретінің нөлге кеткенін аңғарамыз.

Шешендердің мәуелі ағашқа, ал сөздің тәтті жеміске балануы алдыңғы ойды ажарлай түседі.

Нарықтық қоғамға мойынсұнғысы келмейтін пенделердің пошымын Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы «кедейлік» пен «байлық» ұғымдарынан табамыз. Мәселен, «Адам екі түрлі» деген өлеңінде дидактиканың ішіндегі философиялық тұжырымды аңғарамыз [33].

Бірінші адам: өрік, мейіз ағашы сықылды жемісінен дүние жүзі баһра алады.

Екінші адам: терек ағашы сықылды, отқа отын болғаннан басқаға жарамайды, түйіспейді.

Жезге мыс, күміске алтын үйлеседі, түйіспейді; Ақ марал жайылмайды қабанменен, түйіспейді. Бірге ұшпас бұлбұл қарға; Өзіңнен дәрежесі артық жанмен; Орынсыз тайталаспа сөзге келіп. - Ғылым біл, жұмыс аузына ілініп бақ; - Өнермен жұрт аузына ілініп бақ; - Жұмсақ бол, жұғымды бол, болма қату. Өзіңді өзің қайғысыз қылам десей; Пайдасыз қалмағайсың алу-сату. - Һәмматсыз, нәмәрт асын жеп тойғаннан; Бетімен өлген жақсы аштан қатып. - Мың түрлі жақсы мінез көрсендеағы; Кісіге сыналмаған сенбегейсің. - Өзіңнен төмендіге мұқтаж болсаң; Нәрсе жоқ бұл жалғанда онан қиын.

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбегіндегі тұжырым бүгінгі жоғары оқу орнындағы оқытушы-профессорлардың оқыту іс-әрекетін интерактивпен өткізудің амал-тәсілдерін ақын өзінің осы әңгімесінің құрымына негіздеген сияқты сезінесің. Диалог, полилогты бір өзінің атынан келтіріп отырған өнер иесінің шеберлігіне таң қаласың.

Талап пен ақын өлеңіндегі пәлсапалық түйін:

I. Талап шапса ақылға мініп алып; Жақсы жаман бәріне бірдей салып. Анық ақыл адымен ашырмайды; Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып [34].

Бұл құбылыстан Адамның игілікті мақсатқа жетуі үшін құр талап жетімсіз екенін байқаймыз. Мұнда ішкі сезім көріністерінен гөрі танымға бейімдеу, салихалы істерге бағыттау приоритет. Ал ол қисынының әдемі өрілімімен беріліп тұр. Талап шапса ақылға мініп алып – символ, Жақсы – жаман бәріне бірдей салып – антитеза, Анық ақыл адымен ашырмайды – символ, тек төртінші жолда ғана тура мағынасындағы түйінді табамыз. Бұл құбылыста да жұмбақтау аңғарылады. Автор сабырдың қасиетін былай ашады:

Сабыр деген – әр іске шыдамдылық; Қатты керек адамға бұл бір қылық. Қолы жетпей талай адам ызданады; Осыдан көп шығады адамшылық.

Шәкәрім Құдайберді сақтықтың қасиетін былай өрнектейді:

Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек; Пайда ма, залал ма, – ескерілмек. Көргенін, естігенін есепке алса; Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Шәкәрімнің бұл тұжырымдарынан аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуға «ар+ұждан=сенім» формуласы шығады [34].

Мұхтар Әуезовтің білім философиясына қосатын тұжырымды тұғырлары -оның даму тарихын екі дәуірге бөліп көрсетуі. Алғашқы дәуір Аристотель, Эль-Фараби, екіншісі И. Кантпен тұйықтаған. Данышпан өзінің танымын философиялық негізге жүгіндіріп алғаны байқалады.

Адам баласының ғылымын екі түрге бөліп қарастырған. Бірі – күндік тіршілікке өте қажетті ғылым. Мұқтаждықтан, шарасыздықтан тіршілігіне нық байланған ғылымдар деп дәйектеген. Екіншісі – кең ақыл, ой, бағам, парасат, пайым. Бұндағы ерекшелікті терең қиял нұсқалы ғылымға бағынып, адамның жанын, рухын тәрбиелейтін нысан деп қабылдаған. Осының бәрі түптеп келгенде «философия» болады деген түйін айтып, ол ұғымның грек тілінде хақиқатқа

(ақиқатқа), даналыққа құмарлық дегенді аңғартады деп тұжырымдаған. Осындай келелі концепциясын ұсынып, Мұхтар Әуезов оның пайдалы тұстарын былай түзген: адамды ұсақтықтан, бойкүйездіктен, басқа әртүрлі мінезсіздіктен құтқарады деп есептеген. Адам қай қоғамда өмір сүрсе де адам өзінің парасат, пайым аймағының шындыққа негізделгеніне көзі жетсе, ақтықты іздесе, сонымен кеңейсе, ол сол адамның бағы ашылып, жүзі жарқын болмақ деген нұсқалы тұжырым жасаған [35].

Бүгінгі педагогикалық білім жүйесінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен бірегейлікті дамыту Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезовтің білім философиясының концепцияларына жүгіндіріп оқыту ғана олардың өз-өзіне бақ, құт шақыруымен көрініс беретіні зерттеу барысында анықталды.

М. Бунгенің [36], аргентин философының еңбегінде парадигмалық тұрғыда әлеуметтік ғылымның болашағы туралы ой елегінен өткізген тұғырлы тұжырымдарынан байқағанымыз – оның жүйесінің дұрыс құрылуы.

В.П. Римскийдің [37] парадигманың контекстіндегі көкейкесті мәселе «инновация мен дәстүрдегі» ілімдердің арнайы ерекшеліктері мен қайшылықтарының туындау заңдылықтары айқындалған. Зерттеуші әлеуметтік-гуманитарлы «нормативті ғылым» ХХ ғасырда тұйықталды деген пікірді орынды дәлелдеген. Оның орнын «репродуктивті инновация» басты деген түйіндемесіне қосыламызба? – деген сауал өз-өзінен ойға оралады. «Репродукт» – «қайталаным», олай болса, «инновация» – «жаңалық» сонда жаңалықты қалай қайталаймыз, әлде бұл ұғымның екінші мәнінде «өнім» деп қолданыла ма? – деген заңды сауал туады. Көріп отырғанымыздай, әрбір ұғымның неше түрлі мағынасы бар.

Ф. Анисимовтың [38] еңбегінде ешқандай аксиологиялық тағылымға авторлық жіктеме жасамай, оның қолданым аясында көпмағыналы және көпқырлы тағылымдық негіздерінің әртарапты болуын дәйектеген. Міне, осы тұжырым біздердің аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікте алуымызға және оны мектептердегі білім беру кеңістігінде ғылым ретінде қарастыруымызға мүмкіндік берді.

Г.Е. Зборовский [39] парадигманы әлеуметтік ғылым шегінде, аясында метапарадигманың моделі тұрғысында қарастырған.

В.К. Шохин [40], М.С. Каганның [41] «әлемдік құндылықтың тұжырымдамалық талдауы» сыңайында ұсынылған жаңалықтарын басқа қырынан зерттегені байқалды. «Парадигма» ұғымының тағылымдық нұсқаулығы аксиологиялық ғылым негіздерімен түсіндіріледі. Осы ұстанымды қолдап И.И. Докучаев мәдениет мектебінің негізін қалаған М.С. Каганның құндылықтар туралы зерттеулерін жалпы мәдениет кейпіндегі моделіне негіздеуді дұрыс шешім деп есептеген [42]. Бұл орайда, аксиология тарихи желідегі мәдени өрістердің моделін құрай алады деген қорытынды жасаған. Мұнымен тұйықталмай, зерттеуші аксиологиялық танымның белгілі бір жалпы ұстанымдарын дамытарлық тұстарын айқындаған.

Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі «аксиология», «парадигма» жеке-жеке зерттеліп, оның ішінде, педагогика және психология ғылымдары арнайы зерттемегені байқалды. Басымдық берілген ғылымдар: философия, жаратылыстану, гуманитарлық және мәдени әлеуметтік мәселелер жайлы тұғырнамалар екені анықталды. Дегенмен, білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың көрініс беруі тек ХХІ ғасырдың бас кезінен басталғаны анықталып, ал оның іргетасы ХІХ-ХХ ғасырларда басқа ғылымдардың нысанында зерттеліп, кейін бірлі-жарым инновацияның репродуктивті тұрғыда қарастырылғаны (В.П. Римский) айқындалды. «Білім беру жүйесі» ұғымын кең ауқымда қарастыру жұмысымыздың күрделене түсуіне ықпал ететініне мән беріп, оны мектеп білім алушыларының пайым-түсінігін аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен интеграциялануымен зерделеуге басымдық берілді. Бұл жағдайда, біздер алдымен психологиялық ғылым аясындағы зерттеушілердің еңбектерін талдай келе аталған мәселелердің шешілуіне көмек берер тұжырымдарға екпін жасалды.

Талданған еңбектердің ішінде біздердің зерттеу еңбегімізге тигізер үлес салмағы жетімсіз. Дегенмен, ұлттық бірегейлікке құндылық болар кеменгерлердің білім философиясы мен алыс және жақын шетел зерттеушілерінің тағылымдық тұғырлы тұжырымдары негізге алынды.

Қорыта келгенде, біздер 8 компонент «Толық адам» келбеті болса, оған 9 компонентті қосқанда 17 компонент «Адам болу» концепциясынан «Толық адам болуға», «Толық адам болу» концепциясынан «Кемелді адам болу» ең жоғары иерархияға көтерілуге мүмкіндік бар екенін байқаймыз.

## **1.2 Білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлік жүйесімен дамытудың психологиялық мәні**

«Аксиологиялық парадигма» аталымы Қазақстан Республикасында ХХІ ғасырдың бас кезінен басталып білім беру жүйесінде көрініс бере бастады.

Педагогика аспектісі ұдайы психология іліміне тәуелді болып келетіні басты заманнан белгілі. Л.С. Выготский еңбегінде білім алушыларға қатысты рухани құндылық әрбір ұсынылған оқу нысанының авторлық ұстанымы мен оның ең маңызды тұстарын дәл табуды, сол аумақтың не айтқысы келгенін интерпретация жасай алудағы ойлау шегін ескеру қарастырылған. Ақиқатында дәл осы Л.С. Выготскийдің біздерге ұсынып отырған ғылыми негізін ұдайы еске сақтап, оның рухани құндылығын жинай берсек, ақылға ақыл, ойға ой қосылып, өмір сүруімізді құндылыққа бағытауымызға мүмкіндіктер туары сөзсіз.

А.Н. Леонтьев [43] білім жүйесінде білім меңгерудің қызметі, индивидтің санасы, оның тұлғалық келбетінің рухты болуы сияқты мәселелерді шешудің психология ілімінің негіздерін айқындағаны – бүгінгі білім меңгерту процесіне ерекше құндылық. Сананың өрлеу динамикасын үнемі алға ілгерілетудің тұлғалық іс-әрекеттік бағыттарын анықтап, оны тәжірибеде «Мен» есімдігін локальді қолданудың перцептивті, өнімдік мәнін дәлелдеген, жобалық оқыту процесінде босқа кетпей, оның қарымы тереңдік пен кеңдікті, биіктілікті қамтып,

өте күрделі оқу нысандарын меңгерудегі ұстаз бен білім алушы тарапынан толеранттықтың мәні ерекше екенін дәлелдеген.

Р.С. Немов [44] психология ғылымының білім алушыға әсерінің мол екендігін айқындаған. Сезім мүшелерінің жүйке жүйесіне ықпал жасауы, тұлғаның зейін қоюы, ойлау процесінде басқа кеңістікке ауып кетпеуі, рефлексия жасаудың қажеттілігі, ішкі білім жию қабілеттілігі, өзінің психологиялық қабылдау процесін басқара алуы секілді көкейкесті мәселелерді игеруіне айрықша дәлелді тұжырымдар құрған.

Білім алушыға өмір сүру характеріне қызмет етер білім мен тәрбиенің тұтас жүйесін қамтып, қажетсіну уәжін оятарлық оқу материалын әзірлеу сияқты үдерістік қызметтің субъектілік тұстарын ескеру оны алға ілгерілету тәсілдеріне назар аударған.

С.Л. Рубинштейн [45] жалпы психологияның негіздеріне ерік-жігер, күш-қуат, басқару, тән мен жанның өрлеу амалдарын меңгеру, сана-сезімнің пайдалы және зиянды тұстарына ғылыми дәйектемелер жасаған. Білім алушының мүмкіндік шегін анықтап, соған сәйкес жүктеме жасаудың мәнін айқындаған. Біліммен тәрбиелеудің мөлшерін нақтылы межемен меңгертудің амал-тәсілдерін ұсынған.

Ж. Аймауытов [46] еңбегінде «жұлма жад» пен «пәлсапалық жад», «саңылау сезімдер», «соқыр сезімдер» тәрізді жұптық, қайшылықта келер психологиялық ұғымдардың балалар санасында орнығып, оның пайдалы тұстары ескерілмесе, жаттампаздық, бойкүйездік, тоғышарлық, көреалмаушылық, іштарлық, қызғаншақтық, еліктеушілік, сараңдық, ашкөзділік, жемқорлық, паракорлық және т.б. қоғамға зиян келтіретін қасиеттердің басымдықта болуына дәйектеме жасаған. Гумандық, білімге тойымсыздық, адамгершілігі жоғары, мейірімділік, ұстамдылық, алғырлық, өзінің осал тұстарымен күресе аларлық, басқаларға қамқорлық жасау секілді асыл қасиеттердің білім мен тәлімнің интеграциясында келетініне маңыз аударған. Сонау ХХ ғасырдың 20 жылдарында ағылшынша, орысша, шотландша, түркі тілдерінің барлық түрлерінше, қазақша сөйлеудің ғылыми, ресми, мәдени, тұрмыстық нұсқаларын меңгерген Ж. Аймауытов Джеймстің «Психологиясын» қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне үндестіре бейімдеп аударған.

М. Жұмабаев [47] баланың абайлы болуын қымбатты құндылық деп есептеген. Балаға мұғалім тарапынан әсер неғұрлым күшті болса, оның абайлы болуы соғұрлым нығая түсетініне мән берген. Әсердің жеке мүмкіндіктерге сәйкес болуына ерекше тоқталған. Әсердің түрлері көбейіп кетсе, баланың абайлы болуы сейіле түседі деп түйіндеген. Әр нәрсенің терісқақпай-тұстарының бар екендігін ескерген. М. Жұмабаев баланың абайлы болмау салдарын жіктегені бүгінгі классификатордан кем емес:

- баланың денесінің шаршауы қатты шаршаған адамда абай болу үдерісі жұмыс істемейтіні;
- ауаның тым бұзылуы, отырудан қажуы;
- ешбір қимылсыз қалған балада абай рефлексиясының жойылуы;
- бір іспен ұзақ уақыт шұғылданғанда абай болмауы;

– баланың бейғамдығынан абай сезімі нашарлайды.

Қорытындысында, зерттеуші абайдың көп мөлшерде болуы данышпандыққа апарады, өйткені абайдың ұдайы өркендей түсуі ол адамның терең, толық білімді болуына себепші, нәтижесінде, ол данышпанда ерікті абай қасиеті орнығады деп ой-тұжырым жасаған.

Біздер «суггетивті» ұғымын Гештальт теориясымен деп түсіндіріп келсек, М. Жұмабаев оны «Суреттеу» категориясымен келтірген. Көрініс жоғалғанымен, оның әсерленуі, бейнесі зейінді балалардың, үлкендердің санасында «жазылып» қалатынына тоқталған. М. Жұмабаевтың суреттеу мен әсерлену арасындағы айырманы төмендегі матрица құру арқылы ұсынып отырмыз. Біздер зерттеушілердің еңбектерінің ең маңызды тұстарын суреттен гөрі матрицамен берудегі мақсатымыз белгілі бір білім мазмұнынан білім алушыларға нұсқаулық сапасына жарарлық тұтас нысанның микробөліктерін жіктеп ұсынуды дұрыс деп есептеп отырмыз (2-сурет).

Индикаторы:

Әсерленуде жан қуаты, дене қуаты қатынасады											
Суреттеуде тек жан ғана қатысады											
Суреттеудің ассоциацияға жіктелуі											
Жақындық ассоциациясы	Ұқсастық ассоциациясы	Қарсылықты ассоциациясы	Естің зейінді болу процесі	Көру кіндігінің өткірлігі	Есту кіндігінің қарымы	Өмір сүру мақсатындағы естің керектігі	Есті ұдайы өркендетуі	Әсердің күштілігі	Сыртқы сезімдердің қатынасы	Жаңа бөлімді бұрынғымен байланыстыру	Адам жасына край есінің, ассоциациясының өзгерісі

Сурет 2 – М. Жұмабаевтың суреттеу процесінің ассоциацияға жіктелуі (матрица 1)

Сол секілді «қиял» жайлы тұжырымдарын таксономиямен жіктегенде, төмендегі алгоритмді ұсынамыз:

- еріксіз қиял, бұл үнемі суреттеу ассоциациясын түйсінуден еріксіз арман-қиялдың пайда болуы, аталып отырған арман бос қиял деп дәлелдеген;
- бала, не үлкен адам жанымызда бар суреттеуден жаңа суреттеуді қайрат жұмсап, қиялдаса, армандаса, онда оған қол жеткізуге болатынына дәлел келтірген;
- адам өмірі үшін аталған арман-қиялдың атқарар рөлі зор екені анықталған;
- қиялды өркендетудің бірден-бір жолы ғылымдармен қажеттілікті табу екеніне дәлел келтірген: әдебиет, тарих, жағрафия, жаратылыс;
- баланың қиялын өркендетудің бір амалы – ойын деген түйін жасаған.

Жоғарыдағы №1 матрица мен таксономия арқылы біздер М. Жұмабаевтың психология ғылымының аксиологиялық мәнін бағамдаймыз. «Аксиология» ұғымы айтылмағанымен, суреттеу процесінің балалар мен үлкендердің өмірінде алар орны ерекше екеніне М. Жұмабаевтың пікірі – бүгінгі біздерге қажетті рухани құндылық.

М. Жұмабаевтың еңбегінде «ойлау» ұғымының алгоритмдік түзілімі құрылған:

1) әсерлену, суреттеу, еске түсіру, қиял жүргізу. Ойлауға автор заттарды ұғу, түйсіну үшін жұмсалатын жан көрінісі деген анықтама құрған. Ойлаудан – ұғым, хукм, ой түзулерді жасау. Осы үш ұғымның маңызы неде? – деген сұраққа жауап береді. Көрген заттардың суреттемесін бір-бірімен салыстыру, ұқсасын табу, айырмашылығын жіктеу, саралау әдістерімен түсіндірілген. Ұғымды сан-салалы түрлерге ажыратқан. Оған біздер төмендегі 2-суретте (2-матрицаны) ұсынып отырмыз.



Сурет 3 – Ұғымдардың ойлауға ықпалының жіктемесі (матрица 2)

М. Жұмабаевтың еңбегінде «хүкмнің жасалуы» жайлы тұжырымы бүгінгі ХХІ ғасырдың рухани құндылықты өркендетуге тигізер үлесі зор. Ұғымдардың бір-бірімен сабақтастықта келуін, олардың арасындағы байламның бар екендігін дәлелдеген. Алдыңғы ұғым мен кейінгі ұғымның бір-біріне байлану процесі бар ма?, әлде жоқ па? – деген сауалды ішкі оймен саралауға екпін жасаған, «қарлығаш шабу», «жылқы ұшу» секілді екі ұғымнан құралған сөйлемдегі байлам дұрыс па? – дегенді бала, немесе үлкен адам ойша ажырата алуының мәні ашылған. М. Жұмабаевтың хукімге қатысты тұжырымдарын біздердің төмендегі құрған матрицамен ұсынамыз (4-сурет).

Хүкм берілген ұғым – айтылымы, заттың сынын көрсететін мағынасы, мұны қазіргі ғылымда семантикасы дейміз

Бір заттың ұғымын ойлағанда, көз алдымызға оның сыны, қасиеті, түрі, сапасы елестейді

Хүкмдердің жіктелуі: жасалуы, саны, сыны, шындық дәрежесі, талдануы, айтылуы, синтезі

Хүкм сынына қарап үшке бөлінуі: 1. жалпы, жалқы;

2. дербес хукм, 3. жалқы ұғым

Сынына қарап екіге бөлінеді: 1. бекітілген хукм, бекерлейтін хукм (қарлығаш шаппайды дегені)

Ие мен айтылыс арасындағы байлам үшке бөлінеді: 1. кесімді хукім; 2. шартты хукм; 3. бөлмелі хукм.

Шындық дәрежесіне қарап хукм үшке бөлінеді: мүмкін хукм; шын хукм; міндетті хукм.

Сурет 4 – М. Жұмабаевтың еңбегіндегі хукм жіктелуі (матрица 3)


Ойлаудың хукімге қатыстылығы М. Жұмабаевтың еңбегіндегідей анық дәлелденген тұжырымдарды кездестіру қиындық келтіргені бәрімізге белгілі.

Жоғарыдағы психология ғылымының рухани құндылығын зерттеуші күрделендіре түседі. Нақтылап айтсақ, «ой шығару», немесе «ұйғару» деп түсіндіреді. Біздер дедукция, индукция, аналогияны басқа ой шығару әдістерімен қатарлап алсақ, М. Жұмабаев аталған үш жолын жеке бөліп, оны ой шығару процесін қамтамасыз етер нысана деп дәлелдеген. Оның ішкі ерекшеліктерін біздер төмендегі 2-суретке салу арқылы ұсынуды жөн көрдік.

Бұл орайда, халқымыздың ұлттық бірегейлігіне аксиологиялық парадигмамен зерделеу екенін ескереміз. Өйткені қазақ халқы сөз саптау шеберлігіне айрықша, философиялық бағаммен құндылық ретінде қабылдаған.

М. Жұмабаев ойлау, ой шығару мәселелерінің күрделілігі аналогия мен гипотезаны құра алу процесіне де айрықша мән беріп, оны жан-жақты айқындап, тұжырымдамалық тұрғыда дәлелдеген (5-сурет).

Аталып отырған тұжырымдамалық тұрғыда анықтап бекітілген ұғымдары бүгінгі ғылыми еңбектер мен әртүрлі бағыттардағы жазылатын ғылыми проекттердің ғылыми-тағылымдық аппараттарының ең басымдық берер тұстары екені де рухани құндылық, яғни «рухы биік тұлға» келбетін құрудың аксиологиялық парадигмасының алғышарттары демекпіз.



Сурет 5 – Ой шығарудың алғашқы жолдары

М. Жұмабаевтың бұл тұжырымдамалық тұрғыдағы жазылған ғылыми аппаратқа қызмет етер ұғымдарын сол ХХ ғасырдың бас кезінде зерттегені әлі күнге дейін өзінің актуальділігін жоймай келеді. Аналогия ұғымын зерттеуші екі түрлі заттың ұқсас тұстарын таба алуымен саралаған. Ғалым-астрономдар Марстың ауасы, жердегі ауаға ұқсайтынын дәлелдегеніндей деп мысал келтіруінің өзі суреттеу процесінің рөлін аша түседі.


Ұлтымыздың аспан әлеміне сараптамалық бағам жасау әрекетіне аксиологиялық парадигма тұрғысында қарағаны белгілі. Мұның өзі аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен қатар жүретініне дәлелдер.

Аналогия мен индукцияны салыстырып отырғанда екі ұғымда да жіберілетін қателіктердің болатынына дәйектеме жасаған. Аталған аспан мен жердегі ауаны жай сезім арқылы бағалап: «ұқсас» деудің сырттай дұрыс дегенімен, шектелу жансақтыққа апаратынына тоқталған М. Жұмабаев оның ішкі ерекшеліктерін ғылыми сараптамадан өткізудің қажеттілігін дәйектеген. М. Жұмабаев киімдері ұқсас адамдардың білімдері ұқсай ма? – деген салиқалы сауал қою арқылы аналогияның мәнін таныта алған. Аналогияның ішкі сырын, сипатын, құрылым-жүйесін анықтап беретін ұғым – гипотеза деп дәлелдеген. Сырт көріністермен білім, ой шығарудың дұрыс еместігіне зерттеуші көз жеткізіп, ол көріністердің арасындағы байламды бақылауға мүмкіндік тек әрбір нысанды анықтар заңдылықтарды жору, болжап шығарудың мәні ерекше деп дәлелдеген. Болжамды ғылыми тұрғыда «гипотеза» деп аталатынына мән берген. Осыншама ой шығару амалдарын айқындау барысында біздердің «әдістер» деп жүрген ұғымдардың (анализ – синтез, индукция – дедукция, силлогизм, аналогын табу және т.б.) ойлау өрістерін өркендетудің жолдары деп дәлелдеуі көңілге қонымды. Ойлау жүйесі әдістерді туғызады, бұл жағдайда, әдістер «амал», «жол», секілді рольдерді атқаратыны ол сол индивидтің қаншалықты білімі-ғылыми деңгейіне тікелей тәуелді екенін ұғуға болады.

Ойлаудың жан тұрмысына қажеттілігін М. Жұмабаев көкейкесті мәселе ретінде келтірген. «Тәрбиеші» мен «мұғалім» кәсібіне М. Жұмабаев ұсталық

шеберлігін өркендете алмаса, баланы меңгерген білімін өмір сүру процесіне тиімді қолдана алмайды деген уәж айтады.

Ойлауды өркендетудің жолдарын үш түрлі сыңайда жіктеп береді, оны біздер төмендегі 6-суретке салып, ұсынып отырмыз.



Сурет 6 – Ой процесін өркендетуі

Ойлау процесін өркендету 6-суреттегі үш жолдары білім алушының жан қуатын өркендетуінің іргетасы екендігін бүгінгі модернизация кеңістігінде ең қажетті амал мен тәсіл, жол демекпіз. Аксиологиялық парадигмада бұл жағдайда білім алушының ой шығару процесін ұйымдастыруда олардың саңылау сезімдерінің даму динамикасының алар орнын дәлелдену екені байқалды.

Л.С. Выготскийдің еңбегін бағалауда шетел зерттеушілері әртарапты пікірлер білдіріп, балалардың психологиясымен зерделеуді қолдамай, түпнұсқа ғылыми жұмысындағы құндылықтарға зер салмағаны өкінішті.

Жалпы «баланың ішкі өзгерісінің сыртқа нышан бермеуі» деген көкейкесті мәселені шешудегі ғылымға енгізген рухани құндылықтары төмендегідей:

1. Бүгінгі тілмен айтсақ, баланың ішкі өзгерістерінің шама-шарқынан асуы жас ерекшеліктеріне байланысты екендігін секірмелі тұрғыда деп дәлелдегені; оның 5 түрін бөліп көрсетеді: жаңа туған баланың дағдарысы, бір жасқа келгендегі дағдарысы, 3 жасқа, 7 жасқа және 13 жасқа келгендегі дағдарыстары.

2. Әрбір жаңа дүниеге келген сәбидің арнайы әлеуметтік жағдайының дамуына тәуелділігі, бұл баланың әлеуметтік шынайылығы «дамудың негізгі көзі» деп қабылдаудың мәнділігі.

3. Баланың жетілген, танымы талапқа сай өркендеген сыртқы белгісіне қарап анықтау басымдықта болып, оның ішкі жағдайының ескерілмейтінін дәлелдеуі.

4. Ұдайы жетекке үйренген, ұжымдық жұмысқа бойұрған баланың интеллектуалды операцияларды дербес, өздігінен орындай алмаушылығын анықтағаны.

5. Еліктеушіліктің мінді құлыққа жататынына дәйекті дәлелдер түзгені.

6. Баланың өздік жұмысын тек кешегі күнгі даму бағытымен зерделенетіндігіміздің дұрыс еместігі.

7. Алдыңғы айтып өткен «Жақын арадағы даму аймағы» процесінің жүйесін баланың жұмысын ынтымақтасты тұрғыда жүргізсе, келесі күні оны өздігінен орындауының нәтижелілігі алдыңғы игерген қабілетін, бейімін өздігінен орындауға тиімді қолдануына бағам жасауы бұл баланың алға ілгерілеу ынтасын арттыра алатынына зердемен қарауы;

8. Баланың ойлау өрістері тек сыртқы ортамен қарым-қатынас жасаумен, ал оның ішкі интеллектуалды әлеуетімен тек сол бала ғана жұмыс жүргізе алуы маңызды деген тұжырымынан баланың психикалық функциясы екі түрлі сыңайда жүргізіледі: 1) ұжымдық қызмет; 2) әлеуметтік қызмет, ал осы екі аймақтың ортасында баланың интериоризациялық үдерісі іштей өркендеуіне психолог ұдайы түрткі жасауының қажеттігінің көрініс беруі (Гешталь теориясы ғана емес, Л.С. Выготский де ол мәселені көтергені).

9. Бүгінгі «дамыта оқу жүйесі» деген ұғымның түп төркіні Л.С. Выготскийдің ғылыми-психологиялық ынтымақтастық педагогикасының негізін қалағандығы.

10. «Интегральды тұлға құрылымы» ұғымының мәні неде? – деген диалектикалық сауалға жауапты зерттеуші былай құрғаны: «тұлға» туралы ой-бағамы – балалардың ең жоғары функцияларды орындай алу шеберлігі. Аталып отырған функциялардың тұлға болмысына ауып отыруы, әлеуметтік тәртіпке интериоризациялық қатынастың көріністері әрбір жеке тұлғаның тек сол болмысқа қатысты жеке мүмкіндігінің ескерілуін қадағалау өнері.

11. «Нақты адам психологиясы» деп аталатын еңбегінде Л.С. Выготский тұлға болмысына диалектикалық идеялардың, ішкі ойлардың бір-бірімен күрес-қайшылығы, динамикасының әртарапқа шашырауы, психикалық жағдайдың ұдайы ауыспалылығы, функция мен ішкі түйсіктің өзгерітілімділігі адамның драмаға, трагедияға, коллизияға ұрынуының алғышарттары деп саралауы.

12. Л.С. Выготский Дж. Брунердің «таңбалар әлемі» концепциясына талдау жасау барысында оны танымдық үдерісті-интериоризацияның бір бөлігі деп қарастырғаны айрықша құндылық. Тұлғалық болмысты сомдауда ұғымдардың, мазмұн жүйесі өрістерінің ілгерілеуінің, қажеттілікті айқындай алуының, эмоциясын басқаруын, іс-әрекетіне ие болуын, ойлау динамикасының өрлеуін тиімді тұрғыда іске асыру көкейкестілігіне екпін жасағаны.

Көріп отырғанымыздай, Л.С. Выготскийдің аталып отырған 12 рухани-психологиялық құндылықтары аксиологиялық парадигмамен бағалауға тұрарлық тұжырымдар деуге негіз бар. Сараланып, трансформациямен берілген бұл құндылықтар тек ХХІ ғасырдың ғана емес болашақ ғасырларға да қызмет ететіні айдан анық.

Қоғамдық өзгерістер жаңа жүйе әкеліп, психикалық функцияның жаңа жиынтығы индивидтің жай-күйіне әсер етіп, ішкі көріністе айрықша, бұрын таныс емес заңдылықтар, өзара байланысты байламдар, оқысынан пайда болған түрлер сабақтастығы мен қозғалыстар туындайды. Осындай психикалық бірегейлік тәртіпке (идентичность) Л.С. Выготскийдің бірегейліктегі тұлғаның


интеллектісі мен аффектісінің бірліктегі, интеграциядағы тұрпаты бүгінгі ХХІ ғасырдағы Қазақстан Республикасының білім жүйесіне айрықша құндылық, бұған мұғалім мен білім алушының жаңа философиялық дүниетанымы қызмет көрсетсе, онда аксиологиялық парадигманың өрістері өркен жаяры сөзсіз. Мұның өзі – ұлтқа рухани құндылық.

Л.С. Выготский ілімінде жоғары жүйке жүйесінің барлық функциясының жұмыс жүргізу процестерін ұдайы көкейкесті мәселе ретінде қарау отбасынан басталады деген тұжырымы бүгінгі модернизация кеңістігіндегі проблемалар. Бұл орайда, зерттеуші сәбилік дәуірден бастап баланың көретінді көрмейтіні, еститінді естімейтіні сияқты кемқор, жарымжан болып өспеуіне алдын-ала қам жасауды ұсынған. Мұнымен бірге әрбір сараланған жоғары жүйке жүйесінің тұтастық қағида негізіне жүгінген тұстарын қадағалау, бақылау қажеттігі дәлелденген. Нәтижесінде, функция аралық байланыстардың әрбір дербес қызмет түрлерінің жеке іс-әрекетін анықтаудың мәніне де зердемен қараған. Біздер Л.С. Выготскийдің дүниетанымдық тұжырымдарын аксиологиялық парадигма талабымен бағамдай келе отбасының тәрбиесіндегі балаға ерекше ыждаһатпен қарау, оның алдымен «тән», «жан», «рух» сияқты ұлтымыздың кірпияздықпен мән беретін білім мен тәлім интеграциясының бірегейлік тұсына айрықша маңыз берілуіне екпін жасап отырғанын байқаймыз. Бұл жағдайда, «білім» баланың физиопсихологиялық дұрыс дамуының көріністерін қадағалауға қатысты қолданылып тұрғаны анықталды. Біздер төмендегідей матрицаны құруды жөн деп есептедік.

Көріп отырғанымыздай, Л.С. Выготский еңбектерін бүгінгі психология ғылыми талап-мүддесімен талдап жинақтасақ, (7-сурет) 4-матрицадағы құбылыстар мен процестер жиыны шығады. Әрбір өмірге келген баладан бастап есейгендегі аралықтағы жоғары жүйке жүйесінің қоғам өзгерістеріне сай құбылу динамикасын анықтап, ортасы, білімалар мекемелері және т.б. нысаналар нақтылы тұлғаға қатысты қамқорлық көрсетіп, оның ержеткен кезінде өздігінен өзінің белгісіз қабілеттерін қажеттілік уәжімен оятатын, ашылмаған белгісіз қасиеттерін таба алуының өзі стохастикалық парадигманы іске асыруымен көрініс береді. Тек, Л.С. Выготский оны «стохастикалық парадигма» деп атамаған. Біздер жаңа философиялық пайыммен қарастыру арқылы оның стохастикалық парадигма екенін анықтадық.

7-суреттің (4-матрицаның) екінші блогында гносеологиялық парадигма жеке тұлға мәселесін зерделемей, оған қатысты ғылыми-тағылымдық тұрғыда зерттеу мүмкін еместігі ескерілді. «Онтология» ұғымы «аксиология» ұғымының алғышарты ретінде қабылданады. Л.С. Выготский еңбегіндегі «тұлға болмысы» зерттелімінің басымдық мәні екені байқалды. Белгілер мен әр ұғымның мазмұны, сөйлем құра алу іскерлігі жеке тұлғаның жас ерекшеліктері мен оның жинақтаған білімі-ғылыми түсініктерін өзінің өмір сүру салтына ұтымды қолдана алуы, одан тағылымдық тұжырым шығаруы мен интерграцияда келуі екі парадигманың қатарынан іске асырылуын қамтамасыз етеді. Бұны біздер, бүгінгі пайыммен онтологиялық және гносеологиялық парадигмамен сол жеке адамның рухани

құндылығы сараланады деп ой түйеміз. Олай болса, бұл екі парадигма аксиологиялық парадигмаға қызмет етеді деген байлам жасадық.



Сурет 7 – Л.С. Выготский еңбегіндегі ой-тұжырымдарының парадигмасы (матрица 4)

Ақыл-ой қызметінің жоғары жүйке жүйесінен қуат алып, сөйлеу қызметіндегі құралдар мен белгілеріне мән беріп, оның өркендеу динамикасын тұңғыш айқындаған – Л.С. Выготский, зерттеушінің бастау алуы да Л.С. Выготский деп, көпшілікке танытқан – В.В. Давыдов [48]. Белгілер (сөз) және қарым-қатынас қызметі тек тағылымдық негізде іске асатынын дәлелдеген – Л.С. Выготский.

Қазіргі заман сұрамына қатысты жастардың психологиялық дағдарысын жоярлық ұлттық сананы жаңғырту мәселесін өз еңбегінде тереңнен қарастырған Ж.И. Намазбаева [49]. Студенттердің ішкі еріктілігін оңтайлы жаққа бұрудағы мақсат қоюшылықтың қаншалықты маңызы бар екендігін дәлелдеген. Олардың өздеріне лайықты армандары мен сенімдерін, нанымдарын ескеріп, соның ауқымында қажетті тәрбиені игертудің әдіснамалық негіздерін құрған. Мұның өзін зерттеуші саналы тұрғыда іс-әрекетке түсуіне, нәтижеге бағдар жасайтын қадамдар құруына түрткі деп есептеген. Студенттің ерікті тұлғалық болмысын шығармашылық, креативтік мәндегі белсенділігін арттыруға оқытушылар мен ортаның қосар үлесі қандай болмақ? – деген сауалға нұсқалы жауап табуларының маңызын анықтаған.

Ж.И. Намазбаева Л. Божович еңбегіндегі білім алушының тәртібіне мінездемені беру барысында оның ішкі пайымына түйісетіндей іс-әрекетті саралауды ұсынғанына көңіл бөлген. Техникалық өрлеу деңгейін тұлғалыққа бағдарлауды іске асыратын тұтастық құрылым қалыптастыруға бағам жасағанына зерттеуші екіпін жасаған. Л. Божовичтің тұлғалық құрылымын

тұтастық бағамда алуын анықтау және оның бағытын соған лайықтауына басымдық бергеніне зертеуші дәйектеме келтірген.

Білім алушы субъектінің тәртібін тұрақтылық негізде бағдарлау мәселесін шешу жайлы тұжырым жасаған шетел ғалымы Г. Олпорт еңбегіндегі сыртқы ситуацияларға тәуелсіз болу еріктілігінің көкейкесті деуіне зертеуші Ж.И. Намазбаева айрықша мән берген. Бұл проблема ХХІ ғасырдың жан айғағы деп бағалаған.

Автор, бұл орайда, тәрбиелеу процесіндегі психологиялық хал-ахуалдың саналы, жүйелі, тұтасты мәнде жүргізілуіне әрбір тұлғаның табиғи қабілеттілігі мен студенттер тобының ерекшеліктеріне байқау жүргізіп әртарапты іс-шаралар жүргізуді ұсынған. Тәрбиені психологиялық ғылым негізінде ұйымдастырудың амалдарын саралап, оған жүйелі түрде мониторинг өткізу нәтижеге кепілдік береді деп дәлелдейді. Жалпыадамзаттық құндылықтардың қызметі ұлттық мәдениет сыңайында құрылуы, оның ішінде, ұлт тарихы, ұлттық дәстүр, салт сияқты рухани қуат көздері деген тұжырымы-аксиологиялық парадигмаға бағыт берер түйіндеме. Басқа зертеушілердей, қазақстандық психолог-ғалым Ж.И. Намазбаева Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясының аталған мәселені шешуге айрықша көмегінің бар екеніне мән берген. Егер аталған теорияны тиімді пайдалансақ, онда «адам – табиғат», «адам – қоғам», «адам – құдырет», «адам – мәдениет» сықылды психикалық өрлеу динамикасының заңдылықтары аталған тұжырымдамалық мәнін ақтар еді дегені бүгінгі ХХІ ғасырдың жастарына қажетті қадам. Дәстүрлі тәлімгерлік қызметте аталған екі қатынас заңдылығы жиі-жиі қарастырылып келді. Ал үшінші және төртіншісі өте сирек назарға ілікті. Олай болса, адам өз қабілетін өркендете ала ма? Оның өмір сүру қарымы белгілі бір мәдени түрде ілгері жылжи ма? Адам өзін белгілі мәдени кеңістікте өзінің құндылық екенін түсіне ме? Міне, біздің жастардың көпшілігі өзінің дарынды келбеттерін байқай алмай қалу себептері де осы екендігіне жол ашып берген Ж.И. Намазбаева – Л.С. Выготский әрбір адам әлеммен қарым-қатынасқа түсуі міндет, сонда ғана онда мәдени-құндылықтар тұлғалық болмысын сомдайды деп ой қорытқан.

Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, бұнда мәдени-тарихи психологиялық өрлеуіне толықтай мүмкіндіктің бар екеніне Ж.И. Намазбаева мән беріп, әртарапты әлемтану, интеллектісін, эмоциясын, тәртібін тұлғалық болмыс дәрежесіне жеткізуге тек ынталану қажеттігін атап өткен. Жастардың интеграциялық негізде құрылған тәрбиесі Қазақстанның ең басымдық байлығы деп ой түйеді. Көп ғасырлар бойы сақталған мәдени мұраның реставрациядан өтіп, жинақталу мәселелерін шешу Бүкіл әлемдік ЮНЕСКО-ның Мәдениет тізіміне енгізілгеніне бағам жасаған. Ж.И. Намазбаеваның мәдени мұра жөніндегі тұжырымдарынан түзілім құрып, оны:

1. Тәрбие процесін психология ғылымы негізінде жүргізуді қоғамның дамуын ілгерлету, оның өркениетке бағдарлауын жүзеге асыру, табыстылықты тәрбиенің жаңа парадигмасына негіздеу, ол парадигма мәдени-тарихи құндылық пен жеке тұлғаның мазмұндық формасын қалыптастыруға бағыт жасайды деп дәлелдеген.

2. Адами психика мәдениетті туғызады, ал ол жеке тұлғаны қалыптастырып өркендетеді. Міне, осыны ұлттық тәрбиенің теориялық-әдіснама негізі екенін дәйектеген.

3. ХХІ ғасырдың жаңа ұрпақтары ғажап, кемелді, өзінің ең асыл қабілеттерін тұлғалық-кәсіби тұрғыда алға ілгерлететін, глобальді мақсат, міндетті дүниетанымдық өзгерістерге сәйкес құра алатын, құндылыққа құмар, рухани қуатты болып ер жетуіне характер жасайтын қайталанбас жаңа ұрпақ легі болатынының платформасын жасаған.

Қорыта келгенде Ж.И. Намазбаева мәдени, тарихи сана феноменінің ғылыми бағамдық қызығушылығы сана феноменінің ең қажеттілігіне айналғанда ғана тұлғасы этникалық, ұлттық сана арқылы қалыптасып өркендеуіне тұғырлы дәлел келтірген.

Болашақ өмірдің жастары әлеуметтік-психологиялық өзара бір-бірімен байланыс құрып, оған халықтық, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауының маңызы сараланған. Әртүрлі ұлттық тәртіптің қолайсыз тұстарына нейтральді тұрғыда қабылдау, оңтайлы тұстарына қолдау көрсету халықтар арасындағы келеңсіздіктерден аман алып қалатынына ерекше мән берілген.

Психологиялық дүниетанымның мәдениетке қатыстылығы олардың перцептивті әдістерінің, герменевтикалық амалдарының қаншалықты шынайы екеніні тәуелді деген автордың түйіндемесі өте актуальді. Жаңа интерпретациядағы көкейкесті мәселелерді талқылау процесінде Л.С. Выготскийдің тарихи-мәдени психологиясының идеялары бүгінгі Қазақстан Республикасының (ХХІ ғасырдың) білім жүйесіне қатысты екендігін зерттеуші тұғырлы дәлелдеген.

Модернизация кеңістігіне аталып отырған зерттеудің бірден-бір пайдасы, ғылыми үлесі жастардың келбеттік, тұлғалық болмысын жеке-типологиялық қасиеті мен әлеуметтенуін бірлікте алуымен түсіндірілген. Ең күрделі әлеуметтік мәселелерді шешерлік жастарда өмірлік белсенді болуымен жүзеге асырылатыны қарастырылған. Қаақстанның болашағы жастардың психологиялық тұрғыда жеке мүмкіндігін ескеріп, өз мәселелерін шешетіндей, қоғамдық-әлеуметтік туындаған қиындықтарға төтеп беретіндей, оған жетерлік өзінің әлеуетін өркендете алатындай, ұжыммен қарым-қатынасқа түскенде паритетті, коммуникативті шеберліктері ұдайы өркендетіндей өз-өздерін бағдарлай алу құндылықтарын игеруіне нұсқалы заңдылықтар, қағидалар, ғылыми жаңалықтар қарастырылған. Табыстылыққа жетудің бірден-бір амалы тәрбиенің психологиялық негізге құрылу мәні, идеялардың заман мүддесіне қарай қайта жаңаша бағдарлануына байланысты екендігі түбегейлі дәлелденген.

Жоғарыда психология ғылымын зерттеу барысында біздер «аксиология» грек тілінен кірген «axia – құндылық», «logos – білім, ғылым» деген мағынаны білдіретін ұғым екендігі бұрыннан белгілі болғанына тоқталдық.

Талданған, жаңа философиялық дүниетаныммен зерделенген тарихи-мәдени және қазіргі ХХІ ғасыр басындағы ғылыми еңбектерден байқаған құндылықтарымыз Л.С. Выготскийдің, А.Н. Леонтьевтің, Р.С. Немовтың, С.Л. Рубенштейннің, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі бүгінгі

Қазақстан Республикасының білім жүйесіне тигізер рухани құндылықтары матрицаға салынып, суггестивті тұстары таксономия құруға нысана болып, функционалдық сауаттылықтың генезисі айқындалып, оның семиотика, семантика, синтактика блоктарының модуль құрауына қозғаушы күш екені дәлелденді. Жалпы қазіргі мұғалімдердің қолданысындағы «функционалдық құндылықтың» туындау ғылыми генезисінің өрісінен ауытқып кетушілікті аңғару зерттеу барысында анықталды [50]. Ал «суггестивті» тек Гештальт теориясымен ғана емес, Л.С. Выготскийдің, М. Жұмабаевтың еңбектерінде тереңнен зерттелгені бүгінгі білім жүйесіне аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлікпен құруға бірден-бір ғылыми негіз.

Г. Брейкуэллдің көзқарасы бойынша, адам әлеуметтік әлеммен өзара іс-қимыл жасай отырып, олардың көмегімен өзін танитын ұғымдарды меңгереді, бұл психологиялық бірегейлікті қалыптастырудың түсіндірмесіне үндес. Демек, зерттеуші бірегейліктің әлеуметтік шығу тегі жеке тұлғаға қатысты бастапқы болып табылады деп санайды: Автор бірегейліктің дамуын өмірдің өткен кезеңінде жеке және әлеуметтік бірегейліктің үздіксіз диалектикалық өзара әрекеттесу үдерісі ретінде түсінеді» [51].

Осылайша, шетелдік зерттеушілер келесі процестерді анықтады:

- 1) тұлғаның қалыптасуына әсері және әлеуметтік құрылым субъективті және айналадағы жеке рәміздерге байланысты;
- 2) қабылданған білім қорынан басқа нысандарды сәйкестендіру бірегейлікті қалыптастырады;
- 3) эго құрылым ретінде – қажеттіліктерді, қабілеттерді, көзқарастарды және жеке тарихты ішкі, өзін-өзі қалыптастыратын, оны ілгерілететін жүйені жасау;
- 4) мақсаттар мен құндылықтарды іріктеу және оларды иемдену - жеке тұлғаның бірегейлігі;
- 5) бірегейліктің әлеуметтік шығу тегі жеке тұлғаға қатысты алғанда бастапқы болып табылады.

Орыс әлеуметтануында алғашқылардың бірі болып Б.А. Грушин, Н.И. Лапин, И.С. Кон, В.А. Ядов алғашқылардың бірі болып бірегейлік талдауына жүгінді. Э. Эриксонның ізбасары болған И.С. Кон алғашқылардың бірі болып бірегейлікті тұлғаның жеке жақтарының интегралы ретінде қабылдай отырып, сана-сезімді, өзіндік «Мен» сезімінің ашылуын анықтады.

Т.В. Гудкова [52] бірегейлікті жағымды және жағымсыз деп бөлу дәстүрін жалғастырды және өзінің кітабын жағымсыз бірегейлікті зерттеуге арнады.

Ресей ғылыми біліміндегі зерттелетін дефиницияны жіктеу және жүйелеу туралы айта отырып, біз В.Н. Ефименконың [53] көзқарасын ұстанамыз, ол өз жұмысында «бірегейлік» мәнін нұсқалы анықтаған:

- бірегейлік – тұлға құрылымындағы маңызды элемент;
- сәйкестіктің негізгі компоненттері – мақсат, құндылықтар, көзқарастар, бұдан бірегейліктің жандандыратын, бағалайтын және мазмұндық функционалдық мағынасының бірлігі байқалады (А. Ватерман және басқалар);

– бірегейлікті дамыту модельдерінде ұсынылған бірегейліктің динамикалық қасиеті;

Өз кезегінде зерттеуші Т.А. Каратаева [54] бірегейлікті түсінудің мынадай тәсілдерін атап көрсетті:

– индивидтің мінез-құлық тәсілдеріне әсер ететін жеке тұлғаның негізгі мағына құрайтын орталығы оның ойлауы, құндылық бағдарлары және өмірлік мағыналары;

– қатыстылық (ағылш. identity, латынша- identicus) өзіннен гөрі үлкенірек нәрсеге (отбасына, достарына, мектепке, Отанға, ғаламға, Құдайға) қатыстылық; субъектінің өзін «осылай» түсінуінің нәтижесі.

Қорыта келгенде, зерттеушілердің еңбегіндегі аксиологиялық парадигмадан ұлттық бірегейлікті интеграциялау мәселелері арнайы зерттелмесе де, біздер педагогика, психология ілімдеріне қажетті тағылымдық негіздерді сараладық деп есептейміз.

Мектепте аксиологиялық парадигмамен интеграцияда ұлттық бірегейлікті құрастыру тетіктерін талдау бұдан әрі қазақстандық білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамыту жолдарын ұғыну үшін материал бола алады.

### **1.3 Білім алушылардың аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейлікті дамытуда жобалық оқыту арқылы жүзеге асыру**

Алдыңғы бөлімдерде біздер білім беру жүйесіндегі аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейліктің дамуын қарастырып, оның ұлттық бірегейлікпен интеграциясының ғылымилығын анықтап, бірқатар өзіміздің тараптарымыздан тұжырымдар ұсындық. Осы тараудың негізгі мақсаты: білім алушылардың ұлттық бірегейлікті дамыту процесінде аксиологиялық парадигманы ұтымды қолдану қызметін жобалаумен іске асыру мәнділігін анықтау.

Сөздікте «қызмет» адамның іс-әрекеті арқылы оқу процесінде оның мәнділік пайымдамасы ашылады деген семантиканы түсіндіреді. Мұның алгоритмдік желілерін төмендегі түзіліммен ұсынамыз:

1) заттық қажеттіліктерін табуға қатысты адамның атқарар қызметі;  
2) қоғамдық хал-ахуал және саяси, бұл жағдайда адамның қоғамдық қатынастарға қатысуы, өмірін ұйымдастыруға ықпал жасаудың әртарапты түрлері;

3) рухани, ғылыми қызмет, өнер, дін салаларындағы атқарар қызметтер. Қызметтердің басымы тарихи қағидаға қатысты қолданымға ие болып келеді.

Олар еңбек бөлінісінің ықпалын сезінеді, бұл адамдардың қажеттіліктерінің өсу процесінің жоғары динамикасына, олардың әртүрлілігіне байланысты. Нәтижесінде, қоғамдағы қызмет элементтері адамдар, олардың қажеттіліктері мен мүдделері, іс-әрекеттің мәні, іс-әрекеттің себептері, мақсаттары, оны жүзеге асырудың құралдары мен формалары жүйе ретінде пайда болады. Мұның өзі рухани құндылықтарды зерделеу процесінде аксиологиялық парадигмамен бағамдауға көңіл бөлінеді.

Заң шығарушы-реттеуші қоғамдағы қызметтің субъектілері ретінде саяси, құқықтық және әлеуметтік институттардың кіші жүйесі маңызды рөл атқарады. Рухани қызмет адамдарға өмірдің әлеуметтік (ұжымдық) аспектілеріне деген көзқарасты дамытуға ғана емес, сонымен қатар өмір мен өлімнің, сенімнің және т.б. мәңгілік мәселелерін шешуде жеке сұраныстарды қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Үдеріс ретінде қызмет мыналарды қамтиды:

- 1) білім кеңістігін өзгерту бағдарламаларының жиынтығы;
- 2) кез келген бағдарламадан туындайтын процестер;
- 3) операциялар.

Кез-келген қызмет арнайы дайындықты кәсіби біліктілікті, тәжірибені, құзыреттілікті қажет етеді [55];

Кеңес энциклопедиясы бұл тұжырымдаманы былай түсіндіреді:

«Қызмет - бұл қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынастың ерекше адами формасы, оның мазмұны оның қисынды өзгеруі мен жаңаруынан тұрады.

Кез-келген қызметке мақсат, құрал, нәтиже және қызмет процесінің өзі кіреді, сондықтан оның саналы болуы қызметтің ажырамас қасиеті болып табылады. Қызмет – бұл әлеуметтік прогрестің нақты қозғаушы күші және қоғамның өмір сүруінің шарты [56].

Осыған ұқсас контексте, жоғарыда аталған барлық тұжырымдамалардан біз педагогикалық сөздікте келтірілген анықтамамен келісуге болады: «қызмет – бұл адамдардың әлеуметтік-тарихи болмысының нақты формасы, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты мақсатты түрде өзгертуі. Табиғат заңдарынан айырмашылығы, қоғам заңдары шындықтың жаңа формалары мен қасиеттерін құратын, кейбір бастапқы материалдарды өнімге айналдыратын адам қызметі арқылы ғана анықталады. Оның субъектісі жүзеге асыратын кез-келген қызметке мақсат, құрал, трансформация процесінің өзі және оның нәтижесі кіреді. Бұл қызметтің түбегейлі ашықтығы мен әмбебаптығын көрсетеді» [57].

Көптеген зерттеушілер *қызметті* адамның функциясы, сана-сезімге ие жеке субъект ретінде қарастырады, ал басқалары бұл тұжырымдаманы қоғам мен адам дамуының әмбебап формасы ретінде түсіндіреді, үшінші біреулер адамның, әлеуметтік топтың немесе қоғамдастықтың сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің динамикалық жүйесі тұрғысынан бағамдайды. Бұл ұғымды қарастыру кезінде табылған идеялардың алуан түрлілігіне байланысты біз ғылыми дереккөздерді талдау негізінде төмендегі анықтамаларға назар аудардық, олар біздің ойымызша, мәселенің мәнін ашады және біз соларды көбірек құптаймыз.

Ресей ғалымдарының тұжырымдарында бар «қызмет» ұғымының анықтамаларын жіктеу және жүйелеу туралы айта отырып, біз А.П. Огурцовтың [58], Э.Г. Юдиннің [59] және А.И. Симоновтың [60] көзқарастарын ұстанамыз, олар өз еңбектерінде «қызметтің» концептуалды мәнін зерттеген. Авторлар неміс классикалық философиясын талдап, ұтымдылықпен, белсенділік пен бастаманың әртүрлі бағыттарымен талданып тұжырымдалған жеке тұлғаның жаңа тұжырымдамасы жеңіске жетті деген қорытындыға келеді, атап айтқанда:

– «субъект («Мен») таза әуесқойлық әрекет ретінде, әлемді құратын еркін әрекет ретінде («Мен» емес) этикалық идеалға бағдарланады;

– іс-әрекет абсолютті рухтың кең таралған қасиеті ретінде, соңғысының өзін-өзі өзгертуге деген имманентті қажеттілігінен туындайды. Осылайша, еуропалық мәдениетте қызметті бүкіл мәдениеттің негізі мен принципі ретінде қарастыруға алғышарттар жасалды.

Әрі қарай, зерттеушілер ХХ ғасырдың екінші жартысында орыс философиясында ұсынылған осы ұғымның анықтамаларын нұсқалы тұрғыда жүйелеуді ұсынды:

1) «қызмет» ұғымын әзірлеуді Москва логикалық үйірмесінің өкілдері мазмұнды – генетикалық логика бойынша жүзеге асырды;

2) қызметтің жалпы теориясын әзірлеу қажеттілігі қойылған жүйелік-ойлау әдіснамасы (Москва әдіснамалық үйірмесі).

Осылайша, қызметті зерттеу бойынша жұмыстың негізгі нәтижесі әдіснаманы арнайы қызмет ретінде институционализациялау екеніне, қызметтің өзі оның объектісі мен мәні болып табылады деген түйін жасаған [61].

Алайда, Е.А. Тюгашев қызметтің жалпы түсінігін анықтауда А.П. Огурцов пен Э.Г. Юдин генерализация кезеңін, арнайы ғылыми идеяларды қызмет туралы жалпылама жеке, арнайы-ғылыми тұғырда өткізіп алды деп санайды. Автор зерттеушілердің қызмет анықтамасын қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынастың адами формасы ретінде қабылдауының аксиомалық сипаты ретінде көрсетеді. Бірақ бұл қызмет ұғымы қаншалықты жалпы? Оны қолдану аясы тек гуманитарлық ғылымдармен шектеле ме? Мазмұны жағынан «адам қызметі» ұғымынан өзгеше «қызмет» ұғымына қажеттілік бар ма? Мүмкін, қызметтің антропологиясы қызмет адамдарға және тек адамдарға тән екендігіне негізделген шығар. Бірақ егер қызмет және адамның қызметі бірдей болса, онда қайталанатын термин қажет емес дейді Е.А. Тюгашев [62].

Тақырыбымызда «қызмет» ұғымының жеке зерттелуінің себебі білім алушылар – білім кеңістігінің жүйесін құрайтын субъектілер. Білім кеңістігінің өзі уақыт межесіне жіктеледі, ол – ХХІ ғасырдың біліми-ғылыми мәнділігі. Мәнділікті айқындайтын индикатор–аксиологиялық парадигманының ұлттық бірегейлікпен интеграциясы. Тақырыбымызда «ұлттық бірегейлік» ұғымын біздер ХХІ ғасырдағы білім кеңістігіндегі көрінісін анықтауға мүмкіндік берер нысан деген дәйектеме тұрғысында қарастырып отырмыз. Сондықтан «қызмет» жайлы екі түрлі формацияның зерттеушілеріндегі тұжырым-түсініктерін біздер салыстармалы мәнде саралау қағидасымен қарастыруды мақсат тұттық, жоғарыдағы А.П. Огурцов пен Э.Г. Юдин және А.И. Симоновтың неміс классикалық философиясын қарастыруы, И.Г. Фихтенің «субъекті –Мен» деген пайымдары қазақ халқының ғұламаларының еңбектерінде ұлт бірегейлігіне қатысты ғылыми тұжырымдары зерделенгеніне басымдық беруге болады. Білім мазмұнына 1.1-бөліміндегі ұсынылған кемеңгерлер шығармашылығын аксиологиялық парадигма тұрғысында сараланған ғылыми тұжырымдар ұлттық бірегейлікпен интеграциялау қызметін іске асыру көзделеді.

К.М. Оганяның пікірінше, ХХ-ХХІ ғасырдың тоғысында, адамның іс-әрекеті өзінің ауқымы мен салдары бойынша табиғаттың ең күшті деструктивті процестерінің әсерімен салыстырмалы болған кезде, әлеуметтік қызмет


нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығы мәселесі қазіргі кезеңде өткір болып отыр. Зерттеуші жеке тұлғаның іс – әрекетінде қарым – қатынастың төрт түрін көрсетеді: адамның затқа қатынасы - оны қоршаған заттардың жиынтығы, жасалған, тұтынылатын және т.б. құрайды; оның басқа адамға қатынасы - адамдарға, олардың топтарына, жалпы қоғамға қатынасы; оның табиғатқа қатынасы; оның өзіне деген көзқарасы [63].

Осылайша, әлеуметтік-философиялық көзқарастардың қысқаша шолуы, жоғарыда келтірілген теориялық ережелер негізінде, С.Н. Тумановтың пікірінше, «...әлеуметтік дамудың нақты және дерексіз мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік және жеке белсенділіктің нысаны ретінде» қарастырылуы керек екенін көрсетті.

Бұл мәселенің генезисін зерттеу кезінде ресейлік психологтар арасында психологиялық ғылыми білімнің әртүрлі көздерінен «қызмет» ұғымының көптеген түсіндірмелері мен анықтамалары табылды, бірақ біз О.Р. Карабанованың жұмысын ең қолайлы деп таптық [64]. Психологиядағы қызмет проблемасының қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы зерттеу нәтижелерінің графикалық схемасы 8-суретте көрсетілген.

Бұған дейін атап өтілгендей, кезеңдеуге сәйкес, іс-әрекет теориясының дамуы С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, Н.А. Бернштейн, А.Р. Лурия, П.Я. Галперин, А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, Б.Ф. Ломов, В.В. Давыдов және т.б. сияқты ғалымдардың аттарымен байланысты танымал.

Осы кезеңде – нейро және патопсихология (А.Р. Лурия, В.Н. Мясичев), шығармашылық психологиясы (Б.М. Теплов), адам тану (Б.Г. Ананьев), психофизиология (Н.А. Бернштейн, А.В. Запорожец), еңбек психологиясы (Н.Д. Левитов, К.К. Платонов және т.б.), балалар және педагогикалық психология (П.Я. Халперин, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, А.А. Смирнов, Д.Б. Эльконин және т.б.) салаларында іс-әрекет тұрғысынан зерттеулер жүргізіледі.



Сурет 8 – Жалпы психологияда қызмет проблемасының қалыптасу кезеңдерінің сұлбасы

XX ғасырдың соңғы ширегінде Б.Ф. Ломов психологияда жүйелік әдіснаманы және қызметті зерттеуде жүйелік тәсілді қолдану қажеттілігін негіздеді [65].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу барысында біз С.В. Матюшенко, В.И. Гинецинский, Ф.Н. Гоноболин, А.В. Мудрик, Н.Д. Никандров, А.А. Деркач, Г.А. Засобина, Н.В. Кузьмин, Ю.Н. Кулюткин, А.И. Щербаков, В.А. Якунин, В.А. Канкалик, В.А. Слостенин, Н.В. Кузьмина сияқты зерттеушілердің және басқалардың еңбектері педагогика тұрғысынан қызмет проблемасына арналғанын анықтадық.

В.А. Слостенин «іс-әрекет» ұғымын білімденудің инновациялық технологияларын іске асыруға аксиологиялық парадигманы эмпирикалық және алгоритмдік, аксиологиялық парадигманың бірлікте қолданым табуына мән берген. Бұл орайда, біздердің зерттеу жұмысымыздың дереккөзі ретінде ХХІ ғасырдың жоғары оқу орындарында білім кеңістігіндегі аксиологиялық парадигманың атқарар қызметінің ұлттық бірегейлікпен интеграциялануының қажеттілігін айқындау процесіне жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдардың көмегі зор екені анықталды [66].

С.В. Матюшенко іс-әрекет педагогиканы дамыту проблемалары арқылы қарастырады және бұл әлеуметтік қызметтің ерекше түрі; балаларды тәрбиелеу процесін жүзеге асыруға және басқаруға бағытталған ересектердің саналы, мақсатты қызметі деп санайды. Сонымен қатар, зерттеуші педагогикалық іс-әрекеттің сапасын, ерекшелігін анықтайды және педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі оны теориялық, практикалық, бір уақытта орындаушылық қызмет ретінде қарастыруға болады деп санайды [67].

Көптеген қазіргі заман зерттеушілері «қызмет» ұғымын саналы меңгерудегі педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі теория мен практиканың бір уақытта көрініс беруін С.В. Матюшенко анықтап бергенінен бихабар болып, теорияның рөлін төмендетіп, практикалық қызметті басымдық деп, кейбір білім беру кеңістігіндегі зерттеушілердің ой қорытуы түбінде білім кеңістігін жалғандыққа жетектеумен бара-бар. Салдарынан «практик» деген баға теориясыз қызметті айқындайды, ал «прагматик» терминнің біздерде қолданылмауы кешегі тоталитарлық кеңістіктегі дәстүрлі қызметтің көрінісі. Біздің еңбегіміздегі «көрініс» ұғымы осы мәселені қарастыруға қатысты алынды.

Біз В.И. Гороваяның, С.И. Тарасованың пікірін ұстанамыз, сонымен қатар «педагогикалық қызмет» ұғымы соңғы жылдары педагогиканың ұғымдық-терминологиялық жүйесіне мықтап еніп, оның негізгі категорияларының бірі ретінде әрекет етеді, ал оның мәнін түрлі авторлар әр түрлі анықтайды [68].

Ғылыми дереккөздерге талдау жасай отырып, біз осы ғылыми категорияны түсіну тәсілдерінің келесі үлгісіне келдік:

– «адамның қоршаған әлемге қатынасының мұндай формасы, ол қоғамның өмір сүруінің шарты ретінде *адамдардың мүдделерін мағыналы түрде өзгертеді және жаңартады*»;

– қызмет – «адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған *мақсатты іс-қимыл жүйелерінің* (операцияларының, рәсімдерінің) жиынтығы»;

– «*мамандық-бұл ғылыми пәннен көрініс тапқан объективті шындықтың кейбір фрагментімен байланысты объективті түрде қажетті ерекше қызмет түрі*»;

– «*педагогикалық қызмет әлеуметтік орындаушылық метақызмет ретінде және бұл қызмет «адам – адам – әлеуметтік қауымдастық» жүйесі аясында жүзеге асырылатындығын баса айтады*;

– «*педагогикалық қызметтің мәні эргономика әзірлеген қызметтің жалпы теориясында жатыр. Эргологиялық тәсіл педагогикалық қызметтің жалпы құрылымындағы ерекше сәттерді ескереді*»;

– «*процессуалдық тұрғыдан педагогикалық іс-әрекет балалармен шығармашылық өзара іс-әрекет жасалғанда және олардың тұлғасын шығармашылық қалыптастыру жағдайы құрылғанда болады*;

– «*педагогикалық іс-әрекет өз табиғатында – бұл әр түрлі сыныптар мен деңгейлердің типтік және ерекше педагогикалық міндеттерінің сансыз жиынтығын шешу үдерісі*»;

– «*педагогикалық қызмет екі жоспарда: жалпы педагогикалық– қоғамдағы педагогикалық ықпалдың жиынтығы және кәсіби-педагогикалық-мемлекет ұйымдастырған қызмет*».

Жоғарыдағы топтамамен ұсынылған зерттеушілердің еңбектерін трансформациялау кезінде біздер оның жүйесін 9-суретке (5-матрицаға) түсірдік.

Аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен интеграциясын жүзеге асыруға қызмет етер мәнділікті зерттеушілердің еңбектерінен саралаудың нәтижесі	
В.И. Горояя, С.И. Тарасов	Педагогикалық қызметтің құрылымы – теория мен практиканың бір уақытта орындалуы
Б.Г. Ананьев	Қоғам өмір сүру шартын адам өз мүдделі мағынасымен өзгертеді
В.Ф. Взятыхшев	Қызмет – әртүрлі мақсатты қажеттілікпен саралап, оны іс-әрекетке жүйелеу
Е.И. Рогов	Мамандық – ғылыми біліми пәннен көрініс тапқан объективті шындық
В.И. Гинецинский, Ф.Н. Гоноболлин, А.В. Мудрик, Н.Д. Никандров	Педагогикалық қызмет – мета-қызмет ретінде, жеке дара және қауымдастық
А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина, А.И. Щербаков	Этологиялық тәсіл – педагогикалық қызметтің құрылым ерекшеліктері
В.А. Кан-Калик	Педагогикалық қызмет – балалармен шығармашыл қызмет
В.А. Сластенин	Әр типтегі сыныптар мен деңгейліктердің түрлі-түрлі міндеттерінің сансыз жиынтығын шешуі

Сурет 9 – Шетел зерттеушілерінің еңбектеріндегі «қызмет» ұғымының жиынтығы (матрица 5)

Біздердің қарастырып отырған көкейкесті мәселелеріміз «қызмет» ұғымын білімденудің инновациялық технологияларына қиылыстыру. «Технология» білім алушылардың ойлау өнерін шама-шарқының жоғары деңгейіне дейін көтеру. Білім мазмұнында біздердің зерттеу еңбегімізде стандарт шегінде арнайы пән болмағандықтан, білім мазмұны мен оқыту мазмұнының әзірленген өнімі жоқтың қасы. Осының нәтижесінде, білім алушылардың теория мен тәжірибені бір уақытта меңгерулерін іске асыруда олардың жас ерекшелігі мен нейропсихологиясы және оқу еңбегінің психологиясына қатыстылығын ескеруді ұсынамыз. Бұл тұжырымымыз келесі екінші тараудың бөлімдеріне сабақтастық қағидамен жалғасын табады.

Алайда, жоғарыда аталған тәсілдер толық емес және 1-кестеде гуманитарлық бағыттағы әртүрлі ғылыми білімдер бойынша зерттеушілердің еңбектеріндегі «қызмет» ұғымының анықтамаларын айқындаудың негізгі тәсілдері көрсетілген.

Кесте 1 – Зерттеушілер еңбектерінде «қызмет» ұғымын айқындау тәсілдері (1964–2018)

Автор	Ғылыми әдебиет көзі	«Қызмет» ұғымының мазмұны
1	2	3
<i>Философияда</i>		
Кант И.	Кант И. 6-томдық шығармалары. 3-том М., 1964	Заттарды тану-бұл әрекет. Бұл қызмет дәйекті түрде жүреді, өйткені «...тікелей сызық салу кезінде біз ішкі сезімді дәйекті түрде анықтаймыз...»
Гегель Г.	Гегель Г. Логика ғылымы. 1-том. Екінші бөлім. Мән туралы ілім. 2-бөлім 2. Шындық. §142-148. // Философия ғылымдарының энциклопедиясы. 1-том. М.: Мысль, 1975. - 312-327-б.	Қызмет –бұл бастапқы мақсатты (объективті, бірақ идеалды) материалға(бұл да объективті, бірақ нақты)іске асыратын әрекет. Қызмет–бұл мақсатты іске асыру, идеалды материалға айналдыру үдерісі. Қызмет осы уақытқа дейін адамның, санаға ие жеке субъектінің функциясы ретінде түсінілді және түсіндіріліп келеді
Маркарян Э.	Маркарян Э.С. Мәдениет теориясы және қазіргі заманғы ғылым. М., 1983. 100-б.	Қызметті тірі жүйелердің ақпараттық бағытталған белсенділігі ретінде анықтау
Демин М.В.	Демин М.В. Қызмет табиғаты - 15-б.	Әрекет – бұл қисынды белсенділікпен кірісетінтіршілік иелерінің іс-әрекеті
Гуляихин В.Н.	Гуляихин В.Н. Қызмет теориясының кейбір тұжырымдамалық мәселелерін логикалық-философиялық талдау // ВолМУ хабаршысы. 7-серия: Философия. Әлеуметтану және әлеуметтік технологиялар 2004. № 3. 23-б.	Іс-әрекет қоршаған материалдық және рухани ортаны мақсатты және қисынды түрде өзгертудегі қоғам мен адам дамуының жалпы формасының бір түрі ретінде
Щедровицкий Г.П.	Щедровицкий Г.П. Қызмет теориясы шеңберінде оқыту және дамыту проблемаларын талдаудың бастапқы қағидаттары туралы. // Оқыту және дамыту. Симпозиум материалдары. - М., 1966.	Бұл бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін ағын. Ұрпақтар туады және өледі, ал қызмет солар арқылы жүреді және көбінесеоның биологиялық субстратына тәуелсіз болады
<i>Әлеуметтануда</i>		
Оганян К.М.	Оганян К.М. Әлеуметтану: қолданбалы бакалавриатқа арналған оқу құралы/ К.М. Оганян, К.К. Оганян. - Москва. Юрайт баспасы, 2018. – 154 б.	Әлеуметтік белсенділік–бұл адамның, әлеуметтік топтың немесе қоғамдастықтың сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің динамикалық жүйесі, оның барысында адамның әлеуметтік болмыс ретінде өндірісі мен көбеюі жүреді, табиғи және әлеуметтік әлемнің тиісті өзгеруі

1-кестенің жалғасы

1	2	3
		мен қайта құрылуы жүзеге асырылады, материалдық және рухани құндылықтар құрылады
Фофанов В.П.	Фофанов В.П. Әлеуметтік қызмет жүйе ретінде. – 139 б.	Іс-әрекет дегеніміз-«субъектінің объектіге әсер ету үдерісі (тәсілі)»
Каган М.С.	Каган М.С. Адам қызметі (жүйелі талдау тәжірибесі). - 43-б.	Адамның іс-әрекетін объектілерге немесе басқа субъектілерге бағытталған субъектінің қызметі ретінде анықтауға болады
<i>Психологияда</i>		
Рубинштейн С.Л.	Рубинштейн С.Л. Жалпы психология негіздері. -Питер баспасы.,2002 ж. 720-б.	Адамның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өмірдің алдына қойған міндеттеріне қандай да бір қатынасы жүзеге асырылатын үдеріс
Леонтьев А.Н.	Леонтьев А.Н. Қызмет. Сана. Тұлға. М., 1982. 19 б.	Егер іс-әрекет қоғам дамуының әмбебап нысаны ретінде анықталса, онда әлеуметтік және жеке даму заңдарына сәйкес келетін іс-әрекет түрлері ғана танылуы керек
Бажанов В.А.	Бажанов В.А. Қызмет тәсілі және қазіргі заманғы когнитивтік ғылым // Философия мәселелері. 2017. № 9. 162–169-б.б.	Іс-әрекет – бұл объективтену және объективсіздену процестерінің бірлігі. Іс-әрекеттік тәсіл жалпы және когнитивтік ғылымдарда, атап айтқанда, жекелеген объектілер – заттардың болуын белгілеуге қарағанда, іс-әрекетке неғұрлым іргелі онтологиялық мәртебе беретін тұжырымдама ретінде танылады
Гальперин П.Я.	Гальперин П.Я. Баланың зияткерлік даму мәселелеріне // Психология мәселелері 1969. №6	Іс-әрекет субъект жаңартатын және белгілі бір нәтижеге әкелетін үдеріс ретінде түсіндіріледі
<i>Педагогикада</i>		
мәселелері. - М., 2012. №5 Боровских А.В., Розов Н.Х.	Боровских А.В., Розов Н.Х. Педагогикадағы іс-әрекет санаты және іс-әрекет қағидаттары // Философия	Білім берудің мақсаты-адамды қоғамдағы болашақ іс-әрекетке дайындау, ал білім берудің мазмұны – адам іс-әрекетінің жалпы әдістері мен формаларын игеру
Кан-Калик В.А.	Кан-Калик В.А. Педагогикалық қызмет шығармашылық процесс ретінде, 1976. 39-б.	Біз педагогтың шығармашылық процесін өзгертін жағдайларда сан алуан оқу-тәрбие міндеттерін үнемі шешуге бағытталған қызмет ретінде қарастырамыз
Шабарина И.Ю.	Шабарина И.Ю. Білім берудегі іс-әрекет тәсілі <a href="http://www.informio.ru/">http://www.informio.ru/</a>	Білім берудегі іс-әрекет тәсілі– бұл білім беру технологияларының немесе әдістемелік тәсілдердің жиынтығы емес. Бұл білім беру философиясы, әдістемелік базис

Жоғарыдағы зерттеушілердің біздің еңбегімізге қатысты «қызмет» ұғымын іс-әрекет шеңберінде қалай қолданар едік? –деген зерделеу іс-әрекетін ұйымдастыруға көмек келер тұсы не? –деген қарама-қарсы сұрақтың тууына. Жауапты төмендегі 2-кестемен береміз.

Кесте 2 – Білім алушылардың ойлау өнерін өркендетуге қызмет етер тәсілдер

Кант И.	Қызметті дәйекті жүргізу адамның ішкі сезімін оятады
Гегель Г.	Уақытқа қызмет тәуелді, идеяны материяға айналдыру
Маркарян Э.С.	Ақпараттың қажеті мен ретін анықтау
Демин М.В.	Тіршілікті белсенділікпен қамтамасыз ету
Гуляихин В.Н.	Қызмет теориясының логикалық философиямен талдау
Оганян К.М.	Адамның болмыс ретінде өндірісі мен көбеюі жүреді; өзгеру мен қайта құру жүзеге асады
Фофанов В.П.	Қызмет субъектінің субъектіге ықпалы
Каган М.С.	Адам қызметінің жүйелеу, талдау, тәжірибе жинау
Рубинштейн С.Л.	Адам+қоршаған+табиғат байланысы
Леонтьев А.Н.	Өлеуметтік және жеке даму заңдарына сәйкес іс-әрекет
Бажанов В.А.	«Шындық», когнитивтік ғылым, онтологиялық мәртебе
Боровских А.В.	Білім беру мақсаты – адамды қоғамға даярлау, білім беру мазмұны – адам, қызметінің жалпы әдістері мен формаларын игеру

2-кестеде аксиологиялық парадигманың білім алушылар санасына орнығуын қамтамасыз етуге қызмет етер тәсілдерді жинақтау мақсатымыз «білім мазмұны», «оқыту мазмұны» нысандарының ғылымдық қағидатын жүзеге асыруда ұтымды қолданатын әдіс-тәсілдер сұрыпталуы көзделеді.

Жалпы іріктемеге сүйене отырып, біз іс-әрекетті түсіну «...адамның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өмір оның алдына қойған міндеттеріне қандай-да бір қатынасы жүзеге асырылатын процесс ретінде» дәлірек көрінеді деген қорытынды жасаймыз. Өмірдің алдына қойған міндеттеріне адамның қатынасы іс-әрекеттің маңызды белгісі деп танылады. Сондай-ақ, осы тұрғыдан алғанда, В.А. Иванникова субъектіде мінез-құлық міндеті болмаса, іс-әрекет басталмайтындығын көрсетеді [69].

Мінез-құлық міндеті адамда келесі жағдайларда пайда болады:

- а) қандай да бір қажеттілікті өзектендіру кезінде;
- ә) субъекті орындауға қабылдайтын қоғамның (мемлекеттің) талап етуі бойынша;
- б) болашаққа бағдарланған адамның шешімі бойынша (алдағы қажеттіліктерді өзектендіруді және болашақта теріс оқиғаларды болдырмау қажеттілігін ескеретін).

Қоғамның талаптары және адамның жеке шешімдері жоғары психикалық функция түріне сәйкес ерікті мінез-құлық пен ерікті мотивацияға ауысуды қамтиды. Іс-әрекетті құру екі шарттың болуын талап етеді:

Бірінші және негізгі шарт – бұл субъектіде мінез-құлықты білдіретін өмірлік міндеттің болуы, яғни мінез-құлықсыз шешуге болмайтын міндет. Екінші шарт – субъектінің қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы.

Іс-әрекеттің туындауы аралық ішкі міндеттерді шешуді көздейтін бірқатар кезеңдерден өтеді.

Бірінші кіші міндет – субъектінің қалыптасқан жағдайда нақты мінез-құлықтың қажеттілігін қабылдауы.

Екінші кіші міндет – мінез-құлық міндетін таңдау, егер ол субъектіде екі немесе одан да көп болса. Екі немесе одан да көп қажеттіліктерді жаңарту кезінде субъект оларды қанағаттандыру тәртібін таңдауы керек немесе бір мінез-құлық мәселесін шешу басқа қажеттілікті ішінара немесе толық қанағаттандыруды қамтамасыз етсе, немесе ол үшін жағдай жасаса, оларды үйлестіру мүмкіндігін бағалауы керек [70].

Біздің зерттеуіміздің көкейкестілігіне орай, біз қызметтің белгілі бір ерекшелігін – жобалық қызметті таңдадық. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу барысында біз жобалық қызмет, жобалау, жобалау әдісі, жобалық оқыту проблемаларына келесі зерттеушілердің жұмыстары арналғанын анықтадық:

– *алыс шетелдер*: В.Х. Килпатрик, Е. Паркхурст, Р. Бертран, П. Петерсен, О. Декроли, С. Френе, Б. Отто, Дж. Брунер, М. Кнол.

– *Ресейде*: П.П. Блонский, С.Т. Шацкий, В.И. Слободчиков, Н.Ф. Талызина, И.С. Якиманская, Н.Ю. Пахомова, Е.В. Пономарева, М.В. Цыганова, Н.В. Горбунова, В.В. Гузеев, А.В. Хуторской, А.М. Матюшкин, И.В. Носаева, А.П. Панкрухин, Е.С. Полат, О.К. Тихомирова.

*Қазақстанда*: С.С. Құлмағамбетова, Ж. Артықбаев, Х. Арғынбаев, А. Сейдімбеков, М.Ш. Хасанов, А. Қоңыратбаев, Наурызбай, С.А. Ұзақбаева, Қ.Ж. Қожахметова, Ж. Хасанова, М.Е. Ержанов, З.А. Исаева, Н.В. Тумасова, А.Р. Ойнаров, С. Исабаева, А.Ф. Цеховой, С.К. Алғиев және т.б.

Білім алушылар танымдық іс-әрекетке қатысады деп қорытынды жасауға болады, мұнда танымның өнімі мен нәтижесі жаңа ұғымдар мен тұжырымдамалар болып табылады. Сонымен қатар, мектеп білім алушыларының осы іс-әрекетте алған білімдері субъективті және/немесе объективті жаңалықпен, белгілі бір өнім түрінде білімнің сыртқы көрінісімен бағамдалады, сонымен қатар олар нақтыланудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Білім алушылардың берілген жобалау мәселесінің мәніне ену тереңдігінде де, хабардарлықта, алынған нәтиженің маңыздылығында да көрінеді. Осы қызметте аксиологиялық парадигманың көмегі зор.

Білім алушылардың жобалау қызметі дегеніміз – оқу процесінің әр түрлі аспектілерінің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін және оқу субъектісінің жеке тұлғалық болмысын дамыту құралы болып табылатын шығармашылық жобаларды құру бойынша саналы түрде қойылған мақсатқа қажетсіну уәжбен қол жеткізуден тұратын білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігінің нысаны.

Жобалау қызметінің Н.В. Матяштың анықтамасына сүйене отырып, білім алушылардың жобалау қабілетін ілгері жылжыту бүкіл іс-әрекеттің қалыптасуын білдірмейді деп қорытынды жасауға болады. Шын мәнінде, жобалау қабілетін дамыту жобалау қызметінің элементтерін жүзеге асыру ретінде қарастырылуы

көзделеді. Жобалау қызметінің алға ілгерлеуімен қатар жүруі керек «тұтас жүйе, білім алушының жобалауды құрайтын әдістер мен іс-әрекеттерді игеруге қатысатын бірқатар жағдайлар», білім алушылардың жобалау қызметінің барлық компоненттерін (мотивациялық, танымдық, операциялдық және рефлексивті-бағалау) дамытуға мүмкіндік беретін оқыту процесінің жүйесі қарастырылуы керек [71].

Мектеп білім алушыларының жобалау қызметі тұтастай алғанда қызметтің барлық қасиеттерін байқатады, сондықтан адам қызметінің негізгі белгілері мен құрылымына ие. Ол білім алушы алдында мектепте алған білімдерін қызмет функцияларын жүзеге асыратын белгілі бір шығармашылық жобада синтездеу қажеттілігін қояды. Өз қызметін түзетумен, оны басқа адамдарға ұсыну үшін түсінумен байланысты іс-әрекеттер қызметті затсыздандыру процесін жүзеге асырады және дәстүрлі оқытуда өткізілмейтін шекаралары бар әртүрлі пәндер ішінде игерілген білім көрініс береді [72].

Біз өз жұмысымызда П.М. Горевтің және Е.В. Козлованың білім алушыларды жобалау қызметімен таныстыратын курс пәннен тыс болуы керек деген көзқарасты ұстанамыз. Ол жобалау қызметін адам қызметінің қандай да бір саласында немесе білімнің бір саласында жүзеге асыруға бағытталмауы керек, бірақ білім алушыларға әлеуметтік және ғылыми (ғылыми) міндеттерді шешуге бағытталған жобалау қызметінің әртүрлі форматтары туралы жалпы түсінік беруіне екпін жасаған.

Бұдан әрі авторлар жоғары сынып білім алушыларын жобалау қызметімен таныстыратын курс кемінде бірін-бірі толықтыратын және бір-бірімен байланысты үш бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс екенін көрсетеді:

- 1) жобаларды жасау және құрылымдау бойынша оқыту технологияларының қолданым аясын табу;
- 2) оны сәтті игеру үшін жобалау қызметіне қатысушылардың жеке қасиеттерінің өнім берер тұстарын анықтау;
- 3) жобалау қызметі арқылы ғылыми шығармашылық және тапқырлық тұлғаны дамытуын бағамдауы.

Отандық зерттеуші К. Биекенов жобалау қызметі кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс деп есептейді. Әлеуметтік сала объектілерін құру немесе қайта құру жөніндегі қандай да бір жобалық ойы (идеясы) және нақты тұжырымдалған мақсаты бола отырып, жобалаушы қазіргі кездегі бар жағдайларды зерделеуі, содан кейін өткен және қазіргі үрдістерді зерттей отырып, оның болашақ жай-күйін болжауы тиіс деген пікір айтады [73].

Жобалау қызметі мәселелерін зерттейтін қазақстандық авторлар арасында келесі идеяларды атап өткен жөн:

- *Қазақстан Республикасының классикалық университеттерінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының үздіксіз жүйесінің дамуы;*
- *педагогтардың белсенді ғылыми ұстанымын қалыптастыруы туралы;*
- *жоғары мектептің ғылыми қызметінің тарихы, теориясы мен технологиясы туралы;*

– мұғалімнің өз зерттеу мәдениетін түсінуінің бағдары ретіндегі білім берудің жаңа парадигмасы туралы;

– университеттік білім беру жүйесінде студенттердің жобалық құзыреттілігін қалыптастыру процесін әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу туралы және басқалар.

Зерттеуші Д.И. Мұхатаева университет жағдайында студенттерді жобалау қызметіне дайындаудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдай келе, студенттердің жобалық құзыреттілігін қалыптастыру ҚР БҒМ тарапынан зерттеу жобаларымен де нығайтылады, жоба жетекшілерінің студенттерді іздеу-зерттеу қызметінде алға ілгерілеу көрінісі олардың жобалық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды элементі болып табылады деген пікірге келеді [74].

Психологиялық-педагогикалық жұмыстарға жүргізілген талдау «жобалау қызметі» ұғымының көптеген анықтамаларын айқындады. Психологиялық-педагогикалық тұжырымдамадағы осы ұғымның негізгі анықтамаларын 3-кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 3 – Психологиялық-педагогикалық тұжырымдамада жобалау қызметін анықтау

Автор	Анықтама
1	2
Джонс Дж.К.	Жобалау процесі жасанды ортадағы өзгерісті тудыратын және жобалау сұлбасын ұсынатын қызмет түрі ретінде: талдау (дивергенция), синтез (трансформация); бағалау (конвергенция)
Гребенщикова В.Ю., Историк Л.К.	Өмірлік-тәжірибелік және танымдық жағдайларда бағдарлану үшін дайын білімді қолдану тәжірибесін, адам іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін жүзеге асырудың алдын-ала меңгерген әдістерін қолдану тәжірибесін, эмоционалдық-құндылық деңгейінде әлемге көзқарас тәжірибесін, шығармашылық тұрғыдағы тәжірибе, субъект жеке өзі жасаған «білім беру өнімі»
Ляхов И.И.	Жобалау қызметінің мәні әлемдегі ең озық өзгерістерге бағытталған рухани және тәжірибелік іс-әрекетте көрініс беруі
Коньшева Н.М.	Мектептегі жобалау қызметі оның тиімділігі бойынша білім алушылардың өнертапқыштық және шығармашылық қабілеттерін дамытудың ерекше құралы болып табылады
Алексеев Н.Г.	Жобалау қызметі – бұл жағдайды бөліп көрсету мен талдауды, проблеманы қоюды, креативті идеяны ұсынуды, ойды іске асыру үшін жағдайдың басқа қатысушыларымен ынтымақтастық құруды, жүзеге асырылатын іс-әрекеттің рефлексиясын, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді қамтитын инновациялық қызмет түрлерінің бірі
Михалкина Е.В.	Жобалау қызметі – бұл жоба шеңберінде нақты міндетті шешуге бағытталған, мақсатты нұсқаумен, мерзімдермен және қол жеткізілген нәтижелермен (немесе өнімдермен) шектелген іс-қимылдар жиынтығы
Тетерский С.В., Болотина Т.В.,	Жобалау қызметі – әрекет білім алушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру құралы ретінде «жоба бойынша жұмыс»,

### 3-кестенің жалғасы

1	2
Пастухова Л.С., Тетерская С.Г.	бұл табиғаты бойынша болашаққа бағытталған жұмыс екендігімен қызықты; баланың/жас адамның бойында белсенді субъектіні, муниципалды, аймақтық және федералды өлшемдердегі өзгеретін қоғам процестерінің қатысушысын қалыптастыру
Чечель И.Д.	Жобалау қызметі – бұл алдын-ала анықталған нәтижеге/мақсатқа жетуге, белгілі бір, бірегей жеке нәтиже жасауға бағытталған, басталуы мен аяқталуы бар ерекше қызмет
Евплова Е.В.	Жобалау қызметі – жеке тұлғаға бағытталған технология, білім алушылардың өзіндік қызметін ұйымдастыру проблемалық тәсілді, топтық әдістерді, рефлексивті, презентациялық, зерттеу, іздеу және басқа әдістерді біріктіретін, оқу пәнінің міндеттерін шешуге бағытталған әдісі
Деркунская В.А.	Жобалау қызметі – баланың ағымдағы және перспективалық мүдделеріне негізделген өзіндік іс-әрекеттің, мінез-құлық пен тәжірибенің сан алуан түрлері
Матяш Н.В.	Жобалау қызметі – бұл оқу процесінің әртүрлі аспектілерінің бірлігімен сабақтастығын қолдайтын және оқу субъектісінің жеке басын дамыту мазмұны бар шығармашылық жобаларды құру үшін саналы түрде қойылған мақсатқа жетуге негізделген білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігінің біртүрі
Маслов П.А.	Жобалау қызметі – білім алушылардың танымдық тапсырмаға тәуелсіз қол жеткізу әдістерін игеруге, танымдық сұраныстарды қанағаттандыруға, оқу жобасын орындау барысында алынған жеке тұлғалық маңызды белгілерді өзін-өзі жүзеге асыруға және дамытуға бағытталған өзара танымдық және шығармашылық іс-әрекет
Юсупов В.З.	Оны басқа биологиялық ағзалардан элеуметтік болмыс ретінде ерекшелетін адам қабілетінің түрі; - болашақ нәтиженің бейнесін жасаудағы рөлі анықталатын кез-келген әрекеттің элементі; - жобаны әзірлеумен және оны іске асыру тәсілдерімен өзара байланысты дербес қызмет түрі; - жобалық идеяны жүзеге асыру жағдайында пайда болу мүмкіндігі бар объектілер туралы түсінік беретін білімге, тәжірибеге және түйсікке негізделген танымның ерекше түрі; - объективті немесе субъективті түрде жаңа нәтиже алуға бағытталған қызмет әдіснамасы
Чанова М.В.	Жобалау қызметі – бұл нақты оқу өнімін жасау үшін білім алушылардың белсенді, тәуелсіз, шығармашылық қызметімен анықталатын проблемалық оқыту технологиясы
Бреднева Н.А.	Жобалау қызметі білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың көптеген аспектілерін ұйымдастырушылық жағдайлар деңгейінде де, қызметтің өзін жүзеге асыру деңгейінде де ескереді және жүйелейді
Джужук И.И.	Жобалау қызметі жеке қажетсіну уәжі мен құрылымында жаңалықтар жасайды: білім алушы жобалау қызметінің құралдарын саналы түрде таңдайды. Сонымен қатар, жаңа сапалы деңгейде баланың әлеуетін іске асыру шындыққа айналады, оны қоршаған әлемді және өзін зерттейтін, айналасындағы әлемде

### 3-кестенің жалғасы

1	2
	өзінің іс-әрекет тәжірибесін қабылдайтын белсенді субъект ретінде ашады
Поливанова К.Н.	Жобалық белсенділік белгілі бір сипаттамаларда ерекшеленуі керек. Оларға мыналар жатады: белгілі бір нәтижеге қол жеткізу: - нақты мәндердің барлық түрлерімен эскиз түрінде нәтиженің алдын-ала ұсынылған сипаттамасы; - белгілі бір дәрежеде нәтижеге қол жеткізу күнін нақты анықтау; - мақсаттарға қол жеткізу бойынша алдын ала жасалған іс-қимыл жоспары; - әрбір іс-қимылдың (операцияның) егжей-тегжейлі пысықталған қорытындылары бар уақыт көрсетілген кестенің болуы, олар кейіннен жиынтық жоба нәтижесінің сәттілігін қамтамасыз етеді; - әрекеттерді орындау, оларды белгілеу және түзету; - жобалау қызметінің өнімін алу, оны жобалаудың берілген мәнімен салыстыру, жаңа жағдайды талдау
Москвина Т.В.	Жобалау қызметі – бұл әртүрлі пәндерді (интеграциялық негізде) оқу кезінде алынған білімді, дағдыларды түсіну және қолдану
Пахомова Н.Ю.	Жобалау қызметі белгісіздік жағдайында мотивациялық факторларды (іздеу белсенділігі) дәйекті түрде анықтайды
Иоффе А.	Жобалау қызметі – бұл белгілі бір қажетті нәтижелерді болжай отырып, өз іс-әрекеттерін жүйелі жоспарлауға негізделген кез-келген жеке іс-әрекет
Антонова Е.И.	Жобалау қызметі – білім алушылардың мақсатты бағытталған іс-әрекеті, оның барысында алынған білім өзектендіріледі, дербес оқытудың бірегей жеке тәжірибесі жинақталады
Козлова О.А.	Білім алушылардың іс-әрекеттерінің жүйелі, ойластырылған дәйектілігі болып табылатын жеке тұлғаның белсенділігін көрсетудің үздіксіз динамикалық үдерісі

Ғылыми дереккөздер мен жоғарыда аталған ұғымдарды талдау және синтездеу негізінде біз Н.М. Конышева, Е.В. Михалкина, С.В. Тетерский, Т.В. Болотина, Л.С. Пастухова, С.Г. Тетерская, И.И. Джужук сияқты авторлармен келісе отырып, осы ұғымның өзіндік идеясы мен түсінігін нақтыладық, осылайша осы ұғымның жалпыланған анықтамасын синтездедік:

– жобалау қызметі - бұл білім алушылардың өнертапқыштық, рационализаторлық және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы;

– жоба аясында нақты мәселені шешуге бағытталған;

– және алған білімдерінің негізінде елдің немесе жеке елді мекеннің «болашақ бейнесін» құру, талқылау;

– жас адамның бойында белсенді субъектіні, өзгермелі қоғам процестерінің қатысушысын қалыптастыру;

– қоршаған әлемді және өзін зерттейтін, айналада болып жатқан іс-әрекеттердегі өз тәжірибесін қабылдайтын.

Сонымен, ғылыми әдебиеттердегі «жобалау қызметі» ұғымына талдау жасай отырып, біз ол көп мағыналы, көп нұсқалы, нақты анықтамасы жоқ деген

қорытындыға келеміз. Осыған байланысты біз жоғарыда келтірілген шетел зерттеушілерінің зерделеген ұғымының анықтамалары негізінде синтезделген анықтама түрінде ұсынылған жеке қорытындыға келдік. Алайда, осы анықтамалардан басқа, В.С. Лазаревтің жұмысында ұсынылған біздің жұмысымыз үшін келесі маңызды тұжырымды атап өткіміз келеді: жобалау қызметі студенттерге әлеуметтік шындықтың немесе өз өмірінің кейбір салаларындағы мәселелерді айқындау және шешу үшін ең жақсы мүмкіндіктер береді. Онда проблемаларды қоюдың және шешудің әмбебап құралдары әзірленген. Оған осы құралдарды қосу және игеру білім алушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді:

- проблемалық жағдайларды талдау және қызметтің көкейкесті мәселелерін қою;
- мақсаттарды жобалау;
- мәселелерді шешудің балама нұсқаларын әзірлеу және дұрыс таңдау жасау;
- мақсаттарға жетуді жоспарлау;
- шешімдердің салдарын болжау және бағалау;
- топта тиімді жұмыс істеу.

Бірақ білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін жобалау қызметіне қосатын мүмкіндіктерді пайдалану үшін бұл әрекетті ерекше түрде ұйымдастыру көзделеді [75].

Е.А. Елизаровамен бірлесе отырып, мақсат туралы айтсақ, біз қызметтің жалпы теориясына сәйкес білім алушылардың жобалау қызметі екі мақсатты жүзеге асыруды білдіреді демекпіз: білім алушыларға теориялық немесе практикалық маңызды, субъективті (мүмкін объективті) жаңалыққа ие өнімді әзірлеуді көздейтін «өнімдегі-мақсат» және жобалаушы субъектінің жеке басының дамуымен байланысты «субъектідегі-мақсат». Мұнда білім алушының жобалау қызметінің өнімі оның субъективті тәжірибесі мен танымдық мүдделерін анықтаудың нәтижесі екенін білдіреді. Білім алушылардың жобалау қызметінің объектісі ретінде материалдық та, материалдық емес те объект (бағдарламалар, ұсынымдар, технологиялар) болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл тұрғыда маңызды ерекшелік – жобалау процесінде білім алушы, әдетте, мәдениет тарихы контекстінде бұрыннан белгілі, бірақ өзі үшін жаңа (субъективті белгісіз) өнімді жасайды. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, өнімнің объективті жаңалығы ғана емес, сонымен қатар білім алушының әлеуметтік маңызды жеке қасиеттерін, құзыреттілігі мен танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпал ететін жобалау тәжірибесі де маңызды [76]. Н.Ю. Пахомованың пікірінше, бұл қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік бермей, қандай да бір әрекетті дарыту мүмкін емес. Жобалық оқыту аясында білім алушыға қажетті құзыреттілікті дамытарлық мәселесін шешу үшін мазмұны мен қызмет түрлері бойынша қажетті жобаларды арнайы таңдау немесе әзірлеу жүзеге асырылады.

Автор жобалау қызметінің элементтерін алдымен жалпы білімдену, содан кейін арнайы дағдылар ретінде дамытарлық қызмет түрлері бойынша топтастыруға болады деп санайды: Ойлау әрекеттері: идеяларды ұсыну (миға

шабуыл жасау), проблематизация, мақсат қою және міндеттерді тұжырымдау, гипотезаны ұсыну, сұрақ қою (гипотезаны іздеу), болжамды тұжырымдау, әдіс немесе әдісті негізделген таңдау, қызметтегі жол, өз қызметін жоспарлау, өзін-өзі талдау және рефлексия;

Презентациялық: атқарылған жұмыс туралы ауызша баяндаманы (хабарламаны) құру, қызмет нәтижелерін көрнекі таныстырудың (өнімнің) тәсілдері мен нысандарын таңдау, көрнекілік заттарын дайындау, атқарылған жұмыс туралы жазбаша есеп дайындау;

Коммуникативтік: басқаларды тыңдау және түсіну, өз ойын білдіру, ымыраға келу, топ ішінде өзара әрекеттесу, консенсус табу;

Іздеу: каталогтар бойынша ақпаратты табу, гипермәтінде, Интернетте контекстік іздеуді жүргізу, басты сөздерді тұжырымдау;

Ақпараттық: ақпаратты құрылымдау, негізгі нәрсені бөлу, ақпаратты қабылдау және беру, әртүрлі нысандарда ұсыну, реттілігін сақтау және іздеу;

Аспаптық эксперимент жүргізу: Жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті жабдықты таңдау, материалдарды (реактивтерді) іріктеу және дайындау, эксперименттің өзін жүргізу, эксперимент барысын бақылау, параметрлерді өлшеу, алынған нәтижелерді түсіну.

Бұл элементтер мектеп (пәннен тыс) ретінде игеріліп, жобамен жұмыс жасау барысында жалпы жобалық шеберлікке біріктіріледі. Жобалау дағдыларын элементтік игеру үшін арнайы ұйымдастырушылық формалар мен әдістер қолданылады, сабақтың арқауына ерекше назар аударылады. Сабақтың тақырыбына проблемалық кіріспе, практикалық тапсырманы бірлесіп немесе өз дігінен жоспарлау, сыныптағы топтық жұмыстар, оның ішінде топтағы жұмысты рөлдерге бөлу [77].

О.Ю. Автайкина білім алушылардың жобалау қызметін ұйымдастырудың жетекші қағидаттарын көрсетеді:

- жобаны жоспарлау мен жүзеге асырудағы дәйектілік;
- жүйелілік;
- динамизм (жобада ақылға қонымды уақыт болуы керек);
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескеру;
- адамгершілік: қатысу еріктілігі;
- бастамашылық: жобаның болжамды нәтижелерінің маңыздылығы, бастаманы қолдау;
- гегонизм: жоба қатысушылары бірлескен қарым-қатынас пен тапсырманы орындаудан ләззат алуы;
- шығармашылық серіктестік: ынтымақтастық атмосферасын құру, ата-аналарды және басқа ересектерді жобалық жұмысқа тарту;
- дербестік: білім алушылар іс-қимыл бағдарламасын өздері белгілейді және оны белсенді орындайды, соңғы нәтижеге топтың барлық мүшелері жауапты болады;
- денсаулық сақтау: шығармашылық қызмет өрісін құру білім алушыларды салауатты өмір салтына баулуда қуатты ынталандыру болып табылады;

– нәтижелілік: білім алушылардың іс-әрекеті нәтижеге бағытталған;  
– аяқталу және презентативтілік: әрбір білім алушының алған нәтижесіне деген мақтаныш сезімі қалуы үшін жоба логикалық қорытындыға жеткізілуі және ұсынылуы (қорғалуы) тиіс [78].

Өз кезегінде, И.А. Колесникова жобалау қызметінің қағидаттары дегеніміз – бұл жобалау табиғатымен объективті түрде анықталған және сол арқылы мұғалімнің белгілі бір іс-әрекеттерінің жобалау саласына жататындығын анықтайтын қызметті қалыпқа келтіретін жалпы ережелер деп санайды:

– *болжамдау қағидаты*, объектінің болашақ күйіне бағытталған жобаның табиғатымен анықталады;

– *қадамдық қағидат*, жоба ниетінен мақсат пен іс-қимыл имиджін қалыптастыруға біртіндеп көшуді көздейді. Одан – іс-қимыл бағдарламасына және оны іске асыруға қадам жасалады. Сонымен қатар, әрбір келесі әрекет алдыңғы әрекеттің нәтижелеріне негізделеді;

– *кері байланыс қағидаты*, әр жобалық процедурадан кейін оның тиімділігі туралы ақпарат алу және іс-әрекеттерді тиісті түрде түзету қажеттілігін еске салады;

– *өнімділік қағидаты*, жобалау қызметінің прагматизмін, оның қолданбалы маңызы бар нәтижеге бағдарлануының міндеттілігін баса көрсетеді;

– *мәдени үлгілерге сәйкестігі қағидаты*, жобалау нәтижелерінің белгілі бір мәдени үлгілерге ұқсастығын көрсетеді. Сонымен қатар, ғылыми білім алу және мәдени құндылықтармен танысу өз пікірлерімен және танымдық іс-әрекеттің нәтижелерімен салыстырған жағдайда маңызды;

– *өзін-өзі дамыту қағидаты*, ол қатысушылардың тармақталған белсенділігі деңгейінде жобалау субъектісіне де, мақсатты іске асыру нәтижесінде жаңа жобаларды құруға да қатысты. Кейбір мәселелер мен проблемаларды шешу жобалаудың жаңа формаларын дамытуды ынталандыратын жаңа міндеттер мен проблемаларды қоюға әкеледі [79]. В.С. Лазарев практикалық жобаның тақырыбын таңдау және практикалық проблеманы қою кезінде білім алушылар: проблема ұғымын, практикалық проблеманы қою сапасын бағалау критерийлері мен тәсілдерін, проблеманы қою тәсілдерін меңгеретінін көрсетеді.

Практикалық проблеманы шешуді жобалау сатысында оқу міндеттерін шешу барысында білім алушылар «мәселені шешу тәсілі», «тиімділік» және «нәтижелілік» ұғымдарын, проблеманы шешуді әзірлеу әдістерін, проблемаларды шешуді бағалау өлшемдері мен тәсілдерін меңгереді.

Жобаны іске асыруды жоспарлау кезеңінде білім алушылар «мақсат» және «іс-қимыл жоспары» ұғымдарын, мақсат қою және іс-қимыл жоспарының сапасын бағалау критерийлері мен тәсілдерін, мақсат қою және жоспарлау тәсілдерін, жоба бюджетін әзірлеу тәсілдерін меңгереді.

Зерттеу жобасының тақырыбын таңдау және танымдық проблеманы қою кезінде білім алушылар танымдық проблема ұғымын (зерттеу проблемалары), танымдық проблеманы қою сапасын бағалау критерийлері мен тәсілдерін, танымдық проблеманы қою тәсілдерін меңгереді.

Зерттеу гипотезасын әзірлеу сатысында білім алушылар оқу міндеттерін шеше отырып, гипотеза ұғымын, гипотезаның даму сапасын бағалау критерийлері мен әдістерін, оны жасау тәсілдерін игереді. Гипотезаны тексеруді жобалау кезеңінде білім алушылар гипотезаны тексеру ұғымын, гипотезаны тексерудің негізгі сызбасын, гипотезаны тексерудің статистикалық әдістерін, гипотезаны тексеру үшін бастапқы ақпаратты жинау және өңдеу әдістерін, гипотезаны тексеруді жоспарлау тәсілдерін меңгереді [80].

Н.Н. Семенова атап өткендей, білім алушыларды жобалау қызметіне қосу олардың жобалық дағдылар кешенін қалыптастыру бойынша мақсатты жұмысты білдіреді. Икемділік – бұл ақыл-ой немесе практикалық әрекет, іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі. Зерттеуші кіші жастағы мектеп білім алушыларының жобалық дағдыларының келесі топтарын анықтады:

1. Ұйымдастырушылық дағдылар (проблеманы алға шығару және жобаның мақсатын қою, оны іске асыру кезеңдерін құру, қажетті құралдарды таңдау).

2. Коммуникативті (жобаны іске асырудың әр кезеңіндегі мәселелерді бірлесіп шешу, ынтымақтастық жасай білу).

3. Шығармашылық (жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алу және өңдеу, шығармашылық әрекеттерді орындау).

4. Презентация (жобаның нәтижесі – өнімді ұсыну, нәтижені және жұмыс барысын қорғау және бағалау) [81].

Құрылымдық компоненттер туралы айта отырып, бізге Н.В. Матяш пен Ю.А. Володинаның пікірін келтіру қажет болып отыр, оған сәйкес жобалық құзіреттілік жобалау қызметімен және жобалау процесімен тығыз байланысты. Жобалық құзіреттілік құрылымында зерттеушілер тұлғаның кәсіби өсуі мен дамуы мәселелерін шешу үшін ішкі және сыртқы жағдайларды интеграциялаудың сәттілігін анықтауға мүмкіндік беретін мотивациялық-реттеуші, когнитивті, операциялдық, практикалық және рефлексивті компоненттерді анықтайды.

Мотивациялық-реттеуші компонент құзыреттерінің мазмұны жобалау қызметіне уәждеме; жобалық тәжірибе, әлемнің көрінісі, танымдық қажеттіліктер, табысқа ұмтылу, табандылық, сенімділік, зерттеу бастамашылығы, жаңашылдық, қызметтегі шығармашылыққа бағдарлау болып табылады. Кәсіби маңызды жеке қасиеттерді дамыту нәтижесінде тиімді кәсіби бейімділікті ширату үшін оң жағдайлар жасалады.

Бұл құзыреттер арнайы ұйымдастырылған жобалау қызметі немесе оқуды жобалау жағдайларында жеке тұлғаның өзін-өзі тану тетіктерін белгілейді. Оларға субъектінің кәсіби білім беру траекториясы және оның кәсіби бейімділігі мен жалпы даму бағдарламасына тікелей байланысты.

Кәсіби сұранысқа ие білім мен зияткерлік қабілеттердің игерілу және операциялдық дәрежесін көрсететін когнитивтік компонент жобалау қызметі туралы білім жүйесі арқылы анықталады. Кәсіби қызметтегі жобалаудың маңыздылығын түсіну, түрлендіру іс-әрекетінің әдістері, технологиялық процестер мен операциялар туралы білім, жобалау қызметі туралы идеялар, оның

құрылымын, мазмұны мен орындау кезеңдерін, жобалық үдеріске және оның соңғы нәтижесіне қойылатын талаптарды, іс-әрекетті орындау амалдарын, жобалық міндеттердің формалары мен шешу әдістерін білу, зияткерлік белсенділік, ойлау дербестігі (сыни мағыналы ақпарат негізінде саналы шешімдер қабылдай білу, кәсіби қызметте жобалаудың мәні мен мағынасын ұғыну), креативтілік (жаңа идеялар мен шешімдерді генерациялау қабілеті, оқу-танымдық мәселелер тәсілдерін, стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдарды меңгеру).

Операционалдық-практикалық компонент жобалау процесінің өзімен тікелей байланысты және алынған зияткерлік және практикалық дағдыларды, оқу және кәсіби қызмет жағдайларында жеке қасиеттерді көрсету және қолдану мүмкіндігін: ақпараттық-аналитикалық, коммуникативтік, әдістемелік, аспаптық, болжау мүмкіндіктерін, презентация жасау қабілеттерін, шығармашылық жобалау қызметінің тәжірибесін айқындайды.

Рефлексивті компонент адамның кәсіби салада өз-өзінің іскерлігін дамытуға және өзін-өзі дамытуға дайындығы мен қабілетін анықтайды (өздігінен оқуға дайындығы мен қабілеті, проблемалық жағдайларды шешуге дайындығы, оның шектеулері мен ресурстарын анықтау үшін қоршаған ортаны зерттеу, жобалау процесінде өзінің мінез-құлқы мен психикалық белсенділігін бақылау және бағалау қабілеті) [82].

Осылайша, жобалау қызметінің әлеуеті мен оның мүмкіндіктері туралы ғылыми дереккөздердің талдауларына мән беріп, біз мынадай авторлық тұжырымға келдік:

білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін жеке тұлғаның интегративті тұрғыда дамытуды жобалау қызметінде жүреді, ол әлемдегі өзіндік іс-әрекет тәжірибесін, қоршаған әлемді және өзін-өзі зерттеу мүмкіндігін, белсенді субъектіні, өзгертін қоғам процестерінің қатысушысын бағамдауына мүмкіндік беретін өнертапқыштық пен рационализаторлық қабілеттерді дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

### **Бірінші бөлімнің қорытындысы**

Бірінші бөлімді қорыта келе, бұрынғы вербальді әдістермен өтілетін жұмыстың орнына білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту процесінде педагогикалық мүмкіндіктері мен тәсілдері нақтылы мәнде сараланып, оған өздігінен тұжырымдар мен пайымдамалар дәектеген. Бұл жұмыстың ерекшелігі - аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытудың тұжырымдамасы мен технологияларының құрылып ұсынылуы.

Ұлттық бірегейліктің рухани құндылығы Әбу Насыр әль-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласұни, Қожахмет Иасауи, Абай Құнанбайұлы және тағы басқа кемеңгерлердің білім мен ғылымның адам болмысына ізгілікті меңгерудің тәсілдерін игеруге ықпалын тигізер тұжырымдары жұмыстың 1.1 бөлімінде ұтымды талданып, синтезделген. Әрбір кемеңгер еңбегінің басымдық мәнділігі дәлелденген.

Білім алушылардың аксиологиялық парадигмасын ұлттық бірегейлікпен интеграциялау мәселесін зерттеудің тағылымдық алғышарттары біздің жұмысымызда, ең алдымен, осы жұмыста зерттеу тақырыбына ғылыми дискурстың мазмұндық негіздерін одан әрі әдіснамалық анықтау мақсатында «бірегейлік» ұғымының мәніне тұжырымдамалық көзқарастарды айқындауды болжайды.

Әдебиеттерді талдау барысында біздер зерттеу тақырыбымызға қатысты білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікпен дамытудың психологиялық мәні зерделенді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасында ХХІ ғасырдың басында білім беру жүйесіндегі көрініс бере бастағаны қазіргі жаңа білім берудің алғашқы қадамы екеніне екпін жасалды.

Біріншіден, қоғамдық пәндер ішінде ХХ ғасырдың аяқ кезінде «аксиология» ұғымы пән сапасына ие болғанына ғылыми зерделеу жүргізілді. Қай ұлт ұлыс болмасын «аксиология» «рухани құндылық» мәнінде қоданылғаны әдіснамалық зерттеулер тұрғысында дәйектеледі.

Екіншіден, ғылыми зерттеулердегі әртарапты дүниетанымдардың аксиологиялық парадигма мен оны жүзеге асыратын ұлттық бірегейлік жайлы тұжырымдар тоғынынан білім философиясын құрауға мүмкіндік берер тұстары сараланып, оған өзіндік авторлық пайымдамалар құрылды.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасындағы білім бері жүйесіндегі аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейліктің әдіснамалық негізі Әбу Насыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Йасауи, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы және т.б. кемеңгерлердің ғылыми тұжырымдары интерпретацияланып, оған бүгінгі заманауи мүддесіне қатысты түйіндемелер, матрицалар, суреттер ұсынылды. Нақтыласақ, білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды оның тірек-көзі, әдіснамалық негізгі білім жиюдың ғылыми негізінің ұлтқа қызмет етуімен құндылыққа қол жеткізетініне дәлелдер тағымдылық тұрғыда қарастырылды. Зерттеушілердің басымы шетел ғалымдарының еңбектері екеніне мән беріліп, оның басым тұстарынан алған түйіндемелер: Т. Кунның парадигманы айқындауға герменевтика әдісінің білім алушылардың ойлау өнерінің құндылықтарды іріктеуіне көмек берер тұжырымдары сараланды.

## **2 ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ДАМУДЫҢ МОДЕЛІ**

### **2.1 Білім алушылардың аксиологиялық парадигманы ұлттық бірегейлік жүйесімен дамытудың тәсілдері**

Заманауи мүддесіне лайықты білім алушылардың болашақта кәсіби құзыреттілікке, білімі мен ғылымын ұлттық бірегейлікке сәйкестендіре алу қабілетін өркендету бүгінгі таңда көкейкесті мәселе екені анық. Ғаламдық идеяларға ұлттық құндылықтардың бірегейлігін тұтас қамти отырып, білім мен тәрбиені ізгілікті ұстанымда Жаңа Қазақстан мәртебесін құру мекемелерінің атқарар қызметі ерекше.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін және жаңа типті мектептеріндегі білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен «ұлттық бірегейлікті тұтас алу» мәселесінің қаншалықты маңызды екені әлі де болсын өз мәресінде дамымай келгені артық айтқандық болмас. Білім алушылардың мектеп қабырғасында «біздер ғаламдық деңгейге ұлттық мүддені қалай қабыстырамыз?» сыңайында сындарлы сұрақ қояр дәрежеге қол жеткізуі -бүгін феноменді процесс.

Білім игеру процесінде жас жеткіншектердің Қазақстан ең дамыған елдердің ішінде 84-ші орынға, білім беру үшін үздік елдер рейтингінде 73 елдің ішінде 70-ші орынды, ізгілікті ұстанымда тәрбиелеу, балаларды тәрбиелеу соңғы орынды алатын жағдайды ескерсек, бұл өте көкейкесті міндет [83]. Аталып отырған кемшіліктер Қазақстанның білім беру жүйесіндегі дағдарыстың түйіткілділігін айғақтайды. Мұнымен бірге, қазіргі уақытта мектептер ортасында білім алушылардың заттық байлыққа құмарлықтары күшейе түсіп, рухани құндылықтардың бірегейлікпен тұтастығы ескерілмей қалуы, болашаққа даяр еместігі байқалып, интеллектісін сейілтуімен түсіндірілуде, кешегі тоталитарлық жүйенің сілемдерінен арылу әлі де болсын қиындыққа ұрындырып келеді. Оның бір салдары «прагматикалық» пен «практикалық» икем-дағдыны ажырата алмаушылықтың өзі аксиологиялық парадигманың білімдегі ұлттық бірегейлікпен тұтас қарастырмауының арасындағы қайшылықты тудыруға әкелді. «Прагматикалық» ұғым аксиологияға тікелей қатысты, рухани-өмірлік құндылықтардың тағылымын меңгеріп, оны білім алушының өз өмірінде қолдануы дегенді білдіреді. Ал тоталитарлық кеңістікте «практик» ұғымында іс-әрекет басымдықта болып, оның тағылымы ескерілмей келгені барша сол кездегі ұстаздарға таныс. Мектеп өміріндегі «практик» ұғымын «прагматикалық» ауыстырмайынша, бұл мәселе шешілмейтіні анық.

Жоғарыдағы түйіткілді, келелі мәселелерді шешуге білім беру бағдарламалары, оны жүзеге асыратын инновациялық технологияларын, заманауи сұранымына жауап берерлік жаңа амал-тәсілдерді енгізу тетіктерінің әзірленбеуі, психологиялық, педагогикалық және басшы мамандардың ұлттық бірегейлікті ғаламдық деңгейде тәрбиелеу жұмыстарының жеткіліксіздігі ықпал етуде.

XXI ғасырда, түрлі бастамашыл проекттері ұстаз бен білім алушылар бірлігімен жүргізілетін бағдарламалық құжаттардың талабымен олардың бірегейлігін дамытуды жүзеге асырудың маңызды тетігі екенін еске сақтау болып табылады. Нақтылап айтқанда, бірегейлікті аксиологиялық парадигма негізінде дамыту процесіне бағытталған проекті қызметінің әлеуеті мектептерде білім алушылардың ұлттық бірегейлігін оңтайлы тұрғыда өркендетуде маңызды. Бірақ, Қазақстандық білім беру мекемелерінің тәжірибелі тағылымдық негізде талдауы бастамашыл проектiлердiң педагогикалық мүмкiндiктерi ұлттық бірегейлікті іске асыру тетіктерінің бірі ретінде білім беру жүйесіндегі білім мен тәрбие тұтастығы тұрғысында жеткілікті деңгейде пайдаланылмайтыны байқалды. Бұл жағдайда, білім алушылардың бастамашыл проектiлерiн iске асыруға ғылыми негiзделген технологияларға шұғыл қажеттілік туындап отыр. Аталып отырған көкейкесті мәселелерді шешуімізге көмек берер ғылыми еңбектерде зерттелген жұмыстар бар. Ұлттық бірегейліктің мәнділігін айқындап, оның тағылымдық негіздерін саралап берген шетелдік ғалымдар Э. Эриксон, Б. Андерсон, Р. Брубейкер, К. Вердери.

Этностық, этникалық және ұлттық бірегейлік құрылымын, ұлтаралық қарым-қатынас мәселелеріне дәйектеме жасап, оның феноменін анықтаған зерттеушілер К.Б. Соколов, П.В. Томайчук, Ю.В. Бромлей, В. Гройс, Б.Х. Нарзуллаев, А.В. Кайсарова, А. Каландерова.

Қазақстандық ғалымдардың ішінде Р.Б. Абсаттаровтың, Қ.Б. Жарықбаевтың, Ж.Ж. Наурызбаевтың, С.А. Ұзақбаевтың, К.Ж. Қожахметованың, Б. Хасановтың және т.б. зерттеушілердің ұлттық бірегейлік мәселелеріне арналған еңбектері зерделенді.

Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдар әртарапты нысаналар тұрғысында қарастырылған:

– білім алушылардың жан танымын анықтау, олардың психологиялық жай-күйлерін ұстаздардың ескерулері;

– ұлттық бірегейліктің эстетикалық білімді тәрбиемен тұтастықта қатарынан қамти отырып, олардың жалпы біліктіліктерін санадан өшіп бара жатқан классикалық үлгідегі әуез бен инструментальды аспап арқылы меңгерудің әдіснамасы;

– этнопедагогиканың халықтық педагогикадан ерекшеліктерінің айқындалуы, оның әдіснамалық тұғырының негіздері;

– ұлттық білім игерудегі халықтық педагогика арнасындағы тәлім-тәрбиенің құндылықтары.

Зерттеулерге жасалған талдау шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғылымда білім алушылардың ұлттық бірегейліктерін дамыту аксиологиялық парадигмамен тұтас қамтылып зерделенбегені анықталды. Көрсетіліп отырған көкейкесті мәселелердің, нақтылап айтсақ, зерттеу еңбегіміздің түйіткілді жақтары бойынша, мектептерде білім берудің аксиологиялық парадигмасының ұлттық бірегейлікпен тұтас меңгерілуі туралы, оның компоненттерін құрылымдық мазмұны жайлы және технологиялары, жобалау қызметтің құрылу

жүйесінің психологиялық, педагогикалық негіздері тұрғысында қарастырылуы жетімсіз деген қорытынды жасалды.

Ғылыми айналымға айнала қоймаған бұл нысан білім алушылардың өздеріне тән жеке тұлғалық болмыстарын тани алу және бірегейліктің атқарар функциясын, ішінара олардың ұқсастығын айқындаудың тағылымдық негіздерін меңгерулеріне қолайлы жағдай туғызу көзделеді. Бұнда білім алушы өзінің табиғатын түсінетін біліктілігін танытуын өзін-өзі сақтамайтын интеллектісімен өзгеріске түсіп отыратын қоғамға бейімделетін деңгейге көтерілуі көзделеді [84].

Іргелі тағылымдық көзқарас сыңайында «бірегейлік» ұғымын З. Фрейд анықтаған мен алғаш жан-жақты «жеке тұлғаның интеллектісінің, өрісінің деңгейлестігі, ұқсастығы және оның тұтастығын ішкі сезімімен субъективті рухтану» тұрғысында зерделегенін байқадық [85]. Бұл орайда, бірегейлік тұғырнамасын айқындаған батыстық психологиялық негіздің тағылымдық мәнде дами түсуіне үлес қосқан ғалым-зерттеуші: У. Джеймс, Дж. Мид. Зерделенген еңбектерде аталған ғалым бір арнаға түйісер тұстары: бірегейлік пен тұтастық оның ғылыми тірек-көзі сапасында қарастырылған. ХХ ғасырдың екінші жартысында аталған тұжырымдар бастау көзі десек, бұл тағылым ХХІ ғасырдың басында әлеуметтік білім философиясы мәнінде зерттелуі анықталды. Біздер шегініс арқылы грек философы Аристотель еңбектеріне зерде салсақ, ол еңбектерден қазіргі заманғы «бірегейлік» ұғымына қатысты тұжырымдарды кездестіреміз. Грек тілінде автор «tautotis», бірегейлік ұғымын қолданған, бұл тұжырым тағылымы ХVІІІ ғасырға дейін өмір тәжірибесінде қолданылған. Өзгерістерді анықтауда бірегейліктің атқарар рөлінің зор екендігі сонау грек данышпаны Аристотельден бері қолданымда болғаны белгілі болды.

Зерттеу еңбектерін талдау барысында «бірегейлік» ұлттық мүддеге, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға қатысты жазылғаны айқындалды. «Бірегейлік» бұл еңбектерде дербес зерттеліп, ұятқа, оның бірдей көзқарастарына, интеллектісінің деңгейліктері есептелмей, жалпы қауымға ұсынылған тағылымдар, тұжырымдар деуге болады. Аксиологиялық парадигманың бірегейліктен тұтас қамтылуына тағылымдар жоқтың қасы.

Еуропалық зерттеуші В. Александрдың «Солтүстіктің ауылдық өмірі» атты еңбегінде 1737 жылы «жеке тұлғаның бірегейлігі» ұғымы қолданылған, ол «бір адамның екіншісінен айырмашылықтарын қалыптастыратын семиотика мен талдаулардың жиынтығы ретінде» саралаған;

– «identitas» ұғымын ұқсастық, адам арасындағы теңдік, математикалық, логикалық сапасында неміс философы Готтлоб Фреге қарастырды;

– Джон Локтың еңбектеріндегі ұқсастықты біздер төмендегі түзіліммен ұсынып отырмыз: заттар, жануарлар әлемі және адам.

Бірегейлік тақырыбы психология аясында жаңаша мәнге ие болды. Бұл зерттеулердің ең маңызды тұсы – тұлға, адамның жеке басы, адамның ұқсастығы (бірегейлігі) адам табиғатына байланысты болып саналмайды және қоғам анықтайды деген қорытынды жасалуында.

Бірегейлік тұжырымдамасының 1960 жылдың даму тарихындағы аралық кезең болып табылады, абстрактілі философиялық категориядан бірегейлік

гуманитарлық ғылымдардың негізгі ұғымдарының біріне айналады. Аталған құрылымдық мәселе К. Леви-Стросс, құрылымдары Р. Барт, М. Фуко, Ж. Деррида еңбектеріндегі нысанында дәйекті түрде талқылануында.

Метафизиканың өкілі В. Хесле (Husle) «формальды бірегейлік – бұл әр объектінің сапасы, оның ішінде, сандар сияқты дерексіз нысандар бірегейлік тек эмпирикалық объектілерге ғана тән және белгілі бір объектінің онтологиялық мәртебесіне байланысты әртүрлі формаларға ие» екендігі зерттелген [86].

Ресейлік зерттеуші Н.Н. Федотова «жаңа қоғамдағы шындықтар көптеген бұрынғы теориялық және әдіснамалық тәсілдердің тиімділігін жоғалтты немесе тіпті жұмысын тоқтатты, бұл жаңа тәсілдерді құруды қажет етеді деген пікір айтқан. Бірегейлікті зерттеудің тұжырымдамалық аппаратын жаңартуға, ескі аппаратты қолданудың жаңа шеңберін табуға ұмтылу көптеген елдердің, соның ішінде, Ресейдің әлеуметтанушыларына тән» деп санайды [87].

Аталған пайымдауды біз С.Д. Батомункуевтің жұмысынан кездестіреміз, ол «жеке тұлға ұғымы күнделікті өмірде және оны қолдануда қаншалықты танымал болса, соншалықты қайшылықты және белгісіз деген.

Зерттеу еңбектерінде психологиялық-педагогикалық негіздер жоқтың қасы, басымдық мән әлеуметтік, философиялық, тұрғыдағы тұжырымдар. Зерттеушілер: О.Б. Синкевичтің, П.С. Гуревичтің, Н.А. Тельновтың, И.В. Лысактың, С.П. Гурииннің еңбектерінде «бірегейлік – бұл жеке басының жағдайы, құрылымы немесе сапасы емес, өзін-өзі дамыту процесі; бірегейлік – бұл адамның өзін-өзі үйлестіру сезімін тудыратын психологиялық тетік, адамның тұтастығын сезіну» делінген [88].

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін зерттеу барысында біздер төмендегідей пайымдамаларды жіктеп өтуді жөн көрдік:

а) болмысты тануда *онтологиялық көзқарас*: біртектілік объектінің, құбылыстың біртектіліктің тұғыры, мәні немесе әлеуеті ретінде берілген айырмашылықтарды, теңсіздіктерді немесе ұқсастықты (зерттеушілердің ұстанымына байланысты) тану призмасы арқылы қарастырылады;

ә) *герменевтикалық көзқарас*: сыртқы көрініс және/немесе өзін-өзі таныту, бірегейліктің дискурсивтілігі болсын, бірегейлік жүйелерінде ұқсастығын және тұрақтылығын табу қажеттілігін түсіну тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Дискурсивті логика бұл феноменді «Мен» құрылымындағы белгілі бір зат ретінде қарастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды, бірақ ұқсас дәстүрді түсінудің бір варианты, біртектіліктің инвариантты мәнін неғұрлым толық ұғынуға жақындататын басқалармен бірге дербес дискурстардың бірі ретінде түсіндіреді. Бұл жағдайда, әртүрлі дискурстардың әлеуметтік-мәдени детерминизмі туралы мәлімдеме аксиоматикалық тұрғыда айтылады;

б) *феноменологиялық көзқарас*: адамның әлеуметтік тәжірибе алу аспектісіндегі бірегейлікті зерттеу логикасына бағдар береді (сана арқылы көрінетін мағыналар жиынтығы, олардың жасырын мәнінен тыс осы тәжірибенің субъектінің әлеммен қарым-қатынасына әсері. Қазақша «феномен» «соны» дегенді білдіреді. Өкінішке орай, «соны» деген қазақша ұғым кей тұста есімдік (соны көрсетші) деген мәнге ие болады, сондықтан біздер «феномен» деп алдық.

Бірегейлік түрлі үміттерді реттеу және өз даралығын сақтау мақсатымен басқа адамдар бір уақытта құратын әлеуметтік тәртіппен үйлестіру бойынша сана жұмысының процесі мен нәтижесі ретінде қарастырылады;

в) *ситуациялық көзқарас*: бірегейлік көріністерінің ситуациялық табиғаты мен сипатын ерекше атап көрсетеді (жеке тұлға топтық мүшеліктен жағдай мен қоғамдық нормалардың талаптарына сәйкес ауытқи отырып, өзінің бірегейлігін қалыптастыруға қабілетті).

Біздің зерттеуіміз үшін Дж. Марсианың ғылыми тәсілі нұсқалы, өйткені ол жасөспірімдерді эмпирикалық зерттеулерге тартуды ұсынады. Дж. Марсиананың эмпирикалық зерттеуі бүгінгі күнге актуальді деу қиын, бұл әдісті біздер социализмде санаға пайдаландық. Зерттеуші бірегейлікке «эго құрылымы – ішкі, өзін-өзі қалыптастыратын, қажеттіліктерді, қабілеттерді, сенімдерді және жеке тарихты динамикалық ұйымдастыру» ретінде белгілейді.

Модель құру үшін ол екі параметрді пайдаланады:

- 1) дағдарыстың болуы немесе болмауы- бірегейлікті іздеу жағдайы;
- 2) бірегейлік бірліктерінің болуы немесе болмауы – жеке маңызды мақсаттар, құндылықтар, көзқарастар;

– жеке тұлғаның бірегей сапасы; индивидтің дене бітімдік және психикалық «мен» сабақтастығында сезілетін «өз ішіндегі» ішкі үйлесімділігі; өзін-өзі көрсетудің символдық құралдарының жиынтығы;

– жеке тұлға игерген, модификацияланған, әзірлеген антропо-бейнелер мен үлгілердің жиынтығымен ұсынылған, тұтастық пен дәйектілік деңгейінің айырмашылығын көрсететін өзін-өзі танудың динамикалық өрлеу иерархиясы.

А. Тэшфелдің әлеуметтік бірегейлік теориясы сәйкестендіруді бірегейлікті құрудағы кезең ретінде бөліп көрсетеді, «сәйкестендіру» ұғымын үш компоненттен – когнитивтік, құндылық және эмоционалды компоненттерден тұратын процесс ретінде ажыратады және бірегейлікті осы үдерістің нәтижесі ретінде қабылдайды. Автор П. Бергер мен Т. Лукманның шындықты әлеуметтік құру теориясында анықталған бастапқы және қайталама әлеуметтенуді сәйкестендіру ерекшеліктерін зерделеген [89]. Бастапқы әлеуметтенудің маңыздылығын атап көрсете отырып, авторлар сәйкестендіруді басқа маңыздылармен, ең алдымен ата-аналармен және интернационализацияны бастапқы әлеуметтенудің негізгі мазмұнын құрайтын өзара байланысты екі процесс ретінде қарастырады. Бастапқы әлеуметтенудің шешуші кезеңі объективті және субъективті шындық арасындағы салыстырмалы бірегейлік анықталған кезде «жалпыланған басқа» санада қалыптасады. Ол ешқашан толық және тұрақты болмайды, бірақ үнемі теңдестіру жағдайында әрдайым жасалады және қайта жасалады. Осы жалпыланған бірегейліктің арқасында баланың өзін-өзі тануы -тұрақтылыққа, сабақтастыққа және тұтастыққа бағдар жасауға қозғаушы күш.

И. Гоффман бірегейліктің үш түрін анықтаған, олар әлеуметтік детерминацияны да, жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін де білдіреді:

– әлеуметтік бірегейлену жатқызылған топтар негізінде басқалардың жеке тұлғаны типке жіктелуін көрсетеді – «әлеуметтік Мен»;

– жеке тұлғаның бірегейлігі - белгілі бір адамның оны уақыт пен кеңістіктегі объект ретінде қабылдайтын жеке белгілерінің ерекше жиынтығы, - «дене бітімдік Мен»;

– Мен – бірегеймін-адамның өзінің өмірлік жағдайын және өзіндік ерекшелігін субъективті қабылдауы – «рефлексивті Мен». Алғаш рет И. Гоффман «бірегейлік саясаты» ұғымын – адамның әлеуметтік ортаға берілетін өзі туралы ақпаратқа әсерін енгізеді. Бұл саясат келесі әдістер арқылы жүзеге асырылады: қашқақтау, компенсация (өзі туралы пікірді бұрмалау), деидентификация (бірегейлік белгілерін өзгерту) [90].

В. Джеймстің бірегейлікті «тепе-теңдік пен тұтастықтың субъективті рухтандырылған сезімі», «индивидтің өзін-өзі сезінуінің үздіксіздігі» ретінде түсінуі ғылыми әдебиеттерде бекітілмегенін атап көрсетеді. Көп ұзамай оның басқа түсіндірмелері пайда болды. Талқыланатын мәселе саласындағы танымал маман Ч. Тейлор өзіндік «Мен» табиғаты туралы сұраққа жауап беретін бірегейліктің диалогтық және моральдық-онтологиялық қасиеті туралы тезисті жан-жақты негіздейді [91].

Америкалық әлеуметтанушы С. Хантингтон өзінің әйгілі «Who are we»? («Біз кіміз?») атты жұмысында америкалық ұлттық бірегейліктің ерекшеліктеріне арналған негізгі өзгешеліктерді байқатады, америкалықтар барлық өзге бірегейлікпен салыстырғанда ұлттық бірегейліктің рөлін басым көреді. Біз америкалықтарды ұлт ретінде не біріктіреді (Біз- америкалықпыз!) және оларды басқа халықтардан не ерекшелендіреді деген сауалға берілген үш негізгі дәлелге назар аудардық:

*Біріншіден*, американдықтардың өздерінің ұлттық ерекшеліктерін білуі АҚШ тарихында әртүрлі болды.

*Екіншіден*, Америка тарихында АҚШ тұрғындары өздерінің бірегейлігін «нәсіл», «этнос», «идеология» және «мәдениет» тұрғысынан белгіледі [92].

Американдықтар өз елін мультиэтникалық және мультихалықтық қоғам ретінде қарастырады. Олар алғаш Томас Джефферсон айтқан «америкалық кредо» деген айрықша сеніммен ерекшеленеді.

*Үшіншіден*, автордың терең пікірі бойынша, Американың ең үлкен жетістіктерінің бірі- бірегейліктің нәсілдік және этникалық негіздерін жоюы және АҚШ-ты мультиэтникалық, мультинәсілдік ұлтты қоғамға айналдыруы, олар адамдарды терісінің түсі емес, олардың еңбегі бойынша бағалайды, бұл америкалықтардың ағылшын-протестанттық мәдениетке деген бейілділігінің арқасында болды.

Қазіргі этнос теориялары (примордиалистік, инструменталистік, конструктивистік) қазіргі жағдайда, этникалықтың маңызды қасиеттерін көрсетпейді. Сондай-ақ, біздің елімізге және оның өңірлеріне Батыс елдерінің әртүрлі бірегейлендіру жобалары мен сценарийлерін қолдануға болмайды. Аймақтардың ерекшелігін ескерусіз, салыстырмалы талдаусыз, бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін ішінен және «сыртынан» зерттеусіз, аймақтық

мәселелерді теориялық тұрғыдан түсіну және практикалық тұрғыдан шешу мүмкін еместігі айтылған [93].

Ғылыми деректерді талдау және синтездеу негізінде (жоғарыда айтқандарды ғана емес) біз Дж. Марсиа, Н.В. Антонова, И.И. Кранц, А. Ватерман, Л.Б. Шнайдер сияқты авторлардың қорытындыларымен келісе отырып, өзіміздің осы ұғымды түсінуімізді тұжырымдап, түсініктің жинақталған анықтамасын синтездедік:

Бірегейлік – тұлғаның ұқсастығы мен тұтастығының субъективті сезімі (Э. Эриксон); оның өз құрылымы бар (Дж. Марсиа, Н.В. Антонова, И.И. Кранц; бірегейліктің негізгі компоненттері – мақсат, құндылықтар, көзқарастар (А. Ватерман; бірегейлікті қалыптастыру өзара байланысты таңдау (кезеңдер) сериясы арқылы жүзеге асырылады, ол өзі туралы кейбір мәліметтерді түсіндіру және қабылдау процесінде, сондай-ақ, қандай болу керегі туралы тәуелсіз шешім қабылдауда жүзеге асырылады (Н.В. Антонова, Л.Б. Шнайдер және т.б.); жеке тұлға игерген, модификацияланған, дамытылған антропо-бейнелер мен үлгілердің жиынтығымен ұсынылған, тұтастық пен дәйектілік деңгейінің айырмашылығын көрсетеді.

Сонымен, ғылыми әдебиеттегі «бірегейлік» ұғымына талдау жүргізе отырып, біз ол көп мағыналы деген қорытындыға келіп отырмыз, бұл ретте нақты анықтама жоқ. Осыған байланысты біз шетелдік және ресейлік зерттеушілер зерттеген дефиниций негізінде жоғарыда синтезделген анықтама түрінде ұсынылған өз тұжырымымызға тоқталдық.

Осы жұмыс аясында бірегейліктің белгілі бір түрі – ұлттық бірегейлік зерттеледі, бұл орайда, «этнос», «халық», «ұлт» ұғымдарында көрсетілген белгілі бір аспектілер мен олардың арақатынасы маңызды.

Жаһандану ұлттық және этникалық сәйкестілік сезімін күшейтетіндіктен, «этнос» пен ұлт ұғымдарының аражігін ажырату көзделеді. Жан-жақты талдауды талап етпестен, біз осы анықтамаларды түсінудің бірнеше негізгі тәсілдерін қарастырумен шектелеміз.

П. Сорокиннің пікірінше, ұлт сан алуан (көп функциялы) ынтымақты, ұйымдасқан, жартылай жабық әлеуметтік-мәдени топ болып табылады, кем дегенде ішінара өзінің өмір сүру және даму фактісін біледі. Бұл топ индивидтерден тұрады, олар: 1) бір мемлекеттің азаматтары; 2) ортақ немесе ұқсас тілге және осы адамдар мен олардың алдындағы адамдардың жалпы өткен тарихынан шыққан мәдени құндылықтардың жалпы жиынтығына ие; 3) олар тұратын немесе ата-бабалары өмір сүрген жалпы аумақты қоныстанады. П. Сорокин мемлекеттік, тілдік, мәдени және аумақтық қауымдастықтардың өздері әлі ұлт бола бермейді деп баса айтады. Индивидтер тобы біртұтас мемлекетке тиесілі, ортақ тілмен және аумақпен байланысты болған кезде ғана ол ұлтты құрайды деген пайымдама жасаған [94].

Осылайша, «этнос», «халық», «ұлт» ұғымдарының мазмұндық аспектілеріне қысқаша шолу зерттелетін ұғымдардың өзіне тән ерекшеліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: «этнос» ұғымына көзқарастардың әртүрлілігі

бірнеше теориялық модельдерге – примордиализмге, функционализмге, конструктивизмге және инструмен-тализмге әкеледі.

Осы тәсілдерге сәйкес:

– этнос – бұл адамзаттың әлеуметтік эволюциясының салдары емес, алғышарты – деп зерделегені байқалды;

– этнос дегеніміз – мәдениетінің (тілді қоса алғанда) және психикасының салыстырмалы түрде тұрақты анықтамалары бар, сонымен қатар олардың бірлігі мен басқа ұқсас құрылымдардан айырмашылығын білетін адамдардың белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан тұрақты ұрпақ аралық жиынтығы;

– этникалық топты бір тілде сөйлейтін, өзінің шығу тегінің ортақтығын мойындайтын, жалпы өмір салты, оны басқа топтардан ерекшелейтін әдет-ғұрыптар тобы деп санаған жөн деп есептеген.

«Халық» терминінің бірнеше мағынасы бар: а) қоғамның жоғарғы топтарымен салыстырғандағы төменгі топтары, оның артықшылықтары бар топтарына қарама-қарсы артықшылықтары жоқ топтары; ә) белгілі бір нақты қоғамға (елге, мемлекетке) жататын адамдар жиынтығы; б) этнос немесе этникалық қауымдастық; в) ұлт [95].

Жоғарыда аталған тұжырымдамалардың генезисінде қарастырылған процесіне сүйене отырып, бұдан әрі, зерттеу логикасы бойынша, ұлттық бірегейлік тұжырымдамасын «...индивидтердің өз ұлтына және ұлттық саяси жүйеге деген эмоционалды реакциясын көрсететін мәдени норма» ретінде тікелей зерттеуге көшу керек деп есептеген зерттеушілер [96];

– регионалдық бірегейлік – белгілі бір тарихи контекстке, жалпыұлттық және өңірлік дәстүрлер мен құндылықтарға, әлеуметтік-мәдени ерекшелікке байланысты.

Ұлттық бірегейлік қоғамның тұтастығы мен мемлекеттің өміршеңдігі проблемасымен тікелей байланысты. Қоғамның тұтастығы адамдардың «қиялдағы қауымдастық» (Б. Андерсон) немесе «жеке тұлғаның репертуарын» (Э.Г. Эриксон) құруы арқылы мүмкін болады деп ой түйген. Адамдарды ортақ аумақ, ұрпақтар, тарих, мәдениет нормалары, заңдар туралы идеялар сияқты «қауымдастық бейнесі» біріктіреді. Бұл көріністер қауымдастық символдарын бекітеді. Ұлттық мүдделер мен ұлттық бірегейлік қоғамдастық бейнесімен байланысты, өйткені ортақ аумақтағы адамдар ортақ діни және зайырлы құндылықтарды, мемлекет бола алатын қарым-қатынас тілін құрды. Ұлттық бірегейлік қоғамның тұтастығы мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, халықтың символдары мен құндылықтарында бекітіледі деген.

Ұлттық сәйкестіліктің философиялық негіздерін К.К. Туаеваның [97] талдауы іргелі тәсілдердің мәнін көрсетеді. Ұлттық бірегейлікті примордиализм өкілдері К. Гирц, Дж.М. Йингер, Э. Смит, М. Хрох және т.б.). адам бірден және мәңгілік ие болатын және этникалық бірегейліктің дамыған, жетілдірілген деңгейін білдіретін өзгермейтін сәйкестік ретінде түсіндіреді Б. Андерсон конструктивизм өкілдері бұл теорияны «қиялдағы қауымдастықтар», «ойлап табылған дәстүрлер» Хобсбаум [98] теориясы ретінде қарастырады, ал инструментализмді жақтаушылар ұлттық бірегейлікті қазіргі заманның

императивтерінің көрінісі ретінде ажыратады, ұлттық бірегейлік нарратив ретінде пайымдалады. Конструктивизмнің теориялық ережелерін тұтасымен ұстана отырып, инструментализмді жақтаушылар (А. Коэн [99], М. Фишер [100], Д. Хоровитц [101]) ұлттық бірегейлікті, ең алдымен, нақты мақсаттарға жету үшін қоғамды топтық саяси жұмылдыру құралы ретінде көреді.

Сонымен бірге К.Г. Туаева Ресей ғылымында примордиализм кеңес заманынан бері берік орныққанын және бүгінде кең таралғанын атайтын ғалымдар С.А. Арутюнов, Ю.В. Бромлей, В.И. Козлов, Л.Н. Гумилевтің этностардың биогеографиялық теориясын жақтаушылар. Конструктивизм шеңберінде ұлттық бірегейлік адамның саналы күш-жігерінің әрекеті ретінде қарастырылады, сонымен қатар оның процедуралық сипаты мен дискурсивті табиғаты ерекше атап өтіледі. Ресей ғылымында конструктивизм идеяларын В.А. Тишков [102], В.А. Ачкасов [103], А.Г. Здравомыслов [104], В.С. Малахов [105], С.В. Соколовский [106] қолдайды.

Десек те, В.Н. Бадмаев бұл тәсілдер осы көпқырлы әлеуметтік феноменнің барлық күрделілігін көрсетпейді деп санайды. Зерттеуші өзінің тұжырымын қазіргі әлеуметтік ландшафтың белгісіздігімен, тұрақсыздығымен, қазіргі өркениеттің даму тенденцияларының сәйкессіздігімен және көпбағыттылығымен (ұлттық бірлік және мультимәдениеттілік, жаһандану және локализация, халықтың халықаралық көші-қоны және т.б.) байланыстырады деген тұжырым жасаған [107].

Ғылыми еңбектерде осы тәсілдердің кең таралуына қарамастан, қазіргі заманғы ресейлік ұлттық бірегейлікті зерттеуде конструктивистік тәсіл басым болады, бұл оны өзгергіштікте және әртүрлі көріністерде зерттеуге мүмкіндік береді, онсыз оны барабар түсіну мүмкін емес.

Қазақстанда «ұлттық бірегейлік» ұғымының примордиалистік түсініктегі толық әрі тұғырлы пайымдамамен отандық зерттеуші Р. Қадыржанов дәлелдеді, ол қазіргі Қазақстанда примордиалистік түсініктегі ұлттық бірегейлік пен ұлттың кең таралуы қоғамдық пікір де баламасыз деп санайды. Сонымен қатар, автор «ұлт», «бірегейлік» ұғымдарының объективті, примордиалистік тұрғыдағы анықтамасы ұлттың Сталиндік анықтамасына сәйкес келеді деп санайды [108].

Отандық зерттеушілердің жұмыстарын талдау қазақстандық ғылыми дискурста ұлттық бірегейлік ұғымы салыстырмалы түрде жаңа және айтарлықтай сирек кездесетінін көрсетті, зерттелетін проблеманы әзірлеу ҚР-да маңызды орынға ие болуына қарамастан, кешенді зерттеулер жүргізілмеген. С.А. Қолдыбаевтың қазіргі Қазақстанға қатысты ұлттық бірегейлікті айқындау мәселесі тәжірибелік және тағылымдық тұрғыдан соңғы он жылдықтарда көкейкесті бола бастады деген пікірін қолдаймыз. Ұлттық бірегейлікті, ең алдымен, қазақ халқының өкілін тану елдің қоғамдық пікірінде (негізінен қазақтардың өздері арасында) белгілі бір мәселелерді тудыратыны белгілі екені дәйектелген.

Біздің зерттеуіміз үшін С.А. Қолдыбаевтың «Мен» және «Басқа адам» сияқты қазақтың ұлттық бірегейлік проблемасының ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеуге негізделген ғылыми тәсілі екенін байқадық, өйткені ол

басқа этнос өкілі мен арақатынаста емес, өзінің пікірлес, өз ұлтының индивиді мен салыстыру жолымен әр түрлі себептерге байланысты жүргізіледі. Сонымен қатар, автор қазақтың ұлтшілік бірегейлігінің ұқсас проблемасын білдірудің екі формасын бөліп көрсетеді:

1. Кейінгі онжылдықта қоғамдық санада қазақтың дәстүрлі бейнесі айтарлықтай жаңарған өзгерістерге ұшырады. Бұл мәселе бүкіл қазақ халқына емес, оның белгілі бір бөлігіне де әсер етеді. Қазақ халқының басым бөлігінің ұлттық бірегейлігіне еш күмән келтірілмейді.

Аталған тәсілді қолдану кезінде қазіргі қазақтардың – «біз» және «біз емес» арасындағы шекара, ең алдымен, салыстыру арқылы айқындалады, оның объектісі, мысалы, қазақ тілін немесе туған салт-дәстүрлерін білу сияқты ерекше белгілер болуы мүмкін. Одан әрі, әрбір жергіліктілік ішінде ел ішіндегі айырмашылықты айқындаудың одан да бөлшекті белгілі желісі бар – бұл қазақтар – қалалықтар және орыстанып кеткен қазақтар «мәмбет», «қазақпайлар» деп жіктейтін қазақ ауылдарынан көшіп келгендер, ал олар өз кезегінде қалалықтарды «шала қазақтар», яғни олар өздері сияқты «таза қазақтар» емес деп санайды. Сондай-ақ, өз Отанына басқа елдерден көшіп келген қазақтар – «оралмандар» да ерекшеленеді. Қатарлардың «тазалығы» негізінен лингвистикалық өлшем – қазақ тілін білу немесе білмеу бойынша анықталады.

2. Қазақтың ұлт ішіндегі бірегейлігінде негізінен халықтың түрлі топтарының сараланған коммуникативтік-этникалық қарым-қатынастары жатыр. Қазақтардың бірегейлігінің бірінші формасынан айырмашылығы бұл жерде біз тарихи қалыптасқан проблемамен бетпе-бет келіп отырмыз. Мәселен, қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық-этникалық бірегейліктен басқа өңірлік, содан кейін жергілікті бірегейлік сияқты түрлер ерекшеленеді. Қазақстан үшін өңірлік сипат биік этникалық сипатпен салыстырғанда неғұрлым мәнді ішкі этникалық мазмұнымен айқындалады. Қазақтар арасында оңтүстік қазақтары мен солтүстік қазақтары ерекшеленеді. Бұдан гөрі кеңірек ауқымда өңірлік бірегейлік шеңберінде оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс және орталық өңірлер сияқты мәртебелер ерекшеленеді. Осындай топтардың әрқайсысының ішінде, мысалы, оңтүстік қазақтарында сияқты, өз ішкі инабаттылық бар.

Ұлт ішілік бірегейлік проблемасының көрсетілген екі формасын бағалай отырып, автор ұлттық емес салыстырудан айырмашылығы қазіргі қазақ ортасындағы ұқсастық пен айырмашылықты осылай белгілеу ұлттық сана-сезімді нығайтпайды және сайып келгенде, қазақтардың этникалық топтасуына ықпал етпейді деген қорытындыға келеді [109].

Қазіргі уақытта отандық зерттеушілер арасында қарастырылып отырған проблемаға қолданылатын кейбір ғылыми тәсілдерді атап өтеміз:

1. Қазақстанның ұлттық бірегейлігін әлеуметтік-философиялық талдау.
2. Қазақстанның ұлттық бірегейлігі және этномәдени символизм.
3. ҚР жалпы білім беретін мектебінде орыс тілінде оқитын жоғары сынып білім алушыларының этникалық санасын дамыту.
4. Ұлттық бірегейлік қазақстандық қоғамның жаһанданып жатқан әлемде сақталуы мен орнығуының шарты ретінде.

5. Посткеңестік кеңістікте ұлттық бірегейлікті қалыптастыру.
6. Қазақтың бірегейлігі.
7. Қазақстан Республикасының мысалында ұлттандырушы мемлекеттегі этникалық және азаматтық бірегейлікті құрастыру.
8. Қазақстандағы мемлекеттік бірегейліктің үш дискурсивті парадигмасы.
9. Қазақстандық мемлекеттік бірегейліктің өркениетті императивтері.
10. Азаматтық немесе этникалық бірегейлік.

Т.Т. Оспановтың пікірінше, бұл зерттеулер «...қазақстандық қоғамның экономикалық және саяси дамуы үшін, оның рухани және институционалдық негізін нығайту үшін үлкен маңызға ие» деген пікір айтылған [110].

Осындай идеялар А.Н. Нысанбаевтың [111], Е.Б. Бекмахановтың [112], Ә.Х. Марғұланның [113], Г.К. Оразалиеваның [114] еңбектерінде бұл мәселе толықтай қолдау тауып, оның ілгерілеу траекториясы айқындалды.

Дегенмен, зерттеулер қазақ (қазақстандық) бірегейлігінің біздің мемлекетімізде әлі де үстем болмай отырғандығын және осы тұрғыда Р. Қадыржановтың идеялары аса маңызды екенін көрсетіп отыр, ол бұл қарама-қайшылық мыналарда көрініс табады деп санайды:

1. Қазақстанның ұлттық мемлекеті титулдық ұлт мемлекетінің посткеңестік үлгісі бойынша құрылуда.

2. Көп этностық қоғамда этникалық топтар мемлекеттің демографиялық және саяси үстем этнос болса да, тек бір этностың атынан танылуына қарсы.

3. Ұлттық бірегейлік мәселесі бойынша: Қазақстанның ұлттық мемлекеті қандай болуы керек – қазақ мемлекеті ме, немесе Қазақстандық мемлекет пе, бұл орайда қоғамда консенсус жоқ [108, с. 86-93].

Қорыта келгенде, қазақстандық бірегейлік ерекшелігінің негіздері бойынша отандық зерттеушілердің теориялық алғышарттары Қазақстан Республикасының этносаралық топтасуының қазіргі жағдайында білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың аксиологиялық парадигма тұтастығымен қарастыру, басты және негіз қалаушы факторларын түсіну үшін осы жұмыста іске асырылуына тәсілдердің айқындалуы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуға мүмкіндіктер туғызары даусыз (4-кесте).

#### Кесте 4 – Ұлттық бірегейліктің мазмұнды анықтамасы

Психология	– этникалық бірегейлік – жеке тұлғаның әлеуметтік бірегейлігінің құрамдас бөлігі, жеке тұлғаның Мен және этникалық орта арасындағы қарым-қатынасын–бір этникалық қауымдастықпен ұқсастығын және басқалардан өзгешелігін сезіну
Әлеуметтану	– жеке тұлғаны белгілі бір этникалық топпен немесе ұлтпен, олардың тілімен, мәдени дәстүрлерімен, мінез-құлық үлгілерімен теңдестіру
Философия	– ұлттық қоғамдастықтың ұжымдық өзін-өзі тануы, өзіндік бейнесі мен мазмұнын өзін-өзі анықтау; тиісті ұлттық парадигма, ұлттық мәдениет, этникалық сипаттамалар, әдет-ғұрып, наным-сенім, мифтер, дүниетаным, тарихи жад, символдар мен мінез-құлық стереотиптері негізінде қалыптасады
Мәдениеттану	– субъектінің өзін белгілі бір ұлттың өкілі ретінде сезінуі, өз халқының тарихына, мәдениетіне, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, оның мұраттарына, сезімдері мен мүдделеріне, фольклоры мен тіліне, аумағы мен мемлекеттілігіне оң құндылық қатынасы
Саясаттану	– символикалық құрылым, қауымдастыққа тиістіліктің ерекше түрін тудыратын символдар кешені; идеялар кешені: ортақ өткен шақ, мемлекеттіліктің ортақ тәжірибесі, ортақ құндылықтар жиынтығы, елдің болашағы үшін ортақ жауапкершілік
Педагогика	– тану үдерісі, өзін басқалармен ғана емес, адамдар тобымен де теңестіруі

Іріктемеге сүйене отырып, талданған жұмыстардағы зерттелген ғылыми категория ғылым аралық аспектіде және оны зерттеудің негізгі аспектілерін таңдауды анықтайтын зерттеушілердің ғылыми мүдделері тұрғысынан қарастырылады деп қорытынды жасауға болады:

– философиялық аспект (ұлттық бірегейлік «жеке тұлғаның» жеке тұлғаның субъективті рухтандырылған тепе-теңдігінің және тұтастығының сезімі» ретінде түсіндіріледі; «көп өлшемді құрылым»; «өздік»; ұлт болмысының динамикалық тарихи сапасы; нақты тарихи; күрделішікі құрылымы бар динамикалық құбылыс; ұлттың өзін-өзі танудың өсу сатысы);

– әлеуметтанулық аспект – ұлттық бірегейлік – адамдарды ұлттық топтарға біріктіретін ұжымдық құбылыс ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік бірегейлігінің бөлігі; ұжымдық өзін-өзі анықтау, өзін топпен сәйкестендіру, оның тұрақты сипаттамалары мен негізгі құндылықтарын, күшті және әлсіз жақтарын, өткен тарихын, қазіргі мақсаттары мен болашақ перспективалары туралы түсініктерін қабылдау (С. Солеймани [115]);

– саясаттану аспектісі (ұлттық бірегейлік – «мемлекеттің сәтті дамуы мен өзін-өзі сақтауының» міндетті шарты; «ол болмаған кезде саяси институттардың жұмысында дағдарыс туындайды»; «ұлттық бірегейліктің негізгі тасымалдаушысы – ел халқының үлкен тобы»; «белгілі бір аумақта тұратын халықты немесе бірнеше халықты ұлтқа айналдырады»; «қоғамның ішкі тұтастығына» жауап береді; кеңестік кезеңде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үдерісі парадокс логикасы бойынша өтті – «жоққа шығарылатын нәрсе расталады» (Деррида) (А.В. Лукина [116]);

– психологиялық аспект (ұлттық бірегейлік «күрделі психологиялық құбылыс» ретінде ұсынылған; «...сезім ретінде де, мінез-құлықтың бірлігі ретінде де, өзі туралы білімнің қосындысы ретінде»; «...адамға өзін өзі бағалау мен оның «мен» тұтастығын сақтауға көмектесетін жеке негіз; «тұлға құрылымындағы маңызды элемент»; «өздік», «өздік сана» тану, «өзін өзі белгілеу»;

– педагогикалық аспект (ұлттық бірегейлік «...мақсатты педагогикалық ықпал, оны одан әрі дамыту перспективаларын құру арқылы олардың ұлттық бірегейлігін түзету және өзектендіру» ретінде анықталған (Плужник) [117]).

Бұл жағдайда, ғылыми әдебиеттерді талдау барысында біз ұлттық бірегейліктің негізгі басымдықтарын айқындаймыз, олар біздің зерттеуімізде әдіснамалық бағдар болады:

а) ұлттық бірегейліктің көрінісі – «... топқа мүше болу, топқа қосылу, топтың мақсаттары мен жеңістерімен теңдестіру, топты қабылдау және орын табу, үйлі болу сезімі» (А. Маслоу); «...тек қарым-қатынаста, адамның адаммен қарым-қатынасында, «адам ішіндегі адам» басқалар үшін де, өзі үшін де ашылады» (М. Бахтин); «...адамның ұлттық бірегейлігі диалогтық түрде, басқалармен үндесулерімізді қоса алғанда құрылды» (Ч. Тейлор); «...басқа субъект – бұл мен қабылдаған нәрсені де, мені де бейнелейтін «айна». Адам үшін басқа адам – өлшем, оның «адамгершілігінің көрінісі» (С.Л. Рубинштейн) (Семенова Л.А.);

ә) ұлттық бірегейлік мынадай функцияларды орындайды: әлеуметтік-саяси функция, оның негізінде ортақ мақсатқа қол жеткізумен байланысты этностарды біріктіретін қайнар көз болады; теңдестірудің психологиялық тетігі бола отырып, ол, біріншіден, ұлттық сана – сезімді қалыптастырады, этностар мәдениеттерінің диалогына ықпал етеді. Екіншіден, этносқа төнген түрлі әлеуметтік қауіп-қатерлер көрінісін жүзеге асырады. Оның адамдарды біріктіруші фактор ретінде әрекет етуі маңызды және ол адамның немесе этностың құқықтары мен бостандықтарын, діни төзімділікті, этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін сақтау салдарынан болуы мүмкін. Бұл жағдайда, ұлттық бірегейлік интеграцияның этносаралық шоғырлануына әкеледі, мемлекет пен қоғамның үдемелі дамуына ықпал етеді;

б) мемлекеттік білім беру стратегиясында, білім беру бағдарламаларының идеологиялық компонентін өзгерту саласында ұлттық бірегейлікті дамыту жолдары ұлттық білім беру жүйесі болып табылады. Қазіргі уақытта ұлттық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-әртүрлі мәдени және саяси контексте өз қызметі үшін жеткілікті білімі мен мүмкіндіктері бар адамды даярлау. Ұлттық компонент ұлттық мемлекетке қатыстылықты білдіреді (П.И. Рысакова [118], Т.Л. Осколова [119]);

в) бастапқы, базалық деңгейді этникалық қасиеттер: тіл, дін, мінез-құлық стереотиптері және т.б. құрайды. Бұл мәдени сан алуандық деңгейі. Келесі, жоғары деңгей – айырмашылықтарды жеңу және бірлікті, ынтымақты шоғырлану. Бұл ортақ құндылықтарды түсіну деңгейі, олардың ішінде патриотизм, патриоттық сана, Отан тағдырына қатысу маңызды орын алады. Бұл

деңгейде этгостың әлемге көзқарасының шектеулігі еңсеріледі. Сонымен, жеке тұлғаның ұлттық бірегейлігі құрылымындағы ең жоғары деңгей – өзін ел азаматы ретінде сезіну, өзінің азаматтық жауапкершілігін түсіну [120].

Жоғарыда тұжырымдарды талдау барысын қорытындылай келе, ғылыми әдебиеттерді және жоғарыда аталған тәсілдердің тірек көздері «Ұлттық болмыс», бұл біздің еңбегімізде кемеңгерлермен данышпандардың еңбектерінен рухты арттыратын үдерістер қамтылды. Ұлттық болмысты анықтайтын тәсілдер «онтологиялық», «гносеологиялық» «аксиологиялық» тұрғыдағы талдаулар, бұл – аксиологиялық мәнді білдіреді. Ал парадигмаға «эмпирикалық», «алгоритмдік», «стохастикалық» синтездер жатады. Негізінде біз авторлық анықтама мынадай түйіндемемен ұсынамыз: білім алушылардың ұлттық бірегейлігі жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде, оның жеке басының Қазақстан азаматтарының ортақтығына жататындығын түсінуінде ғана емес, сонымен қатар саяси мәдениетте, ұлттық ашықтықта да көрінеді, елдің мемлекеттік тұтастығы мен біртұтас бірлігінің талаптарына сәйкес қазақстандық патриотизм идеясымен үндестіретін, ұлттық мүдделерді, жалпыұлттық құндылықтарды қабылдауынан байқалады. Әрбір зерттеу жұмысында мүмкіндік теориясы стохастикалық парадигмамен іске асырылатынына бұл тұжырымдардың құндылығы ерекше екені байқалды, жеке бас мүмкіндігі «Ұлттық болмыс» аталымына сәйкес келуі көзделеді.

## **2.2 Білім алушылардың аксиологиялық парадигмадағы ұлттық бірегейлігін дамытудың тұжырымдамасы мен жобалық оқытудың технологиясы**

Мектепте білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту технологиясын жобалаудың теориялық тәсілдерін қарастыра отырып, осы мәселенің біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығын анықтадық. Сонымен қатар, біз жобаның мақсатын оны нақты іске асыруға жақындату кезеңдері бойынша қарастырдық және педагогикалық жүйелердің, процестердің немесе жағдайлардың құрылуы мен әрекетін әр түрлі дәлдікпен анықтайтын педагогикалық жобалаудың әртүрлі формалары туралы қорытындыға келдік. Сондай-ақ, біз жобалаудың нақты нәтижесі білім беру қызметінің модельдеріне сәйкес келетін білім беру жүйелерін дамытудың тұжырымдамалары мен технологиялары екенін зерттедік.

Тұжырымдама – негізгі көзқарас, жетекші ниет, педагогикалық жүйелер мен процестерді құрудың теориялық бастапқы ұстанымдары ұсынылатын жобалау формаларының бірі. Әдетте, тұжырымдама ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Бұл өте жалпыланған және дерексіз болғанымен, үлкен прагматикалық маңызы бар. Тұжырымдаманың мақсаты – теорияны сындарлы, қолданбалы түрде көрсету. Осылайша, кез-келген тұжырымдамада белгілі бір жүйеде, процесте прагматикалық іске асыру үшін мүмкін болатын ережелер, идеялар, көзқарастар ғана бар.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте «тұжырымдама» ұғымы кез-келген құбылыстарды түсінудің, түсіндірудің белгілі бір тәсілі, негізгі көзқарас, оларды

жариялаудың басшы идеясы; жетекші идея, әр түрлі іс-әрекеттің сындарлы қағидасы ретінде көрсетілген. Л.И. Гурье атап өткендей, тұжырымдаманың негізгі мақсаты қолданыстағы теорияны тиімді, қолданбалы түрде ұсыну болып табылады. Тұжырымдамаға мыналар кіреді:


- процесс, оның мақсаттары, ұстанымдары, мазмұны, ойлау өнерін арттырудың амалдары, әдістері, формалары туралы жалпы теориялық идеялар;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізу шарты ретінде процесті материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету туралы ақпаратты ұсынады.

Педагогикалық технологияларды жобалау процесін талдай отырып, Ю.Г. Татур оқу-әдістемелік кешендегі педагогикалық жүйені модельдеудің сызбасы мен дәйектілігі педагогикалық жүйенің жалпы құрылымымен іске асатынын біз төмендегі түзіліммен ұсынамыз:

- біріншіден, диагностика (мақсаттың барлық параметрлерін анықтау, өлшеу, көбейту мүмкіндігі) сияқты талапты міндетті түрде орындай отырып, осы бағдарлама бойынша құрылған педагогикалық жүйенің жұмыс істеу мақсатын анықтау және оны дәлелдеу);

- екіншіден, жалпы дидактикалық талаптарды ескере отырып, білім алушылар игеретін кәсіби қызметтің болжамды негізін (қасиеттері, ережелері, ұстанымдары, алгоритмдері, әдістері, ерекшеліктері) құрайтын қажетті ақпаратты көрсететін білім беру процесінің мазмұнына сәйкес деректеме: жүйелілік, қолжетімділік, ғылыми, ықшамдылық және көрнекілік [121].

И.В. Кожановтан кейін біз білім беру тұжырымдамасының құрылымын негізгі қасиеттері таптауырын мен әмбебаптылық болып табылатын тірек ретінде қарастырылатын сызба түрінде ұсынамыз (10-сурет).



Сурет 10 – Білім беру тұжырымдамасының құрылымы

Жобалық қызмет арқылы мектеп білім алушыларының ұлттық бірегейлігін дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып, үш блок түрінде ұсынуға болады: проблемалық (мақсат қою), негіз (тұжырымдаманың негізі) және практикалық (қолданбалы).

#### *Проблемалық (мақсатты) блок*

ҚР тұжырымдамалық үкіметтік құжаттарында қазақстандық бірегейлікті дамытудың негізгі шарттарын және оның практикалық шешімдерін барлық жерде, атап айтқанда, білім беру мекемелеріне енгізу міндеттерін анықтау осы проблеманы қараудың маңыздылығын көрсетеді.

«Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасында» қазақстандық бірегейлік ұрпақтардың үздіксіз үдерісі ретінде белгіленген.

Тұжырымдаманың міндеттеріне мыналар кіреді:

1) азаматтық қағидатында қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары жұмысының бірыңғай жүйесін, «Жаңа Қазақстан» жалпыұлттық идеясының құндылықтары негізінде жаңа қазақстандық патриотизмді құру;

2) ел дамуының стратегиялық мақсаттары төңірегінде топтасқан, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаттарында тәрбиеленген «Жаңа Қазақстанды құру» процесінде білімді буынын жаңа қазақстандық патриотизмге негіздеу [1].

«Үздіксіз аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін (мазмұнын) жаңартудың негізгі шарты бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, революциялық емес, эволюциялық даму, ХХІ ғасырға лайықты адам ретінде сананың ашықтығы сияқты қоғамдық сананы жаңғыртудың стратегиялық индикаторларын есепке алу екендігі баса айтылады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген бағыттар жіктеліп, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары айқындалады. Демек, осы бағыттардың мәні мен мақсаты педагогикалық жүйелер мен педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың барлық алуан түрлілігін, барлық қазіргі заманғы тәрбиелік кеңістікті жаңғыртудан, адамгершілік-рухани және жалпы мәдени құндылықтар шеңберін кеңейтуден, жас қазақстандықтарды тәрбиелеу практикасына мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның тұтас көзқарасын қамтамасыз етуден тұрады [122].

Ұлттық идеяның негізгі ережелерін қамтитын негізгі құжаттардың бірі «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» болып табылады. Бағдарламада бар проблемаларды шешу үшін, өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселелерінде көрсетілгендей:

– білім беру мекемелері мен ұйымдарының қызметі білім алушы жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге, елдің мемлекеттік рәміздерін

танымал етуге, мемлекеттік тілді қолдануға, олардың біздің мемлекеттілігіміздің іргетасы ретіндегі қазақ тілінің рөлін тануға бағытталуға тиіс.

Осы бағдарламаны іске асырудың табыстылығы мынандай қасиеттер мен байланысты: қазақстандықтардың толерантты менталитеті (ділі); рухани ашықтық – қазақстандықтар менталитетінің басты белгісі; жаңалықтарға деген батыл қадамдар, ұлтаралық келісім мен достық, саяси тұрақтылық; халықтың көпшілігі үшін кедейлікті еңсерудің кепілі ретінде елдің тұрақты және серпінді экономикалық өсуі, оптимизм мен болашаққа деген сенімді негіздейді [123].

Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында «...*Біз, қазақстандықтар, бір-тұтас халықпыз!* Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі. Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр» [124] делінген.

«Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласында біздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімізді шоғырландыру негізінде, Мәңгілік Елдің жалпыұлттық құндылықтары, біртұтас азаматтық қағидат негізінде қазақстандық қоғамды дамыту арқылы еліміздің бірлігі мен біртұтастығын нығайтуға бағытталғанымыз көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында біз бейбітшілік пен келісімде өмір сүруіміз керек – бұл уақыт талабы деп атап өтілді. Бізге ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс. Бүгінде кез келген этностық немесе діни тиесілілік бойынша қазақстандық – өз елінің тең құқықты азаматы. Қазақ халқы мен мемлекеттік тіл дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамдастықтың біріктіруші өзегі ретінде әрекет етеді. Біз кез келген адам: «Мен – қазақстандықпын және өз елімде мен үшін барлық есіктер ашық!» деп айта алатын әділ қоғам құрудамыз. Бүгінде біздің азаматтар үшін барлық есіктер, барлық мүмкіндіктер, барлық жолдар ашық. Біз көппіз және бәріміз – бір Елміз, бір халықпыз. Өз еліне пайдалы болу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – әрбір жауапты саясаткер үшін, әрбір қазақстандық үшін парыз әрі абырой. Біз бірлік пен келісім құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше

толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз бұл құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына ұқыпты табыстауға тиіспіз [125].

«Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хатта басты жалпыұлттық мақсат – мықты және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын құру баса айтылған. Осыған байланысты қоғамдық сананы жаңғырту және өскелең ұрпақтың ұлттық бірегейлігін сақтау, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу; бәсекеге қабілеттілік пен прагматизм, азаматтар санасының толеранттылығы мен ашықтығы қажеттілігі атап өтілді [126].

Осылайша, тұжырымдамалық құжаттарды талдаудан білім беру саласындағы іргелі құжаттар осы зерттеудің жетекші мақсатты бағыттарын көрсетеді және қоғам мен мемлекеттің білім беру саясатының әлеуметтік маңызды нәтижесі ретінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл ретте елдегі азаматтық қоғамның нақты нормалары мен құндылықтарының болмауы және өскелең ұрпақта қоғамдық сананы жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті дамытуды іске асырудың түсініксіз тетігі қиындықтарды құрайды.

*Базис тұжырымдаманың негізі*, тұжырымдаманың орталық ұғымдары «білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігі» термині және мәні мен мазмұны 1.1 және 1.2 бөлікте ұсынылған білім алушылардың ұлттық бірегейлігінің құрылымдық компоненттері болып табылады. Сонымен қатар, олардың анықтамаларын төмендегі түзіліммен береміз:

– білім алушылардың ұлттық бірегейлігі жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде білім алушы тұлғасының Қазақстан азаматтарының ортақтығына жататынын түсінуі ғана емес, сонымен қатар саяси мәдениетте, ұлттық ашықтықта да көрініс табады; ұлттық мүдделерді, жалпыұлттық құндылықтарды, ұлттық идеяны шоғырландыратын, елдің мемлекеттік тұтастығы мен монолитті бірлігі талаптарына сәйкес қазақстандық патриотизм идеясымен үндестіретінін қабылдау;

– ұлттық бірегейліктің бөліп көрсетілген құрылымдық компоненттері «біз – қазақстандықпыз» бейнесін, білім алушылардың ұлттық бірегейлігінің ішкі мазмұнында болашағы біртұтас ұлтқа жататындығы үшін ұлттық мақтанш сезімін интериоризациялау мақсатында орта мектепте оқитын жастардың негіздерін қалау көзделеді. Ұлттық сананың, ұлттық сезімнің, ұлттық құндылықтардың, ұлттық мінез-құлықтың бірлігін көрсетеді.

Қазақстан мемлекетінің білім алушысы жеке басының ұлттық сана-сезімін, ұлттық сезімін, ұлттық құндылықтарын, ұлттық мінез-құлқын дамытудың негізгі векторы этностық (Мен) және азаматтық бірегейлендіруден (Біз) жалпыұлттық, зияткерлік және бәсекеге қабілетті ұлтты дамытуға бағдарланған (қазақстандықтар) қозғалыс болады. Бұл – Қазақстанның өркениетті даму жолы. Бұл «Жаңа Қазақстан» ұлттық идеясының даму жолы, ол тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстанның барлық стратегиялық ұлттық жобаларында маңызды бағыт болып белгіленеді.

Осы жұмыста жобалау арқылы орта мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту тұжырымдамасын жасау кезінде ұсынылған анықтамаларға сәйкес авторлар жоғарыда аталған тұжырымдамаларды және сонымен қатар мына еңбектерді басшылыққа алды:

– жаңғырту жағдайындағы заманауи білім беру тұжырымдамасы (А.М. Новиков, Г.К. Селевко, В. Хутмахер, А.В. Хуторской, О.В. Чуракова және т.б.);

– тұлғаның әлеуметтену теориясы (О. Конт, А. Кетле, Г. Спенсер, К. Маркс, Л. Уорд, Г. Тард, Ф. Гиддингс, Э. Дюркгейм, М. Вебер, Г. Симмель, З. Фрейд және т.б.);

– аксиологиялық парадигманы дамыту тұжырымдамасы (S. Black, M. Miller, S. Molnar-Main, В.А. Тишков, Е.М. Арутюнова, А.А. Леонтьев және т.б.)

– көпмәдениетті және этномәдени білім беру тұжырымдамасы (D. Ford, J. Banks, В. Suzuki, С. Benett, Г. Н. Волков, Т.Н. Петрова, Т.В. Поштарева, В.Н. Гуров, М.Б. Кожанова, Л.В. Кузнецова, А.Б. Панькин, В.Ю. Очиров және т.б.).

Мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың тұжырымдамасы мен технологиясын әзірлеу кезінде білім алушылардың ұлттық бірегейлігін арттыруға тікелей әсер ететін жобалау қызметінің тетігі ескерілді (1.3 – кіші бөлім). Жобалау қызметіндегі жеке тұлғаның интегративті амалы ретінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту, әлемдегі іс-әрекеттің өзіндік тәжірибесін қабылдауды, қоршаған әлемді және өзін-өзі зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, өнертапқыштық және рационализаторлық қабілеттерін дамытады, белсенді субъектіні, өзгертін қоғам процестерінің қатысушысын белсенділік қызмет атқаруға мүмкіндік береді.

#### *Практикалық блок*

Мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды жобалау технологиясын пайдалана отырып, жобалау қызметінің әртүрлі нысандарында жүзеге асырылады.

Технология білім алушылардың білімі мен дағдыларын ширатуға ғана емес, олардың жеке басының тұлғалық болмысын өмірдегі қажеттілікке сәйкес жүзеге асыруына бағытталған ізгілендіру, қарым-қатынас, даралау, мүмкіндігінің, құндылық қағидаттарын ескере отырып құрылады. Жобалық оқытудың маңызды белгілері оның диалогтық, проблемалық, контекстік болып табылады.

Жобалық технологиядағы диалогтық білім алушылардың жаңа тәжірибе алуына, бұрынғы мағыналарын қайта қарастыруға жағдай жасайтын нақты әлеуметтік-мәдени орта ретінде қызмет етеді, нәтижесінде алынған ақпарат жеке тұлғыда маңызды болады.

Проблемалық жағдай белсенді ақыл-ой белсенділігінің басталуын, білім алушылардың тәуелсіздік көріністерін анықтайтын проблемалық жағдайды шешу кезінде туындайды, өйткені олар белгілі мазмұн мен жаңа фактілер мен

құбылыстарды түсіндіре алмау арасындағы қайшылықты ашады. Мәселені шешу көбінесе қызметтің ерекше, стандартты емес тәсілдерін нәтижеге бағдарлап мектеп білім алушылар үшін ең маңыздысы – жобада жүзеге асырылатын нақты (өмірлік) проблемалар (эколог; әлеуметтік-экономикалық, саяси, жастар). Әдебиеттерді талдау барысында іске асады.

Жобалық технологиядағы контекстілік білім алушылардың табиғи өміріне жақын жобаларды құруға, олар зерттейтін ғылымның адам өмірінің жалпы жүйесіндегі орнын түсінуге мүмкіндік береді.

Жобалардың қолда бар жіктемелерін талдағаннан кейін (Н.В. Матяш, В.Е. Мельников, В.В. Николина, Е.С. Полат, Л.Н. Серебренников, Е.С. Шишов және т.б.), біз Е.И. Антоновадан ең маңызды белгілерге сәйкес жобалардың бірнеше түрін бөлдік (5-кесте).

#### Кесте 5 – Жобалардың түрлері

Белгілері	Жобалардың типтері
1	2
Шығармашылық деңгейі	- орындаушылық; - құрылымдық; - шығармашылық
Іс-әрекет түрі	- зерттеушілік; - шығармашылық; - ақпараттық; - рөлдік (ойын); - қолданбалы; - баспалық; - сценарийлік
Қолданылатын дағдылар	- жобалық (ой-іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық, іздестірушілік, ақпараттық, коммуникативтік, презентациялық, бағалау); - пәндік (әдеби-лингвистикалық, математикалық және т.б.) шығармашылық, зияткерлік
Мазмұны	- бірпәнді; - пәнаралас; - пәннен тыс (бағдарламадан тыс)
Орындалу базасы	- мектептік (бір мектеп, сынып қатысушылары арасында); - мектептен тыс (қала, өңір, ел қатысушылары арасында); - халықаралық (әлемнің әр түрлі елдері арасында)
Қатысушылардың сандық құрамы	- жеке; - жұптық; - топтық
Жобаға қатысушылардың жас құрамы	- бір жастағылар; - әр жастағылары;
Орындалу ұзақтығы	- қысқа мерзімді (бір немесе бірнеше сабақ); - ұзақтығы орташа (мектеп курсының тақырыбын зерттеу бойында); - ұзақ мерзімді (бір немесе бірнеше жыл бойында)

## 5 кестенің жалғасы

1	2
Жобаны сипаты үйлестіру	- ашық (жобаның үйлестірушісі өз функциясын ашық түрде атқара отырып, жобаға қатысушыларды бақылайды); - жасырын (үйлестіруші топтардың қызметінде өзі болмайды, әдетте бұл телекоммуникациялық жобаларға қатысты)
Қызмет формалары өнімдерінің	сыртқы (материалдық) есеп, презентация, көрме және т.б.; - ішкі (жеке сапалар) білім, икемділік, қабілет, құзыреттер
Оқу пайдалану құралдарын	- дәстүрлі (баспалық, көрнекілік, техникалық); - ақпараттық және коммуникативтік (компьютерлік) құралдар
Жобалардың тақырыптық жоспарға енгізілуі	- ағымдағы (жобалау қызметіне мазмұнның бір бөлігі шығарылады); - жиынтық (орындау нәтижелері бойынша білім алушылардың белгілі оқу материалын игеруі бағаланады)

Жобалаудың құрамдас элементтері туралы айта отырып, біз өз зерттеуімізде Е.М. Беляковтың, Н.М. Воскресенскаяның, А.Н. Иоффенің әртүрлі критерийлерге негізделген жобалардың көптеген жіктелімдері бар деген пікірлеріне [127] (6-кесте) қосыла отырып, өзіміздің ерекшеліктерімізді ескеруге маңыз бердік.

## Кесте 6 – Жобаларды жіктеу критерийі

<i>Критерий</i>	<i>Білім беру жобаларының түрлері</i>
Жұмыстың бағыты	Әдістемелік, инновациялық-технологиялық, зерттеушілік, оқытушы, дамытушы, тәрбиелік, әлеуметтік, норма шығарушылық, экологиялық, экономикалық, техникалық (ақпараттық)
Уақытша шектер	Қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді
Ауқымы	Халықаралық (мемлекет аралық), ұлттық, өңіраралық, өңірлік, жергілікті, жалпы мектептік (білім беру мекемесінің жобасы), сыныптық (сынып деңгейінде), топтық (сынып ішінде)
Білім кеңістігіндегі орны	Пәндік және ғылымаралық
Нәтижелілігі	Оқу (имитациялық) – нақты (ғылыми, экономикалық, техникалық және т.б.)
Жаңалығы	Бірегей - әмбебап

5 және 6-кестелердегі мәліметтерден көрініп тұрғандай, көптеген жобаларды жіктеуге, түрлері және олардың негіздерінің әлсіз жақтарын анықтауға немесе керісінше, әртүрлі типтерді анықтаудың жаңа мүмкіндіктерін табуға болады.

Жобалық оқыту арқылы ұйымдастыруда тақырыпты таңдау процесінде әрбір білім алушының деңгейін диагностикалау арқылы айқындап, бейімдеріне қарай зерттеушілердің еңбектерін аксиологиялық парадигмамен саралай алу шеберлігін бағамдау көзделеді. Бұл орайда, білім алушының мүмкіндігі ұстазына белгісіз болады, сондықтан оның деңгейін нұсқалы тұрғыда анықтау процесінде стохастикалық парадигмамен зерделеу көзделеді. Егер аксиология білім алушының оқу қызметіндегі зерттеуінің құндылығын алға ілгерілету

тұрғысында орындалса, парадигма оның сол білім мен ғылымдағы тұжырымдардың жаңа қоғамға лайықтысын анықтауға көмек береді. Ал стохастикалық парадигма жобалау арқылы ұсынатын жаңалығының өнімін белгілей аларлық мүмкіндігін білім алушының өз-өзіне сыни бағаммен рефлексия құруымен көрініс береді. Біздердің зерттеу еңбегіміздегі жалпы аксиологиялық парадигманың көрініс беруі, белгілі бір өнімді ғылыми тұрғыда қоғам қажеттілігіне ұсынуымен оқшауланбақ.

Бірінші кезең – жобалық оқыту арқылы өрістету логикасы үш кезеңнен: зерттеу (дайындық), технологиялық және қорытынды (қорытындылау) кезеңдерден, сондай-ақ, жобалау қызметін ұйымдастыру нысанының, технологияларының кіші блогынан тұратын жобалау қызметінің кезеңдері мен мазмұнын қамтиды.

Жобалау қызметін өрістетуінің аталған үш кезеңнің зерттелу мәселесін дұрыс шешуде талданған, трансформацияланған зерттеушілердің еңбектерінен білім алушы өзінің тақырыбына көмек берер тіреккөздерін саралап, оған өзінің жаңа дүниетанымын түзілімдейді. Міне, осы қызметті парадигмалық тұрғыдағы іс-әрекет деуге болады. Ал құндылық – енгізілуге қатысты жаңалықтың бұрын-соңды болмауына көз жеткізерлік дәлелдердің тұжырымдары. Екеуін қосқанда аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті зерделеу үшінші кезеңге ұмтылу дегенді қамтиды. Мұнымен бірге білім алушы өз-өзінің зерттеу іс-әрекетіндегі деңгейлігін көрсеткіштер мен индикаторына салып отыруы нысананың белгісізден белгілі болуына қадам басуын анықтайды.

Екінші кезең – технологиялық үдеріс. «Технология» білім алушының жобалау арқылы ойлау өнері деңгейіне көтерілуіне қатысты ұғым. Бұл орайда, білім алушының жобалау қызметін өздігінен орындай алуына жағдай туғызудың алғышарты зерттеп отырған нысанының қаншалықты қоғам зәрушілігіне қажет екеніне ғылыми пайыммен түйсіне алуы. Білім алушының ғылыми түсінігі зерттеушілердің тұжырымдарынан сараланып, өзінің тарапынан жаңа бетбұрыстар ұсынылады. Мұнда өнімді әдістер технологияға қызмет етеді.

«Қорытынды» бөлімінде білім алушы өзінің ұсынатын жаңалықтарын эксперименттен өткізуі тиіс. Жұмыстың бұл түрінде алдыңғы «зерттеу», «технологиялық жұмыс» түрлеріндегі қамтылған ғылыми жаңалықтарының өнім сапасының көрсеткіштері мен индикаторы нәтиже сапасын дәлелдерлік дәрежеде көрініс табады. Еңбегіміздің алдыңғы тарауларында айтып өткеніміздей, тек эксперимент сараптамасы ешбір әдіснамалық-теориялық негізсіз тәжірибе көрінісімен «дәлелдеу» ешқандай білім алушының жобалау қызметіне жатпайтынына мән берілуін жобаның ғылыми жетекшілері қадағалауы қарастырылады. Бір сөзбен айтқанда, жобалау қызметінің үш кезеңі – оның үш киті сапасын анықтайтын семиотикасы, яғни белгілерінің көрінісі. Қандай технологиялар қолданымға қызмет етуі керек? – деген сауалға алдымен ақпараттық, проблемалық, программалық, алгоритмдік, модульдік, блокқа жіктеу, интерактивтік және т.б. білімдену мен ғылыми танымды өркендетуге қатысты білімденудің инновациялық технологиялары іс-әрекетте ұтымды

нәтижеге бағдарлайды. Мұнда жеке мүмкіндікті айқындайтын интериоризация нұсқалы тұрғыда көмек көрсетеді.

Жобалық оқыту арқылы орындалу кезеңдері туралы айта отырып, біз Н.В. Матяштың жобаны орындау кезектілігін ұстанамыз [71, с. 3-180].

Төмендегі 7-кестеде біз мектеп білім алушыларының жобалық оқыту арқылы әрекеттерін тек кезеңдер бойынша ғана емес, сонымен қатар әр қадам бойынша да келтіреміз, бұл жобалық оқыту арқылы ұйымдастыруда ұстаздарды күтілетін нәтижелерімен, оларға қол жеткізу әрекеттерімен білім алушыларды таныстыруға бағыттайды.

Кесте 7 – Жобаны орындау реттілігі

Кіші кезеңнің атауы	Жұмыстың мазмұны
1	2
<i>Зерттеушілік (дайындық) кезеңі</i>	
Проблеманы іздестіру	Білім алушылар ұстазды тыңдайды, естігендерін талдайды, ақпарат жинайды, материалды жинайды, зерттейді және талдайды. Көптеген проблемалардың ішінен ең маңыздылары анықталады. Ұстаз білім алушыларға проблема қояды, дайын жобалық тақырыптардың банкі ұсынылады, оларға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері, сондай-ақ, жұмысты орындау технологиясы ұсынылады
Проблемалық саланы жете түсіну	Білім алушылар бірнеше мәселелердің ішінен олар үшін ең көкейкестісін таңдайды
Нақты қажеттілікті анықтау. Алғашқы шағын зерттеу	Ақпарат көздерін (кітаптар, журналдар, интернет және т. б.) жинақтап қорыту бойынша жұмыс жүргізгеннен кейін, білім алушылардың өз білімдеріне сүйене отырып, белгілі бір өнімдерге немесе қызметтерге деген қажеттіліктер зерттеледі, шағын маркетингтік зерттеулер жүргізіледі, жұмыстың зияткерлік және материалдық мүмкіндіктері зерделенеді
Нақты тапсырманы анықтау және оны тұжырымдау	Білім алушылар зерттеудің нақты тапсырмасын тұжырымдайды, жобаның тақырыбын анықтайды
Дәстүрлерді, тарихты, үрдістерді анықтау	Білім алушылар мәселе тарихын зерттейді, қажетті әдебиеттер таңдалады, олар конспектіленеді, суреттер, сызбалар жасалады, идеялар топтап қорытылады
Нұсқалардың, баламалардың идеяларын әзірлеу. 4-ші шағын зерттеу	Мәселені шешудің барлық мүмкін нұсқаларын тез суреттейді. Білім алушы эскиздер мен жазбаларды неғұрлым тез орындаса, соғұрлым идеялар жадта сақталады. Барлық идеялар бір парақта көрсетіледі, олардың әрқайсысы қысқаша түсініктемелермен бірге жүруі басты талап
Идеяларды талдау және синтездеу. Ең жақсы нұсқаны таңдау	Өнімді бағалау критерийлері анықталады және оларды басшылыққа ала отырып, көптеген нұсқалардың ішінен қолайлы шешім таңдалады. Негіздемесі бар модельдің жұмыс эскизі әзірленуде

## 7-кестенің жалғасы

1	2
Материалды таңдау. Ойлаудың тірек сызбасын құру	Білім алушылар материалдардың бірнеше атауларын анықтайды және жазады, өнімнің нысаны мен мақсатын, таңдалған материалдардың қасиеттерін ескере отырып, олардың ең қолайлысы таңдалады
Сапаны бақылау	Жобаның сапасын тексеру және бағалау өлшемдерін нақтылау
<i>Технологиялық кезең</i>	
Технологиялық операцияларды орындау	Білім алушылар өңдеу режимдерін таңдайды; бөлшектерді өңдеу, сапасын бақылау, өз қызметін өзін-өзібақылау жүзеге асырылады
<i>Қорытынды (жинақтау) кезеңі</i>	
Түзету	Нәтижені жоспармен салыстыру, кемшіліктерді түзету немесе жою
Ресімдеу	Жобаны белгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу
Өзін-өзі бағалау	Жасалған жұмыс бойынша қорытындылар жасалады; бұйымның артықшылықтары мен кемшіліктері, оның бірегейлігі мен функционалдық мақсатына және қойылатын талаптарға сәйкестігі талданады
Жобаны қорғау	Баяндамалар дайындалып, сөз сөйлеулер жүргізіледі, білім алушылар қазылар алқасы мүшелерінің және сөз сөйлеушілердің жұмысын бағалайтын жолдастарының сұрақтарына жауап береді

Бұл ретте жобаларды бағалау критерийлерінің жүйесі туралы айта отырып, Е.А. Кашкаревамен бірге [128], біз, мектеп білім алушыларының жобалық оқыту қызметіне қатысуы олардың өзара іс-қимылының бірден бірнеше даму деңгейінде дамуын ынталандырады дейміз: ақпараттық (ақпарат алмасу); практикалық (бірлескен жобалау қызметі); эмоционалды (бірлескен тәжірибе мен әсер); этикалық (өзара әрекеттесу нормалары).

Жобалық оқыту арқылы нәтижелері әртүрлі конкурстарға ұсынылады және білім алушылардың жеке жобаларына қойылатын критерийлер жүйесін ескере отырып бағаланады

Графикалық сұлбада білім алушылардың жобалау арқылы бағаланатын критерийлердің бірнеше тобын ұсынамыз (11-сурет).



Сурет 11 – Мектеп білім алушыларының жобаларын бағалаудың критерийлері топтарының сұлбасы

Білім алушылардың жобалық оқыту жұмыстарын бағалаудың берілген критерийлерін салыстыру мыналарды көрсетеді: біріншіден, критерийлер мен олардың санының айырмашылықтары болады; екіншіден, алынған балдардың сомасы тең болмауы мүмкін; үшіншіден, жұмыстың әлеуметтік маңыздылығы, оны ұсыну нысаны, сөйлеушілердің дайындығы сияқты көрсеткіштер бағаланады. Жобалық оқыту технологиясын қолдануға қойылатын негізгі талаптарға сүйене отырып, білім алушылардың жобалау жұмыстарын бағалау критерийлері бар жобалармен жұмыс істеудің келесі кезеңдері ұсынылады. Бұл үлгі ресейлік зерттеуші Е.А. Кашкареваның жұмысында ұсынылған теориялық ережелер негізінде жасалды (12-сурет).



Сурет 12 – Мектеп білім алушыларының жобалық оқытуды бағалау критерийлерінің жүйесі

*Дайындық кезеңінің* негізгі критерийі *көкейкестілік* (қазіргі уақытта жобаның негізділігі, ол осы тақырып бойынша бар қайшылықтарды шешуді көздейді);

– *жұмысты жоспарлау кезеңі* хабардарлық критерийі бойынша бағаланады (осы тақырып бойынша қолда бар дереккөздерді кешенді пайдалану және материалды еркін меңгеру);

– *жобалау қызметі* – ғылым тұрғысынан (зерттелген және жобада ұсынылған материалдың, сондай-ақ, зерттелетін проблема бойынша осы ғылыми саладағы онымен жұмыс істеу әдістерінің арақатынасы, нақты ғылыми терминдерді пайдалану және олармен жұмыс істеу мүмкіндігі) және *дербестік* (жоба үйлестірушісінің тікелей қатысуынсыз оның әрекеттерімен бағытталатын жобалау қызметінің барлық кезеңдерін білім алушылардың өздері орындауы) тұрғысынан);

– *нәтижелерді немесе қорытындыларды ұсыну кезеңін* критерийлер тобы бағалайды: *маңыздылығы* (жоба авторларының теориялық және (немесе) практикалық қолдану үшін орындағанын тану), *жүйелілігі* (жұмыстың орындалуы шеңберінде іс-қимылдың жинақтап қорытылған тәсілін бөліп көрсету және оны нақты-прагматикалық міндеттерді шешу кезінде қолдану қабілеті), *құрылымдылығы* (жоба авторының теориялық пайымдау дәрежесі және онда осы пәндік салаға тән жүйе құрайтын байланыстардың болуы, сондай-ақ, жобаны орындау және ресімдеу кезіндегі реттілік және қисындылық), *интегративтілік* (ақпараттың әртүрлі көздері мен білім салаларының байланысы және оны жобалық жұмыстың бірыңғай тұжырымдамасында жүйелеу),

*креативтілік* (автор қазіргі шындықтың контекстіне жаңа нәрсе енгізген жаңа өзгеше идеялар мен шешімдер);

– *дайын өнімді ұсыну кезеңі* ортақ мақсаты, бірыңғай нәтижеге қол жеткізетін технологиясының келісілген ойлау өнерінің ілгерілеу амалдары мен тәсілдері бар көрнекілік көрсеткіштері бойынша бағаланады (жобалау жұмысының нәтижелерін көрнекі ұсыну формалары – баяндама, тұсаукесер, постер, макет, реферат және т.б.), *коммуникативтілік* (жоба авторының өз қызметінің кезеңдері мен нәтижелерін нақты, стилистикалық сауатты, тезисті баяндау қабілеті), *апробация* (жоба қызметінің нәтижелері мен өнімдерін тарату немесе алдыңғы жобаның нәтижелерімен байланысты жаңа жобалық пайымның тууы) өлшемшарттары бойынша бағаланады);

– *үдерісті және жұмыс нәтижелерін бағалау кезеңі рефлексиялық критерий бойынша бағаланады* (жоба авторының жобалау процесіне және оның қызметінің нәтижесіне жеке көзқарасы: не жақсы болды және не себепті? Не сәтсіз болды және неге сәтсіз болды? Болашақта не істегім келеді?).

Осылайша, жобалық білімденудің инновациялық технологиясына жүргізілген талдауды негізге ала отырып, біз жобалық оқыту әлеуметтік шындықтың қандай да бір салаларындағы немесе өз өміріндегі проблемаларды анықтау және шешу мақсатында білім алушылар үшін ең жақсы мүмкіндіктер береді және жобалық оқытудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктері білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың тиімді тетігі болып табылады деген сенімге келдік.

### **2.3 Жобалық оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін құру**

Аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейліктің мәнін, оны білім алушыларға игерту процесін талдау, қарастырылып отырған процестегі жобалау қызметінің әлеуетін нақтылау мектептегі жобалау қызметі арқылы аталған мәселені шешудің моделін құруға мүмкіндік береді.

Бұл бөлімнің мақсаты – мектептегі жобалау қызметі арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін әзірлеу және теориялық негіздеу. Модельдеу ғылыми білімнің белгілі бір құралы және формасы ретінде бұрыннан бері қолданылып келеді. Көптеген фактілер зерттеулерде модельдеу әдісін кеңінен қолданатынын көрсетеді. Модельдеудің мәні мен маңызын зерттеу «модель» ұғымын анықтаудан басталуы қарастырылады.

Осы терминнің генезисін зерттеу кезінде ресейлік зерттеушілер арасында ғылыми дискурстың әртүрлі көздерінен «модель» ұғымының көптеген түсіндірмелері мен анықтамалары сараланды, бірақ біз И.Н. Плотниковтың жұмысын ең қолайлы деп таптық [129]:

– «модель» сөзі латынның *modelium* сөзінен шыққан өлшем – сурет, әдіс және т. б. оның бастапқы мағынасы құрылыс өнерімен байланысты болды және барлық дерлік еуропалық тілдерде ол бейнені немесе прототипті немесе ұқсас нәрсені білдіру үшін қолданылды;

– философиялық энциклопедиялық сөздік модельдеуді таным объектілерін олардың модельдерінде зерттеу әдісі ретінде анықтайды; нақты бар заттар мен құбылыстардың (органикалық және бейорганикалық жүйелер, инженерлік құрылғылар, әртүрлі процестер – физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік) модельдерін және олардың қасиеттерін анықтау немесе жақсарту, оларды құру, басқару тәсілдерін рационализациялау және т.т.;

– модельдеу дегеніміз – осы жүйенің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу ұстанымдары жаңғыртылатын аналогтарды (модельдерді) арнайы жобалау арқылы нақты жүйені материалдық немесе ойша ұқсатып модельдеу;

– ең маңызды аспект белгілі бір теорияның, гипотезаның және т.б. ақиқатын анықтаудағы модельдеу рөлімен байланысты, мұнда модельді тек осы теорияда тұжырымдалған және модельде орындалатын байланыстар, қатынастар, құрылымдар, заңдылықтардың бар-жоғын тексеру құралы ретінде қарастыруға болады. Модельдің сәтті жұмысы теорияның ақиқатының практикалық дәлелі болып табылады, яғни бұл, осы теорияның ақиқатын тәжірибелік дәлелдеудің бөлігі.

Жалпы іріктемеге сүйене отырып, біз келесі анықтама дәлірек ұсынылған деген қорытындыға келеміз: «... модель дегеніміз – зерттеу объектісін көрсету немесе елестету арқылы оны зерттеу бізге осы объект туралы жаңа ақпарат беретін етіп алмастыра алатын ақыл-ой немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылатын жүйе.» (В.А. Штофф) [130].

Каскадты модельдің айрықша ерекшелігі «әзірлеу процесін каскадтың белгілі бір сатыларынан дәйекті түрде өтетін ағын ретінде ұсынуға болады: қоғамдық сұранымды талдау, жобалау, іске асыру, интеграциялау, тестілеу, енгізу және қолдау. Каскадты модельге сәйкес, әзірлеуші бір сатыдан екінші сатыға қатаң түрде, кез-келген мүмкіндікті жіберіп алмастан өтеді». Бұл орайда, модельді құрудың каскадты нұсқасы келесі кезеңдерден тұрады:

– білім берудің әрбір сатысында (тиісті критерийлер мен көрсеткіштер) жеке тұлғаның бірегейлігін дамытуға қойылатын талаптарды айқындау кезеңі);

– жұмыстың жобалау кезеңі, оның үздіксіз білім беру жүйесінде жеке тұлғаны үздіксіз білімпаздыққа бағыттау бағдарламасы, бірінші кезеңде анықталған міндеттерге қол жеткізу амалы мен жоспарын ашатын нұсқалы ұсыныстар және басқа құжаттар жасалады;

– ұстаздардың алған жобасын іске асыру, орындау кезеңі;

– жетекшілік жасайтын ұстаздар жобаны іске асыруда алған тәжірибе таратылған кездегі интеграция кезеңі;

– білім беру жүйесінде тұлғаның бірегейлігін қалыптастырудың жасалған жобасының тиімділік дәрежесі туралы нақты деректер алуға, әзірлеудің алдыңғы сатыларында пайда болған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретін тестілеу кезеңі;

– жобаны іске асыру кезеңі, сонымен бірге оны қолдау.

Каскадты модельдің ерекшелігі – кезеңдердің әрқайсысы келесі кезең басталғанға дейін толығымен аяқталуы керек. Мұндай модельде жобаны басқару оңай, бірақ тиімділік нақты және алдын-ала анықталған талаптар мен оларды

жүзеге асыру тәсілдері болған жағдайда ғана мүмкін болады, өйткені артқа қадам басу мүмкін емес, өйткені тестілеу даму аяқталғаннан кейін немесе толық аяқталғаннан кейін басталады.

Бірегейлікті дамыту моделін жасаудағы итеративті тәсіл-бұл нәтижелерді үздіксіз талдаумен және жұмыстың алдыңғы кезеңдерін түзетумен қатар жұмыстарды орындау. Осы тәсілмен жоба дамудың әр кезеңінде (бастапқы кезең, нақтылау, жобалау, енгізу) қайталанатын циклден өтеді: жоспарлау – іске асыру – тексеру – бағалау.

Итеративті (итерациялық) модель талап етілетін толық талдауды бастауды қажет етпейді. Оның орнына, құру одан әрі талаптарды анықтауға негіз болатын функционалдылықтың бір бөлігін іске асырудан басталады. Бұл процесс қайталанатын. Аталған тұжырым біздердің зерттеу еңбегімізге келе бермейтіні анықталды. Жұмыс «даму» деңгейінде тұйықталып отыр.

Келесі, спиральды модель - бұл үдерістің бастапқы кезеңдеріне баса назар аудара отырып, жоғары және төмен тұжырымдаманың артықшылықтарын үйлестіру үшін жобалауды да, сатылап прототиптеуді де біріктіретін процесс: талдау және жобалау. Бұл модельдің айрықша ерекшелігі - процесті ұйымдастыруға әсер ететін тәуекелдерге көбірек көңіл бөлу. Спиральды модель әр айналым үшін төрт кезеңді қамтиды: жоспарлау, тәуекел етуге көз жеткізу, құрастыру, нәтижені бағалау және қанағаттанарлық сапа болған жағдайда жаңа айналымға көшу. Спиральдың әр бұрылысы фрагментті немесе процестің нұсқасын жасауға сәйкес келеді, оның сапасы анықталады және спиральдың келесі бұрылысының жұмысы жоспарланған. Бұл тағылымды қолдану мүмкін емес.

Біздің зерттеуіміз үшін отандық ғалымдарымыз М.Б. Қасымбековтің, С.Ж. Пірәлиевтің, К.К. Жампейісованың және т.б. болашақ маман тұлғасының ұлттық сана-сезімін кәсіби даярлық процесінде үш деңгейлі қалыптастыру туралы эмпирикалық зерттеуге негізделген ғылыми көзқарастары маңызды болып табылады.

Олардың пікірінше, болашақ маман тұлғасының ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үш деңгейден тұрады:

– бірінші деңгей-этникалық сәйкестендіру және этникалық әлеуметтену тек қазақ тілін біліп қана қоймай, өз халқының салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, қалыптасу және даму тарихын білетін «Мен – қазақ халқының өкілімін» бейнесін қалыптастырады, сонымен бірге тұратын халықтардың тіліне, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, ұлттық мәдениеттеріне және халықтар мен ұлыстардың тарихына құрметпен қарайды;

– екінші деңгей – мемлекет құраушы, сондай-ақ, басқа ұлт өкілдері үшін де көпмәдениетті тәрбие арқылы азаматтық бірегейлену қазақстандық Ата Заңның кіріспесіне сүйене отырып жүзеге асырылуы тиіс, ол былай басталады: «біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...». Мемлекет құраушы этностың рухани әлемін, ділін, тілін, әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын, ұлттық мәдениетін түсінуге негізделген өзара сыйластықтан артық әртүрлі ұлт адамдарын біріктіретін басқа ештеңе жоқ;

– үшінші деңгей - мемлекет құраушы, сондай-ақ, басқа да ұлт өкілдері үшін ұлттық идеясының азаматтық құраушы: «Мен – Қазақстан Республикасының өкілімін», «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын», тек оқып қана қоймай, қазақ тілін (мемлекеттік тіл ретінде) меңгеріп, қазақ халқының салтын, дәстүрін, ұлттық мәдениетін, қалыптасу және даму тарихын білемін, сонымен қатар Қазақстанда тұратын халықтар мен ұлыстардың бейбітшілігі, тыныштығы, топтасуы мен бірлігі үшін жауапты болатынымды сезінемін» дейтін бейнені қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біздер, С.Ж. Пірәлиев пен К.К. Жампейісованың тұжырымдарын негізге алып, ондағы «ұлттық сана» жайлы тұғырға жобалау қызметін ұйымдастыруда ерекше мән берілді.

Педагогикалық жобалық оқыту алдағы іс-әрекеттің болжамды нұсқаларын жасау және оның нәтижелерін болжау болып табылады деп атап көрсетеді (М.В. Буланова-Топоркова) [131].

Жобалық оқыту нысанының болуы мүмкін: педагогикалық жүйелер, педагогикалық процесс, педагогикалық жағдаяттар. Педагог үшін педагогикалық процесс жобалаудың негізгі объектісі болып табылады. Педагогикалық үдеріс – бұл білім алушылар мен мұғалімдердің тікелей өзара әрекеттесуінде оның дамуына ықпал ететін компоненттерді тұтастыққа біріктіру.

Педагогикалық жағдаят әрдайым кез-келген педагогикалық үдеріс шеңберінде, ал ол арқылы белгілі бір кіші жүйе аясында болады.

Жағдаят – белгілі бір ситуацияның уақыты мен кеңістігі, оның жағдайын құрайтын педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі.

Ситуация әрдайым нақты, айқын болады олар сабақ, емтихан, экскурсия барысында жасалады немесе пайда болады және әдетте бірден шешіледі.

Педагогикалық процесс көзге көрінеді. Бұл жасуша педагогикалық үдерістің және жалпы педагогикалық жүйенің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін шоғырландырады. Біліктілік қарым-қатынас ретінде көрінетін педагогикалық жағдаяттар олардың мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Оның өзі екі қызмет субъектісі (мұғалім мен білім алушы) және олардың өзара әрекеттесу әдістері кіреді. Педагогикалық ситуацияға қатысушылардың өзара іс-қимылы олардың күрделі ішкі әлемін, олардың тәрбиесі мен оқуын жүзеге асыру ретінде құрылады.

Педагогикалық жағдаяттар өздігінен пайда болуы немесе алдын-ала жобалануы мүмкін. Бірақ өздігінен пайда болғандарды алдын-ала жобалау арқылы ойластырылған түрде шешуге болады.

Педагогикалық жобалау нәтижесінде білім беру жүйесінің бір күйден екінші күйге органикалық ауысуына ықпал ететін сапалы жаңа жағдайлар кешені құрылуы зерделенді. Жобалаудың нақты нәтижесі білім беру қызметінің модельдеріне сәйкес келетін білім беру жүйелерін дамытудың тұжырымдамалары мен бағдарламалары болып табылады.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерге қысқаша шолу жасай отырып, біз стратегиялық мақсатқа жету жолдарын көрсететін және құрылымдық-функционалдық блоктарды қамтитын жобалық оқыту қызметі арқылы орта

мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың авторлық моделінің жеке құрылымына келдік (7-сурет).

Модель стратегиялық мақсатқа жету жолдарын көрсетеді және келесідей құрылымдық және функционалды блоктарды қамтиды:

– мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, бағалау және нәтижелі, олар болжамды қайта құру қағидаттары, оның мазмұны, кезеңдері мен жоспарланған нәтижелері, қаралатын үдерістің детерминанттарын көрсететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар туралы түсінік жасауға мүмкіндік береді.

Нысаналы блоктағы ұсынылған модельдің мақсаты зерттеуде көрсетілген проблемадан туындайды және біздің назарымызды сәйкестіктің бір түрінен (ұлттық бірегейлік және педагогикалық үдерістің элементтерінің бірі (жобалау қызметі) шектейді, оның шеңберінде сәйкестендірудің осы түрі дамытылуы мүмкін. Бұл жағдайда, мақсат мінсіз нәтиже және жетістік деңгейі ретінде әрекет етеді.

Байқап отырғанымыздай, модельдеу жайлы ғылыми еңбектерде аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамуына қатысты даяр тұжырымдарды біздер кездестіре алмағандықтан, алдымен оның дамуы ХХІ ғасырдың бас кезінде Қазақстан Республикасында қандай көрініс тапқанына дәлелді дәйектемелерді зерделеуді жөн көрдік.

Аксиологиялық парадигманың білім жүйесінде Қазақстанда ХХІ ғасырдың басынан көрініс беріп, оның ілгерілеу динамикасын қарастырсақ, 2003 жылдан 2010 жыл аралығында зерттелген еңбектердің түзілімдерін құру арқылы байқау қиындық келтірмейді. Оны біздер төмендегі 8-кестемен келтірдік.

Кесте 8 – Педагогика ғылымының бағытында аксиологиялық парадигманың бірегейлікпен тұтас жүйесінің зерттелу барысы

Аты-жөні	Тақырыптары	Еңбектердің түйіндемесі
1	2	3
Жұматаева Е. докт.дис.	Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері	Дидактиканың генезисі, даму заңдылығы, теориялық-әдіснамалық негіздері, педагогикалық технологиялары, арнаулы курс, Алматы, 2003 жыл
Сарыбекова Ж.Т. кан. дис.	Болашақ мұғалімдерді білім алушы қыздарға қазақтың халық педагогикасы арқылы тәрбие беруге даярлау	Жұмыстың маңыздылығы, «қыз тәрбиесі», «қыз әдебі», тәрбие нобайы, мазмұны, әдістемесі, Астана, 2004 жыл
Заграничная Н.А. кан. дис.	Дидактические условия построения системы измерителей для мониторинга качества обучения в основной школе (на примере химии)	Жұмыстың әдіснамасы, химияның білім мазмұны, ғылыми-әдістемесін талдау, эмпирикалық зерттеулер, өңдеу, тұжырымдамалық модель, Астана, 2006 жыл

8-кестенің жалғасы

1	2	3
Адилова В.Х. кан. дис.	Использование инновационных технологий обучения в развитии интеллектуальной культуры учащихся	Инновациялық технологиялардың түрлері, қолданылуы, электрондық оқулық, графикалық модель, дидактикалық материалдар, Астана, 2006 жыл
Гаипов Д.Э. кан. дис.	Қазақ-түрік лицелерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру	Халыққа білім берудің шарттары, әдістемесі, оқыту жүйесі, тиімділігін тексерістен өткізу, Астана, 2007 жыл
Асаубаева А.К. кан. дис.	Саяси қуғын-сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының педагогикалық көзқарастары (1930-1938)	Саяси қуғын-сүргін көргендердің қоғамдық-тарихи жағдайлары, педагогикалық көзқарастары, педагогикаға қосқан үлестері, Астана, 2007 жыл
Иманбаева С.Т. докт.дис.	Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп білім алушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері	Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие берудің аксиологиясы, тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырнаması, Қарағанды, 2007 жыл
Қазанғап Т.М.	Болашақ мұғалімдердің тәрбие жұмысын жүргізуге даярлығын қалыптастыру	Болашақ мұғалімдердің тәрбие жұмысының үлгісі, мүмкіндік мазмұны, педагогикалық шарттары, әдістемесі, Астана, 2007 жыл
Мұқаметқали М. кан. дис.	Мектеп мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру	Мектеп мұғалімдерінің кәсіби-педагогиканың мәні мен құрылымы, әдіс-тәсілдері, жетілдіру жолдары, Астана, 2007 жыл
Кайдарова А.Д. докт.дис.	Становление и развитие содержания высшего педагогического образования в Республике Казахстан (1928-2005)	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы үдеріске талдау жасау, историография мінездемесін әзірлеу, оның дамуын зерттеу, үлгісін құру, Алматы, 2007 жыл
Қадирбаева Д.А. канд. дис.	Жоғары оқу орнында болашақ география мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлауды жетілдіру	Жоғары оқу орнында болашақ география мұғалімдерін жетілдірудің жүйесі, қызығушылығын ояту, көрсеткіштері, деңгейі, құралдары, Қарағанды, 2008 жыл
Аубакирова К.Ф. канд. дис.	Педагогические условия формирования этнопедагогической компетентности будущих учителей	Мәні, теориялық моделі, педагогикалық шарттар жүйесі, Қарағанды, 2008 жыл
Жубанова Б.Х. канд. дис.	Гендерные идеи в истории педагогической мысли Казахстана	Педагогическая сущность, социально-экономические предпосылки развития, гендерные проб-ки, генезис, Қарағанды, 2008 жыл

## 8-кестенің жалғасы

1	2	3
Ташкенбаева С.Ж. канд. дис.	Педагогические условия повышения квалификации классных руководителей в контексте современных воспитательных парадигм	Структура деятельности классных руководителей, система деятельности института повышения квалификации, парадигмы, технологии интерактивного обучения, Астана, 2009 год
Бейсенова Г.И. канд. дисс	Студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру	Ақпараттық технологияларды қолдану, әлеуметтендіру, арнайы курс, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, Алматы, 2009 жыл
Өтебаев И.С. канд. дис.	Болашақ кәсіби бакалаврын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлау	Болашақ кәсіби бакалаврын құзыреттілік жасаудың моделі, жобалау іс-әрекетін құру, мотивациясын ұсыну, жобалау технологиясын саралау, Қарағанды, 2010 жыл
Власенко С.В. канд. дис.	Формирование готовности руководителя общеобразовательного учреждения к организации личностно-ориентированного обучения школьников	Сущность понятия «готовность руководителя» общеобразовательного учреждения, модель, условия, методическая система, Караганда, 2009 год
Айжамбаева С.Ж. канд. дис.	Конструкторско-технологическая подготовка будущих специалистов машиностроительного профиля с использованием информационных технологий	Сущность понятия «конструкторско-технологическая», содержание, критерии, показатели, система с использованием технологий, Караганда, 2009 год
Ахметбекова С.Қ. канд. дис.	Развитие комплексно-интегративного подхода в процессе повышения квалификации управленческих кадров системы оборудования	Модель, условия, модульная программа, спецкурс, Караганда, 2008 год
Саттарова А.Ф. канд. дисс	Педагогические условия формирования правовой культуры учащихся в целостном педагогическом процессе школы	Определение понятий, модель, условия, содержание образования по правовой культуре, Караганда, 2009 год
Баймолдаев Т. докт. дис.	Жалпы білім беретін мектепті басқарудың ғылыми-педагогикалық негіздері	Функциясы, аймақтық ерекшелігі, ұйымдастырушылық амалдары, заңдылығы, қағидалары, құрылымы, мазмұны, Алматы, 2009 жыл
Кунакова К. У. докт. дис.	Развитие образовательной среды профильного обучения в условиях интеллектуализации образования	Субъектно-деятельностный потенциал, характеристика, обоснование, теоретическая модель, принципы, условия, характеристика особенностей учебной деятельности школьников, Алматы, 2010 год

## 8-кестенің жалғасы

1	2	3
Джантасова Д.Д. канд. дис.	Формирование готовности будущих учителей иностранного языка к работе в системе дистанционного обучения	Теоретический анализ, информационно-коммуникационные технологии, модель, электронные учебные издания, Караганда, 2010 год
Шарибжанова А.Б. канд. дис.	Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің жоғары сыныптарында қазақ әдебиетін түсінік беру арқылы оқыту. 10-11 сыныптар. (С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармалары)	Оқытудың жолын ашу, түсінік беру әдісі, түпнұсқасы, оқытудың тәсілдері, аударма қолданбай оқу процесін жүзеге асыру, Алматы, 2010 жыл

Егер біз аталған 8-кестені жалғастыра берсек, нұсқалы тұрғыда, дараланып зерттелеген аксиологиялық парадигма жайлы еңбекті таба қоюымыз күмәнді екенін осы жіктелеген еңбектерден де аңғарып отырмыз. Сондықтан «аксиологиялық парадигма» тек «құндылық» деген мағына білдірмейді, зерделенген тұжырымдар аксиологиялық парадигманың тууына алғышарт деген қорытындыға келдік. Сондықтан XIX ғасырдың орта шенінен бірі XX ғасыр толығымен XXI ғасырдың бас кезінен бастап біздің қарастырып отырған зерттеу нысанымызға көрініс беруімен зерделенді.

Педагогикалық білім беру жүйесінде аксиологиялық парадигманың көрініс беруінің моделін құру процесінде біздер 8-кесте – Педагогика ғылымының XXI ғасырдың басындағы зерттелген еңбектердің хронологиялық жіктемесін құрдық. Жоғары оқу орны және мектептердегі дидактикалық мәселелерге қатысты Е. Жұматаева [132], Н.А. Заграничная ғылыми жұмыстарын атап өткен орынды. Е. Жұматаеваның ғылыми зерттеу еңбегінде аксиологияның алғышарты ретінде «Жоғары мектепте дидактиканың даму кезеңдері» тарихи-диалектикалық тұрғыда анықталған. Құндылық ретінде бұл еңбекте сараланған ғылыми тұжырымдарды құрастырған төмендегі матрицадан байқауға болады (13-сурет).

Дидактиканың даму процесінің ғылыми негіздері								
Тарихи-интеллектуалды даму кезеңінің үш иерархиясы	Адамды оқытудың қазіргі жаңа процесінде оның барлық өмір сүру кезеңін тұтас қарастыруы	Студенттердің оқу іс-әрекетінде өзін-өзі танудың психологиялық, философиялық бірлігі	Л. Клинбертін дидактикаға қатысты онтогенезис теориясын қолдану амалдары	Парасатты іс-әрекеттегі тұлғаның моделін құра алу шеберлігін ширатылуы	Студенттердің интеллектуалды білім жию іс-әрекетінің алгоритмдік парадигмасы	Жоғары мектепте студенттердің оқытудың дидактикалық біртұтас жүйенің технологиясы	Студенттердің іс-әрекеттік қатысуының креативтік көрінісі	Демеуші және инновациялық білімді ажырату өлшемдігі

Сурет 13 – Е. Жуматаеваның еңбегіндегі рухани құндылықтың құрамдары (матрица 5)

Кесте 9 – Аксиологиялық парадигманы түсінерлік тапсырмалар мен нәтижелілікті өлшеудің кешенді құрамдық-бөліктері

Индикаторы	Өлшемдіктері	Көрсеткіштері	Бағалауы
Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи құндылық жайлы тағылымы (онтологиялық)	Білім мазмұны ретінде алынатын пәннің ішкі құндылықтарының саралануы	Білім алушы меңгерген білімнен рухани құндылықты игеруі	Эксперт бағасы
Ұлттық білімнен шынайлықты құндылық ретінде тануы (гносеологиялық)	Әрбір меңгерген білімге тағылымдық таным мен қарау, оның өмір сүруге қуат көзі болуын бағамдау, өзіне қажетті күш жиюы білім мен ғылым арқасы негізінде	Меңгерген білім-ғылыми еңбектерден өзіне қажетті ойлау өнерін өрістету іскерлігі	Эксперт бағасы
Ақиқаттық	Ұсынылатын тапсыр мада құндылықтың орын алуы	Орындаған жұмыстан өзіне ғибрат алуы	Эксперт бағасы
Табыстылыққа апарар білім мен ғылым	Алгоритмдік, эмпирикалық, стохастикалық парадигмаларды аксиологияны табуға қолдану	Қоғам өзгерісіне ілесерлік жаңа философиялық дүниетанымы	Эксперт бағасы
Білім игерудің инновациялық технологияларын іс-әрекетке қолдануы	Ойлау өнерін білім алушы пәннің құндылықтарымен өркендету алу амалдары мен әдіс-тәсілдерін ширату, алдыңғы білімімен келісі сип салыстыру	Нәтижеге апарар, бағдар жасар білімденудің жеке мүмкіндігін өркендету; ұшқырлығын шыңдауы	Эксперт бағасы

9-кестеде, аксиологиялық парадигманы түсінулеріне қатысты әзірліктің жүйелі болуларына талдау жасай аларлық индикаторлары мен өлшемдіктерін, көрсеткіштерін құрдық.

Аталған аксиологиялық парадигманың нәтижесін тексеруге қатысты құрылымы ұсынылып отыр (14-сурет).



Сурет 14 – Білім алушылардың аксиологиялық парадигмасын дамытудың құрылымы

Зерттеуші ХХІ ғасыр басында (2003 парадигмалық тұжырымның тарихи-логикалық жүйенің сақталуына жаңа дүниетаныммен қараудың мәнін айқындаған. Филогендік бағыттағы пәндерде жаңа пәлсапалық, парасаттылық ұстанымның нұсқалы құрылуының нәтижеге бағдарлануы жайлы ой-пікірі

бүгінгі Қазақстан Республикасына рухани байлық. Аталып отырған ғылыми еңбекте студенттердің деңгейліктерін жеке мүмкіндікке бағдарлаудың маңызы айқындалған. Деңгейліктерге саралану процесін төмендегі түзілімінен байқауға болады:

1. Қайталаным – репродуктивті деңгей, білім мазмұнын алгоритмге салу.
2. Эмпирикалық деңгей – берілген ақпаратты құбылыстар мен процестерге жіктеп, ең маңыздысын бөлек, қосымшасын жекелеу сияқты іс-әрекетке түсу.
3. Эвристикалық деңгей ұсақ мәселелерді тізбелеп, оның тұтас жиынына интерпретация жасау.
4. Білім мазмұнындағы проблемалы-зерттеушілік іс-әрекетінде қайшылықты тауып, оның шешілу түйінін парасаттау.
5. Шығармашылық деңгейі – мемлекеттік стандарт шегіндегі білім мазмұнына студенттердің жаңа дүниетанымын құра алу шеберлігі.
6. Креативтік деңгей – мемлекеттік стандарт ауқымынан тыс бағам, пікір, ой-тұжырымдардың феномені бұрынғыдан тың, қайталап баған мәнде келуі.

Модельдің жүзеге асырылуының өзі білімденудің жобалық оқыту технологияларын тиімді қолдану іскерлігімізге байланысты екендігін Е. Жұматаеваның [132, б. 15-30 ] ғылыми проектісінен байқаймыз. Білім мазмұнынан рухани құндылықтарды саралау барысында проблемалық, модульдік, кәсіби-бағдарлық технологиялардың бірлігінде нәтижеге жетудің мүмкіндігі дәлелденген. Автор проблеманы шешуде программалық технологияның қажеттігіне орынды тоқталған. Аталып отырған технологияларға ақпараттық технологияның қолданылуының мәнділігі анықталған. Осының бәрін іске асыруда эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық, парадигмалардың теориялық негізі тәжірибеден көрініс табу қажеттігі жан-жақты дәйектелген. Бірақ бұл жұмыс «басқару» процесіне бағдарланған. Десек те, ұстазбен білім алушының жалпы білім мазмұнындағы қажетті құндылықтарды тағылымдық деңгейде сұрыптау білім беретін нысаннан тексерілуі нәтижеге қол жеткізбек. Құбылыстар мен процестердің толыққанды детермендігі белгілі заңдылықтар мен қағидаларға негізделуі жаднамада болуы қарастырылады. Технологиялық іліктестік нұсқасы айқындалған іс-әрекеттен тұрып, оны тапсырма құру процесіне пайдаланудың барысында ойлау өнерін ұдайы өрістетіп отыру тек индивидтің ерік-жігеріне, ұстамдылығына тәуелді. Ондай ұсақ білім элементтерін алгоритмдеу құбылыстар мен процестердің жиыны ретінде эмпирикалық парадигмаға негізделуі. Кезкелген макроэлемент ішкі микроэлемент бөліктерінен құралады. Сондықтан Е. Жұматаеваның білім алушының әрбір жаңа сабақ барысында перцептивті қабылдауы ұстазға белгісіз болып келуін ескеруді стохастикалық парадигмамен дәлелдеуге мүмкіндік туғызу қажеттігін ғылыми тұрғыда дәлелдеуі біздің аксиологиялық парадигманы жүзеге асыруымыздың моделін құруымызға бірден-бір көмегін тигізер материал. Экспериментке шығудың өзі білім мазмұнындағы аксиологиялық нысандары сұрыптап алуда теориялық жағдайын тәжірибеге негіздеу арқылы білім алушылардың жалаң тәжірибеші болмай, заман мүддесіне сай прогматикалық іскерліктерін де ширату мүмкіндігіне ие болатыны дәйектелген.

<i>Мақсатты блок</i>				
<i>Мақсат:</i> жобалау қызметі арқылы орта мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту				
↓				
<i>Міндеттер</i>				
ұлттық бірегейлікті, «Менің отаным – Қазақстан» бағыты бойынша қазақстандық қоғамға және әлемдік қоғамдастыққа қатыстылығы туралы түсінікті қалыптастыру; «Рухани қазына» бағыты бойынша жалпыұлттық құндылықтарды игеру	туған халықтың, Қазақстан мен әлем халықтарының тарихы, мәдениеті туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру; республика /облыс және әлем мемлекеттері туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру	туған халқына, кіші Отанына, Қазақстанға, жалпы әлемге эмоционалды-бағалау қатынасын қалыптастыру	қазақстандық қауымдастыққа тиесілілік фактісіне оң көзқарас, азаматтық ұстанымды аксиологиялық парадигма құрылымымен дамыту	Қазақстан жерінде татулықты, тыныштық пен зорлық-зомбылықсыз өмірді сақтауға ықпал ететін негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстану қабілеті мен қажеттілігін қалыптастыру, оған жаңа философиялық көзқарас
<i>Әдіснамалық блок</i>				
<i>Әдіснамалық негіз:</i> жүйелік-әрекеттік				
<i>Ұстанымдары:</i>	гуманистік бағыт	тәрбиелеуші орта	ынтымақтастық	әлеуметтік белсенділік
↓				
<i>Мазмұндық блок</i>				
<i>Іске асыру тетіктері</i>				
<i>Формасы</i>	жобалау қызметі			
<i>Педагогикалық технологиялар</i>	жобалау технологиясы			
<i>Шарттар</i>	орта мектептің жобалау қызметінде білім алушылардың ұлттық сәйкестігін дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық тәсілдері			
↓				
<i>Бағалау блогы</i>				
<i>Критерийлер</i>	1) жоғары сынып білім алушысының оқитын мектепке қарым-қатынасын ескере отырып, басқа маңыздылардың болуы; 2) өзінің өзекті бейнелерінің бейіні; 3) жоғары сынып білім алушылары таныған тақырыптық сәйкестендіргіштер; 4) бөлінген тақырыптық сәйкестендіргіштер бойынша өзгелердің өзін-өзі бағалауы және бағалауы; 5) жобалау қызметінің тәжірибесі.			
<i>Көрсеткіштер, индикатор</i>	Оңтайлы, рұқсат етілген, сыни бағамы			
<i>Білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігінің дамыту деңгейлері</i>	Жоғары, орташа, төмен (креативтік, шығармашылық, эвристикалық)			
<i>Диагностика әдістері</i>	1) тікелей және жанама байқау, сауалнама әдістері (тестілеу және сауалнама жүргізу), диагностикалық әдістер: «20 бекіту» әдістемесі (М.Кун, Т. Макпартленд), сараптамалық бағалау әдістемесі, рефлексометрия, өзара қарым-қатынастың барабарлығын зерттеу әдістемесі, 2) құжаттаманы талдау, қызмет нәтижелерін талдау; 3) білім алушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс; 4) математикалық статистика әдістері			
↓				
<i>Нәтижелік блок</i>				
Орта мектепте жобалау қызметі арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлігімен дамуы				

Сурет 15 – Жобалау қызметі арқылы орта мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделі

15-суретте, біздер жоғарыдағы модель құруға қатысты материалдардың басымдық тұсы аксиологиялық парадигманың құрылымы мен оның ұлттық бірегейлікті дамытуға тигізер ықпалы тұрғысында қарастырдық. Модельдің төрт блоктан тұратын жүйесін тұтастық қағидатпен зерделеп, оның жүйесін 15-суретпен ұсынып отырмыз. Критерий, көрсеткіш, индикаторларға арнайы тоқталғандықтан, модельге бағынған блоктар жүктемесін ұсынып отырмыз.

*Мақсаты:*

Міндеттері:

1) аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті, «Менің отаным – Қазақстан» бағыты бойынша қазақстандық қоғамға және әлемдік қоғамдастыққа тиесілілігі туралы түсінікті қалыптастыру; «Рухани қазына» бағыты бойынша жалпыұлттық құндылықтарды игеру;

2) туған халықтың, Қазақстан мен әлем халықтарының тарихы, мәдениеті туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру; республика / облыс және әлем мемлекеттері туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру;

3) туған халқына, кіші Отанына, Қазақстанға, жалпы әлемге эмоционалды-бағалау қатынасын қалыптастыру;

4) қазақстандық қауымдастыққа тиесілілік фактісіне азаматтық ұстанымды, оң көзқарасты қалыптастыру;

5) Қазақстан жерінде бейбітшілікті, бейбітшілік пен зорлық-зомбылықты сақтауға ықпал ететін негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстану қабілеті мен қажеттілігін қалыптастыру болып табылады

Құрылымдық-функционалдық модельдің 2 әдіснамалық блогы зерттеу тақырыбына көзқарасты бөлектеу қажеттілігін туындатты. Білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту, біздің ойымызша, зерттелетін феноменнің көп аспектілі қасиеттерін ашуды белгілейтін, қойылған міндеттерді шешу реттілігінің бағытын анықтайтын жүйелік-іс-қимыл тәсіліне сәйкес қарастырылуы заңды.

Жүйелік-әрекеттік тәсіл ұғымы 1985 жылы біріктіруші жүйелік тәсіл ретінде і (Б.Г. Ананьев, Б.Ф. Ломов және т. б.) және іс-әрекеттілік тәсіл ретінде енгізілді (Л.С. Выготский, Л.В. Занков, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов және басқалар). Бұл тәсілдің негізгі идеясы – білім берудің нәтижесі жеке білім, дағдылар емес, адамның әртүрлі әлеуметтік маңызды жағдайларда тиімді және өнімді іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығы.

Жүйелік-белсенділік тұрғысынан білім берудің мәні – «әлем-адам» жүйесінің элементі ретінде тұлғаның дамуы. Бұл процесте адам, тұлға, белсенді шығармашылық бастамашы ретінде әрекет етеді. Әлеммен байланыса отырып, ол өз-өзін дамытуға ынталануы көзделеді. Әлемде белсенді әрекет ете отырып, ол өмірлік қатынастар мен құндылықтар жүйесінде өзін өзі анықтайды, оның өзінезі дамытуы және жеке басының өзін-өзі тануы ширайды [133].

Білім алушылардың көкейкесті терминдердің – «ұлттық өзін-өзі тану», «ұлттық бірегейлік, «патриотизм» мағыналық мазмұнының проблемасымен таныстыру өзін-өзі танудың өзекті сұрақтарына жауап іздеуді және өмір жолын таңдауды жандандыра алады [134].

Бұл тәсіл жобалық оқыту қызметі арқылы орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың әзірленген моделінде тұжырымдамалық мақсатты блокты тиімді іске асыруға ықпал ететін *ұстанымдарды* анықтаудың негізі болып табылады. Үдерісті іске асыру үшін қажетті бастапқы ережелер ретінде мыналар қарастырылады:

– *гуманистік бағыт ұстанымы* әмбебап адами құндылықтарды түсінетін және қабылдайтын тұлғаны тәрбиелеуді қамтиды:

а) адамзатты және өзін бірегей бөлік ретінде түсіну;

ә) адам өмірінің құндылығын, адамның өміріне қол сұғылмаушылығын түсіну;

б) болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік;

в) адамзаттың рухани тәжірибесін сақтау;

г) түрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы диалог;

д) өз халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтеу;

е) адамға деген қызығушылықтың ең жақсы көрінісі.

Вейт М.А. мектеп білім алушыларын тәрбиелеудің негізгі мақсатын адамгершілік қатынастар мен мінез-құлық қасиеттерін тәрбиелеу ретінде анықтайды, бұл тәрбиенің негізгі міндеттерін бөлуге негіз болды:

– Отанға, адамдарға деген жоғары адамгершілік сезімдерін қалыптастыру; тұрақты адамгершілік сана мен нанымды қалыптастыру;

– адамгершілік мінез-құлық әдеттерін қалыптастыру;

– тұлғаның адамгершілік дамуының жоғарғы деңгейі ретінде адамгершілік сезім, сана және адамгершілік мінез-құлық әдеттерінің бірлігін қалыптастыру [135];

– білім беру мекемесінің білім беру ортасының білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық сәйкестігін дамыту процесіне маңыздылығын көрсететін *білім беру ортасының ұстанымы*, тұтастай алғанда, бұл орта адамның айналасындағы қоғамдық, материалдық, оның өмір сүруі мен қызметінің рухани жағдайларын құрайтын әлеуметтік ортаның бөлігі болып табылады деп айтуға болады. Орта кең мағынада (макро орта), тұтастай алғанда әлеуметтік-экономикалық жүйені қамтиды – өндірістік күштер, қоғамдық қатынастар мен институттар, қоғамдық сана мен мәдениет және тар мағынада орта (микро орта) адамның тікелей ортасын – отбасын, білім алушылар ұжымын және басқа ұжымдарды қамтиды, білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытуға шешуші әсер етеді;

– *ынтымақтастық қағидаты* білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуда мектеп, отбасы және қоғам талаптарының келісілуін талап етеді. Оқу процесінің бірлігі мен тұтастығы барлық педагогикалық жүйелер мен әлеуметтік институттардың тығыз өзара әрекеттесуімен қамтамасыз етіледі. Талаптардың біртұтастығын жүзеге асыру шарттары: тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін, оның барлық субъектілері тарапынан бірыңғай талаптарды анықтаудағы келісімділік; талаптардың дәйекті түрде күрделенуі; талаптарды ұсынуда табандылық пен орындау міндеттілігі және т.б. болып табылады;

– жоғары сынып білім алушыларының әлеуметтік шындықпен қарқынды және саналы өзара іс-қимылға белсенді қатынасын болжайтын *әлеуметтік белсенділік қағидаты* (аймақтағы және елдегі әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға нақты қол жеткізілетін нәтижелермен қатысу), онда олар әлеуметтік даму міндеттерін, қоршаған әлеммен бірлескен және өзара шығармашылық байланыстарды құрудың жаңартылған мағыналарын, олардың қызметінің қоғамдық мәнінің прагматикалық қажеттілігі мен пайдалылығына құндылық ұстанымдарын ескере отырып, қоғамды қайта құрудың бастамашыл, жауапты субъектілері ретінде әрекет етеді, олардың белсенді азаматтық позициясын күшейтуді қамтамасыз ететін, өзін-өзі алға ілгерілету мүмкіндіктерінің көп өлшемділігімен ерекшеленеді.

Осылайша, біздің ойымызша, жоғарыда аталған ұстанымдар орта мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуға ықпал ететін жобалау қызметін ұтымды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Біздің *үшінші* – мазмұндық блокқа енген орта білім беру жүйесіндегі жобалау қызметі процесінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту технологиясын дайындау және іске асыру жоғарыда 2.2-ші бөлімде зерттелді.

Бірегейліктің белгілі бір түріне – аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікке және қызметтің белгілі бір ерекшелігіне – жобалық қызметке назар аударамыз, ол біздің ойымызша, бірегейліктің осы түрін дамыту үшін ең жақсы мүмкіндіктер береді.

Біз 1.3-ші бөлімде қараған, аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған жобалау қызметінің әлеуеті мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін тиімді дамытуда маңызды. Бұл ретте біз жобалық технологияға бағдарланамыз (2.2-ші бөлім).

Педагогикалық жағдайлардың қарымымен мүмкін болады. Зерттеу аясында біз орта мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды қамтамасыз ететін, ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайларды қарастырамыз:

– мектептегі жобалық оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту үдерісі субъектілерінің осы үдерістің мақсаттары мен міндеттерін қабылдауы;

– білім беру мекемесінде азамат, патриот, қазақстандық адам проблемасына жүгінетін білім алушылар үшін маңызды тұлғалардың, топтардың, қауымдастықтардың болуы;

– білім беру мекемесіндегі жобалау қызметі субъектілерінің адам-азамат, патриот, қазақстандық бейнесін нақтылау және іс-әрекетке бекіту;

– білім беру мекемесіндегі жобалау қызметі шеңберінде адам – азамат, патриот, «Мен – қазақстандықпын» бейнелерін ой елегінен өткізудің және игерудің циклдік (жүйелілік) және қызметтік маңыздылығы.

*Бірінші шарт.* Жетекші субъектілердің (педагогтар, білім алушылар және ата-аналар) орта мектептің жобалық қызметінде жоғары сынып білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту

процесін қалыптасқан педагогикалық шынайылық контексінде осы үдерістің мақсаттары мен міндеттерін қабылдауы.

М.В. Воропаев педагогикалық шындықтың келесі көрсеткіштерін бөліп көрсетеді [136]:

1. Құндылық – жеке тұлға туралы түсінікті анықтайды. Мұндай түсінік үш вектор бойынша жүзеге асырылады: а) тәрбие жүйесінің субъектілері үшін субъективті маңызы бар гуманистік (адам абсолютті құндылық болып көрінеді); б) нормативті (құндылық болмысының екі түрінде көрінеді-біріншіден, авторитарлық – механикалық және патерналистік-патриархалды); в) адамгершілікке қарсы (адамның жеке басына қысым көрсету, «дегуманизацияланған», қиратушы объекті ретінде қабылдауға негізделген).

2. Тұтастық – бұл шындықтың жоғары ұйымдастырушылық деңгейіне және үйлесімділігіне қол жеткізу. Тұтастық қасиеті сыртқы санкцияларға да, ішкі институционалдық бақылауға да негізделген.

3. Темпоральды – болашаққа бағытталған педагогикалық шындықтың уақытша өлшемін белгілейді және бұл жағдайда гуманистік психологияның «осында және қазір» қағидасымен байқалатын жеке уақыттың ағымдағы тәжірибесімен сәйкес келуі мүмкін. Педагогикалық шындықтың контексті жалпы қасиеттерге ие (қолданыстағы нормалармен, қабылданған құндылықтармен, білім беру жүйесіндегі, жалпы қоғамдағы қатынастармен анықталады) және өзгермелі (әр нақты білім беру ұйымы анықтайтын, оның құрылымымен анықталады) [137].

Зерттеуге байланысты on-line әзірленген және автор 2017-2018 жылдары республиканың 6 өңірінен (Павлодар және Павлодар облысы, Өскемен және Шығыс Қазақстан облысы, Алматы және Алматы облысы, Петропавл және Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай және Қостанай облысы) 504 респондент-жоғары сынып білім алушысы алабында жүргізген сауалнамаға «20 бекіту» әдістемесінің базалық тапсырмасын түсіндіретін (М. Кун, Т. Макпартленд): «Сен кімсің» сұрақ-тапсырмасы енгізілді. «Мен кімін» деген сұраққа 10 жауап беріңіз «Жауаптарды тез арада ойыңызға қалай келсе, солай жазыңыз». Респонденттердің 48,8% өздерін атай отырып, қазақстандық, азамат, патриот, нақты аумақтың тұрғыны («павлодарлық», «Павлодар тұрғыны» және т.б.) тапсырмаларын пайдаланды. Қабылданған тұжырымдамаға сүйене отырып, сауалнама жүргізу кезінде сауалнамалардың жартысы үшін бұл сараптамалар өзекті болды, сондықтан әртүрлі негіздерге (аумақтық, азаматтық) сүйенген аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлік көрінеді деп айтуға болады. «Өзіңді қазақстандық деп есептейсің бе?» деген тікелей сұраққа респонденттер басқаша жауап берді: 463 респондент (сұралғандардың 92,8%-ы) оң жауап берді; 6 респондент (сұралғандардың 1,1%-ы) теріс жауап берді; 35 респондент (сұралғандардың 6,1%-ы) жауап беруден бас тартты. Айта кету керек, бұл сәйкессіздік педагогикалық шындықты, респонденттердің мұғалімдер күткен жауаптар беруге дайындығын көрсетеді.

*Екінші шарт.* Білім беру ұйымында азаматтық, патриотизм, бірлік құндылығы, Қазақстандық толеранттылық проблемасына, «Біз –

қазақстандықпыз», «Біз бәріміз – бір ел, бір халықпыз» ұстанымына ортақ құндылықтар негізінде қазақстандық қоғамның біріктіруші бастауын қалыптастыру үшін жүгінетін жоғары сынып білім алушылары үшін маңызды тұлғалардың, топтардың, қауымдастықтардың болуы.

Э.Р. Касимованың көзқарасы біздің жұмысымызға қызығушылық тудырады, ол «референттік ықпал субъектінің (референттің) референция тұтынушысына айқын және мақсатты әсері арқылы немесе субъектінің белсенді қатысуынсыз, әсер ететін субъектінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Референция, кез-келген әлеуметтік байланыс сияқты, ресми және бейресми болуы мүмкін. Формальды референция ұйымдастырылған бірлестіктер, қоғамдастықтар және т.б. шеңберінде белгіленеді (мысал, сарапшылардың ұйымдастырылған кеңесі), осы ұйымның қабылданған. Бейресми референция, әдетте, жеке тұлғалар арасындағы субординацияны және қатаң ережелерді мойындамайды, мұндай байланыс әдетте отбасы немесе достар шеңберінде жүзеге асырылады» [138].


«Маңызды Басқа адам» терминінің семантикалық мағынасы шетел ғылымында (Джемс У., Келли Г., Кули Ч., Мид Дж., Ньюком Т., Салливен Х., Хайман Г., Хоманс Д., Фрейд З., Шериф М.), және отандық ғылымда (Ананьев Б.Г., Бодалев А.А., Выготский Л.С., Зинченко В.П., Кон И.С., Кроник А.А., Кроник Е.А., Лазурский А.Ф., Мясичев В.Н., Эльконин Д.Б., Эльконин) оның адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді түсінуден ажыратылмайтындығын көрсетеді. «Маңызды басқа адам» белгілі бір адамның индивидке ықпал ету мен әлеуетін көрсететін құрылым ретінде пайда болады (Петровский А.В., Петровский В.А., Хараш А.У.). Маңыздылық қасиеті адамның қабылдауының субъективті жағын және оның адамның мінез-құлқын белгілі бір бағытта өзгерту қабілетін анықтайды (Меланина А.А., Хорошилова Е.А., Шкопоров Н.Б., Щедрина Е.В.). Маңызды Басқа адамның бейнесі маңызды жағдайдағы мінез-құлықтың позициясы мен стратегиясын таңдау қажет болған жағдайда нұсқаулық ретінде пайдаланылуы мүмкін. Тұлға аралық таным мен өзара әрекеттесудің нәтижесі ретінде маңызды басқа бейненің қалыптасу заңдылықтары қарастырылады (Владимиров И.Ю., Доценко Е.Л., Келли Дж., Лузаков А.А., Петренко В.Ф., Шмелев А.Г.). Маңызды Басқаның образы қасиеттер жиынтығы арқылы да, маңызды басқаның жеке адамға ықпал етуінің жиынтығы арқылы да ұсынылуы мүмкін (В.В. Знаков, А.А. Лузаков, В.А. Петровский). Образдың басқа маңызды адамдармен қарым-қатынасын бейнелеу қасиеті оны іс-әрекеттің бағытын және адамның тәжірибесінің ерекшелігін анықтай алатын құрылымға айналдырады. Бұл Маңызды Басқа образының тұлғаның қиын жағдайды жеңу ресурсы ретінде әрекет ету қабілетін анықтайды.

Кеңестік кезеңнің психологиясында, Т.С. Табурованың зерттеу нәтижелері бойынша, «аңыз болған Басқаның образы» ұғымын 1970 жылдары И.С. Кон ерекше категорияға бөліп, кейіннен А.А. Бодалев пен оның шәкірттерінің еңбектерінде жарық көрді. Қарастырылып отырған құбылыстың тәсілдерін талдау негізінде Т.С. Табулова «маңызды Басқаның образы» ұғымының келесі түсіндірмесін ұсынды: «адамның эмоционалды жағдайын өзгерту және қиын


өмірлік жағдайдағы мінез-құлық стратегияларын өзгерту үшін нақты ресурс ретінде пайдалануға болатын маңызды адамның мінез-құлқының қасиеттері мен стратегиялары туралы идеялар» жиынтығы. В.С. Атюнинаның, В.Н. Буриктің, С.В. Липпоның, Т.С. Табуровның пікірлеріне сәйкес зерттеуді жоспарлау, зерттеу міндеттерін қою, әдістер мен әдістерді таңдау кезінде ескерілуі көзделеді.

Білім беру жүйесінің жоғарыда аталған субъектілерінің ішінен жоғары сынып білім алушысы үшін білім беру ұйымында референт ретінде мұғалімдер (әдетте бір немесе бірнеше), қосымша білім беру мұғалімдері (үйірме, секция жетекшісі), сыныптастар (оның ішінде микро топ), ата-аналар қатыса алады.


Осы зерттеуге байланысты әзірленген және автор жүргізген сауалнамаға республиканың 6 өңірінен 504 респондент-жоғары сынып білім алушысы массивінде мынадай сұрақтар енгізілді: Сен қазақстандық екендігіңді қаншалықты жиі еске саласың; сенің қазақстандық екеніңді кім жиі еске салады? сенің қоршаған ортаңда үлгі алайын деп отырған адамдар бар ма? Мынадай нәтижелер алынды (16, 17, 18-суреттер).



Сурет 16 – Сенің қазақстандық екеніңді басқалар қаншалықты жиі еске салады? (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)



Сурет 17 – Саған қазақстандық екеніңді кім жиі еске салады? (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)



Сурет 18 – Айналаңда сен үлгі алғың келетін адамдар бар ма? (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)

Педагогтар референциясының жеткілікті төмен үлесі кезінде олар аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту міндетін шешетін жетекші субъект болып қала беретіні анық. Неғұрлым маңызды топ – достар (біз оған сыныптастарды да жатқыздық) аксиологиялық парадигмамен ұлттық

бірегейлікті дамытуға іс жүзінде әсер етпейді, өйткені білім алушылар үшін азаматтық, патриотизм, бірлік құндылығы, Қазақстандық толеранттылық тақырыбы, «Біз – қазақстандықпыз», «Біз бәріміз – бір ел, бір халықпыз» ұстанымы өзекті, белсенді талқыланатын тақырыптар қатарына кірмейді. Бұл жетекші референттер үшін – жоғары сынып білім алушыларының отбасы үшін соншалықты маңызды емес.

Бірқатар зерттеулер қазіргі орта мектептің білім алушылары үшін ең маңызды әлеуметтік институт ретінде бұқаралық ақпарат құралдары (соның ішінде, Интернет) деп аталатынын ескере отырып, біз бұл ұстанымды жауаптардың қатарына енгіздік.

Алынған нәтиже қазіргі заманғы БАҚ үшін бұл проблема өзекті емес (ата-аналармен салыстыруға болады) немесе қолданылатын тақырыптар ретінде қарастырылмайды, әдістер жоғары сынып білім алушыларының аудиториясында өз бағасын таба алмайды.

*Үшінші шарт.* Білім беру ұйымының жобалау қызметі субъектілерінің адам-азамат, оның адам санасындағы идеалды образ-бұл оның алдында тарихи қалыптасқан жалпыадамзаттық мәдениетке негізделген оның мәдениетінің бір түрі. Платон бұл образдарды «идеялар» деп те атады.

Олар «табиғат затын» қалыптастыратын «прототиптер», «белсенді үлгілер», саналы ерік-жігерді, адам әлеміндегі әлеуметтік тәртіпті ұйымдастыратын адамның жаратылысы. Л. Выготский идеалды «ішкі субъективті образ», «идеалды модель», «қоғамдық қызмет формасы» ретінде қарастырды. Дүниетаным арқылы әлеуметтік идеал санамен байланысты. Идеал образға келетін болсақ, ол да осы байланыс жүйесінде орын алады.

Идеал образдың мазмұны құндылықтар, көзқарастар, нормалар, адамзат қоғамының принциптері, адамның іс-әрекетін ынталандыру және т.б. құрайды деп айту жеткілікті. Яғни, идеалды образ дүниетанымдық конструкцияға тікелей сәйкес келмейді, сонымен қатар, біздің ойымызша, оның өлшемі, көрсеткіші және шыңы болып табылады. Дүниетанымның құндылығы мен басқа құрылымдары арқылы идеалды образ адамның немесе адамдар тобының рухани деңгейі мен моральдық қажеттіліктерін көрсетеді.

Әлбетте, бұл сәйкестендіргіштер проблемасы қалуда неғұрлым күрделі мәселелердің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматын рухани-адамгершілік дамыту мен тәрбиелеудің жоғары деңгейі (нәтижесі) ретінде аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту үшін негіз ретінде пайдаланылуы тиіс базалық жалпыұлттық құндылықтарды іздеу және тұжырымдау нұсқасы неғұрлым кең таралған болып табылады.

Осы зерттеуге республиканың 6 өңірінен 504 респондент – білім алушы алабында жүргізген сауалнамаға келесі сұрақтар мен сұрақтар-тапсырмалар енгізілді:

1. Сөйлемді аяқта: қазақстандық-бұл...
2. Сені қазақстандық деп атау үшін қазақ болу міндетті ме?
3. Сені қазақстандық деп атау үшін Қазақстан аумағында тұру міндетті ме?

4. Олар нағыз қазақстандықтар деп айтқан кезде, сен кімді жиі еске алатын боласың (Тарихи кейіпкерлерден; әдеби кейіпкерлерден; теле - және кинофильмдер кейіпкерлерінен; сенің замандастарыңнан; сені қоршаған адамдардан).

5. Сіздің ойыңызша, қазақстандықтың қандай ерекшеліктері бар?

«Қазақстандық дегеніміз бұл – ...» деген сөз тіркесін аяқтай отырып, респонденттер негізінен типтік сараптамаларды пайдаланды:

1. «Қазақстанда тұратын адам» (сұралғандардың 24, 8%).

2. «Қазақстан азаматы», «Зандарды білетін және орындайтын», «дәстүрлерді білетін» (сұралғандардың 12, 6%).

3. «Қазақстанды сүйетін», «Қазақстанға адал», « Қазақстан құрметтейтін» (және патриотизм сипаттамасының басқа да құрамдас бөліктері) (сұралғандардың 12, 8%).

4. «Қазақстанда дүниеге келген» (сұралғандардың 8, 6%).

«Қазақстанның игілігі үшін өмір сүретін», «күшті», «мақтан тұтатын», «еркін» және т.б. адамдардың қызметтік немесе сапалық көрсеткіштері келтірілген жауаптар бірлі-жарым болды.

178 респондент (сұралғандардың 41, 8%) тек ұлты қазақ адам ғана қазақстандық бола алады деп есептейді. Сұралғандардың ішінен 157 жоғары сынып білім алушысы (респонденттердің 36, 7%) қазақстандықтарға тек Қазақстан аумағында тұратындар ғана жататынына сенімді.

Мысалдар келтіре отырып (4-сұрақ), ең көп нұсқалар «тарихи кейіпкерлер» тобынан ұсынылды (көбінесе Керей, Жәнібек, Қасым хан, Абылай хан деп аталды). Респонденттердің бір бөлігі бұл топқа жазушылар мен ақындарды, ең алдымен Шоқан Уәлихановты, Абай Құнанбаевты бөліп көрсетті. Шын мәнінде, жалпы мойындалмаған, бірақ, ең болмағанда, қазақстандықтың бейнесін нақтылауға байланысты «еске алынатын» әдеби кейіпкерлер осы респонденттерден табылған жоқ.

Жақын ортада негізінен отбасы мүшелері, достары аталды. 18 адам (сұралғандардың 3,9%) қазақстандық мұғалімдерді мысал ретінде атады.

Басым талдаулар арқылы қазақстандық бейнені нақтылау типтелген. Егер басым жауаптарды қазақстандықтың портретін жасау үшін пайдаланатын болсақ, онда ол мейірімді, кең пейілді, жайдары жан, қонақжай, мейірімді, шыдамды, табанды, қарапайым, еңбекқор патриот, бірақ сонымен бірге жалқау, сөзшең, қызғаншақ адам болады. Тақырыптық сараптамалардың ішінен, біз көріп отырғанымыздай, респонденттер тек патриотизмді тікелей көрсетті (150 сайлау; респонденттердің 34,8%).

*Төртінші шарт.* Білім беру ұйымының жобалау қызметі шеңберінде адам-азамат, патриот, «Мен – қазақстандықпын» бейнелерін ой елегінен өткізудің және игерудің циклдік (жүйелілік) және қызметтік көрсеткіштері.

Бірегейліктің ерекшелігі – оның тұрақсыздығы. М.В. Шакурованың, А.Н. Махниннің зерттеулерінде бұл ерекшелік «бірегейлік» (жылжымалы) және «Мен – тұжырымдама», «өзіндік сана» (тұрақты) конструкцияларын салыстыру нәтижесінде нақтыланады. «Мен – тұжырымдама» құрылымындағы


динамикалық және қарама-қайшылықты көрініс бола отырып, бірегейлік өзінің «Мен» көзқарасы тұрғысынан жаңа тәжірибе енгізілді. Бұл тұрғыда бірегейлік негізгі компоненттерді салыстыру, тексеру және сынау нәтижесінде қалыптасады және Э. Эриксонның пікірінше, баса айтылған реализммен бағамдалатын «мен-тұжырымдаманың» сыртқы көрінісінде байқалады.

Осы зерттеуге байланысты әзірленген және автор елдің 6 аймағынан 504 респондент-жоғары сынып білім алушысы массивінде жүргізген сауалнамаға сұрақтар енгізілді:


1. Қазақстанның игілігі үшін ештеңе жасамай, өзіңді қазақстандық деп санауға бола ма? (19-сурет);

2. Сен мына тұжырыммен келісесің бе: өзімді (қазақстандық, еуропалық, әлемнің адамы және т. б.) кім деп санасам да маған бәрібір, тек жақсы өмір сүрсем болады (20-сурет);


3. Болашақта қайда өмір сүргің келеді? (жауаптардың қатары: а) Қазақстанда; ә) Түркияда, оның әл-ауқаты мен өркендеуін арттыру үшін жұмыс істей отырып; б) Қазақстанда емес, кез келген басқа жерде; г) кез келген жерде, бірақ Қазақстанда емес) (21-сурет).



Сурет 19 – Қазақстанның игілігі үшін ештеңе жасамай, өзіңді қазақстандық деп санауға бола ма? (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)



Сурет 20 – Сен мына тұжырыммен келісесің бе: өзімді (қазақстандық, еуропалық, әлемнің адамы және т.б.) кім деп санасам да маған бәрібір, тек жақсы өмір сүрсем болады (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)



- ҚР-да, оның әл-ауқаты мен өркендеуін арттыру үшін жұмыс істей отырып
- Қазақстанда емес, кез келген басқа жерде
- кез келген жерде, бірақ Қазақстанда емес
- Қазақстанда

Сурет 21 – Болашақта қайда өмір сүргің келеді? (сұралғандардың жалпы санындағы пайыз)

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің үштен бірінде ұлттық бірегейліктің мінез-құлық компоненті қалыптаспағаны анық. Бұл респонденттер адам-азамат, патриот, «Мен – қазақстандықпын» бейнелерінің үйлесімін тек атау ретінде қабылдайды. Мұның себебі ретінде біз жоғары сынып білім алушыларымен жұмыс істеудің ауызша формаларының басым болуын қарастырамыз. Бұл қорытынды Қазақстан Республикасы, Павлодар қ. Дарынды

балаларға арналған Абай атындағы гимназияның нормативтік құжаттары мен әдістемелік материалдарын талдау барысында нығайтылды.

*Бағалау блогы* білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігінің дамыту деңгейлерін әзірлеумен байланысты болжамды модельдің жұмыс істеу тиімділігін анықтайды, өлшемдер мен көрсеткіштер 1.1-ші бөлімде ұсынылды және осы кіші бөлімнің басында ішінара қарастырылды.

Жоғары сынып білім алушыларының жобалық оқыту арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту процесінің тиімділігін зерделеу мынадай әдістерді пайдалана отырып жүргізілді: 1) тікелей және жанама байқау, сауалнама әдістері (тестілеу және сауалнама жүргізу), диагностикалық әдістер: «20 бекіту» әдістемесі (М. Кун, Т. Макпартленд), сараптамалық бағалау әдістемесі, референтометрия, өзара қарым-қатынастың барабарлығын зерттеу әдістемесі, 2) құжаттаманы талдау, қызмет нәтижелерін талдау; 3) білім алушылардың жобалық оқыту арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс; 4) математикалық статистика әдістері.

*Нәтижелік блок.* Модель тиімділігінің критерийі – нәтиже, яғни жобалау қызметі арқылы орта мектепте білім алушылар аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігінің дамуы болып табылады.

Қорытындылай келе, жобалау қызметі арқылы мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту процесін модельдеуін таным әдісі ретінде болатындығын атаймыз, бұл ретте зерттеу тақырыбы – мектептің жобалау қызметінде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық сәйкестігін дамыту процесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің талаптарына сәйкес білім алушылардың жобалық оқыту арқылы аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін тиімді дамытудың тұрақты процесіне, оның оптимизміне бағытталған ұстаз бен білім алушылар қызметінің эталоны, аналогы ретінде модельге айналды.

Бұл модель білім беру мекемелерімен эксперименттік жұмысты өткізуге негіз болды, оның мазмұны мен нәтижелері үшінші тараудың келесі бөлімінде келтірілген.

## **2-бөлім бойынша қорытындылар**

Білім беру жүйесінде ХХІ ғасырда бұрынғы желіден басқа бағамға өзгеру қажеттілігі тұрғанына сол кездегі педагогика саласындағы тұлғалардың еңбектері куә. Бір формациядан екінші формацияға көшкен кеңестік үкімет тұрғысында жоғарыдан әмір мен бұйрықтар және нұсқаулықтар даярланып, Одаққа тәуелді ұсақ мемлекеттер сол құжаттардағы мәселелер төңірегіндегі тапсырыстарды орындаушылық қызметпен шектелетін. Салдарынан білім мазмұны мен оқыту мазмұнын жаңа білім берудің философиялық тұрғыда түбірімен басқаша құру міндеті туды. Бұл орайда «парадигма» ұғымы аталған көкейкесті мәселені шешуге бағдар жасайтыны зерделенген. Өкінішке орай, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басында аталған дидактикалық екі саланың құжаттары

мен оқулықтары, оқу құралдарының мәні түбірімен парадигмалық тұрғыда өзгеруі көкейкесті мәселеге айналған. Білім мазмұнын өзгертудің парадигмасы оның рухани құндылықтарды беру жүйесіне тірек көзі ретінде саралау үдерісімен толыққанды мәнді болатыны бұл еңбектің басымдығы болады. Зерттеу жұмысының сыртқы ауқымының көкейкестілігі осындай дәрежеде зерделенсе, «аксиологиялық парадигма» ұғымы «ұлттық бірегейліксіз» білім философиясына жауап бере алмайтыны анықталған. Ал оны іске асыратын нысан – жобалық оқыту технологиясы.

Біріншіден, «Педагогикалық білім беру жүйесі» ұғымының ауқымы кең болғандықтан және мектеп өмірінде оқу іс-әрекетін білім мазмұнын тірек көзі ретінде санау мұғалімдер легіне қиындық келтіріп отырғаны бүгінгі таңға дейін түйіткілді мәселе екені еңбекте қамтылған.

Екіншіден, барлық ғылыми жұмыстарды орындау барысында әрбір ұғымның маңыздылығы айқындалып отыру ұстанымының тағы бір екпін жасар тұсы – ол жоғарыдағы зерделенген мәселелермен қатар сараланатын ХХІ ғасырдың басында көрініс беруі және оның даму қарқыны. Бұл жағдайда, аталған ұғымдарға анықтама жасалып, оған ғылыми тұжырымдар құрылуы ескерілді.

Үшіншіден, әрбір параграфтардың аталымдарына сай оның мазмұндық нысаналары анықталып, әдіснамалық негіздері сол мәселелерге қатысты талданып, тұжырымдар нұсқалы тұрғыда ұсынылып, жұмыстың локальды және конструктивті бағамы суреттермен матрицаларға түсірілді.

Зерттеу еңбегінде теориялық және прагматикалық материалдары эксперименттік тексерістен өткізілді. Анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы кезеңдерінде сандық, сапалық көрсеткіштер эксперимент құрудың талаптарына сай орындалған. Жобалау қызметінде орта мектеп білім алушыларының ұлттық бірегейлігін дамыту технологиясының теориялық тәсілдерін талдау негізінде жобалау қызметі арқылы орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру жеткілікті әдіснамалық тұрғыда түсіну мен дайындықты қажет ететін өте күрделі процесс екендігі анықталды.

Орта мектеп білім алушыларының ұлттық бірегейлігін дамытудың жобалық технологиясының теориялық тәсілдерін қарастыра отырып, осы мәселенің біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы анықталды. Сонымен қатар, біз жобаның кезеңін оны объективті іске асыруға жақындатудың дәйектілігін кезеңдерін қарастырдық және педагогикалық жүйелердің, процестердің немесе жағдайлардың құрылуы мен әрекетін әртүрлі дәлдікпен дәйектейтін педагогикалық жобалаудың сан алуан формалары туралы қорытындыға келдік.

Жобалау оқыту арқылы орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың әзірленген моделі стратегиялық мақсатқа жету жолдарын көрсетеді және мақсатты, әдіснамалық, мазмұнды, бағалау және тиімді блоктарды қамтиды.

Білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделінің негізгі компоненті нысаналы блоктағы мақсат болып табылады. Бұл ретте мақсат-жобалық оқыту арқылы орта мектепте білім

алушылардың ұлттық бірегейлігін дамыту нәтижеге және жетістік деңгейі ретінде көрінеді. Мақсат белгіленген зерттеу мәселелерінен туындайды.

Модельдің әдіснамалық блогы зерттеу тақырыбына көзқарасты бөліп көрсетуді қажет етті. Білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту, біздің ойымызша, зерттелетін құбылыстың көпөлшемді сараптамаларын ашуды анықтайтын, қойылған міндеттерді шешу реттілігінің бағытын белгілейтін жүйелік-іс-қимыл тәсіліне сәйкес қарастырылуы заңды.

Теориялық модельдің мазмұндық блогы орта мектепте білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды ілгерілетудің қойылған мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте біз жобалық технологияға назар аударамыз. Білім алушыларды жобалау қызметінде оның ұлттық бірегейлігін дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктері осы қызмет барысында орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың жоғарыда аталған негізгі бағыттары өзектендірілетіндігімен байланысты. Бұл нәтижеліліктің педагогикалық жағдайлармен орындалуының арқасында мүмкін болады. Зерттеу аясында біз орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытуды қамтамасыз ететін нәтижелілік - педагогикалық жағдайларды қарастырдық.

Бағалау блогы 1.1-ші бөлімде ұсынылған және осы кіші бөлімнің басында ішінара зерделенген білім алушылардың ұлттық бірегейлігінің даму деңгейлерін әзірлеумен байланысты болжамды модельдің жұмыс істеу тиімділігін, өлшемдері мен көрсеткіштерін белгілейді.

Модель тиімділігінің критерийі - нәтиже, яғни жобалық оқыту арқылы орта мектепте білім алушылардың ұлттық бірегейлігінің дамуы болып табылады.

### **3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАМЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ**

#### **3.1 Анықтаушы эксперимент және оның нәтижесі**

Жобалық оқыту арқылы мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигма мен ұлттық бірегейлігін дамытудың әзірленген моделін сынақтан өткізу үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды, оның құрылымына диссертациялық зерттеудің үшінші тарауы арналды.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік бөлігінің мақсаты – жобалық оқыту арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигма мен ұлттық бірегейлігін дамыту моделінің тиімділігін тексеру.

Эксперимент, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық гимназия-интернаты, Павлодар қаласының Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қаласының Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебі тағайындалды.

Жобалық оқыту арқылы мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигма мен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін сынақтан өткізу үшін осы білім беру мекемелерінің мұғалімдері (барлығы 42 адам) тартылды.

Сынақтан өтушілер қатарына 15 пен 17 жас аралығындағы жоғары сынып білім алушылары, барлығы 210 адам кірді. Оның ішінде 105 білім алушы эксперименттік топта, 105 білім алушы бақылау тобында болды.

Сонымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың (ТЭЖ) анықтау кезеңінде біз білім беру мекемелерінің жобалық оқыту арқылы аксиологиялық парадигма мен ұлттық бірегейлік компоненттерінің даму деңгейі мен ерекшеліктері туралы түсінік беретін индикаторлары мен көрсеткіштерін анықтадық.

Оларды анықтау және барабар диагностикалық құралдарды таңдау кезінде аксиологиялық парадигма мен ұлттық бірегейліктің келесі компоненттері ескерілді:

а) тақырыптық референциялар, олардың көмегімен аксиологиялық парадигмамен бірегейлік құрастырылады.

Дж. Марсиа тұжырымдамасына сәйкес аксиологиялық парадигмамен бірегейлікті құрастыру – қандай болу керектігі туралы тәуелсіз шешім қабылдау үдерісі ескерілді. Бұл адамның санасында эталондық стандарт, құндылық бағдарларын, санада «маңызды басқалар» ретінде анықталған әлеуметтік нормаларды дамыту көзі болып табылатын әлеуметтік нақты немесе қиялдағы бірлестік. 1. Рефентометрия әдісін қолдану арқылы анықталды;

ә) өзінің көкейкесті мәселедегі бейнелерінің профилін анықтай алуын бақылау. Бұл ақыл-ой бейнесі, әдетте өзгеруге өте төзімді, ол басқалардың объективті зерттеуі үшін қолжетімді болатын ғана емес қасиетпен өздері туралы жеке тәжірибелерден немесе басқалардың пікірлерін игеруден білетін элементтерді көрсетеді.

Мен – образ төрт типте болуының мүмкіндігі:

Мен – образ, адамның өзін қалай көретіндігінің нәтижесінде пайда болады.

Мен – образ, басқалардың адамды қалай көретіндігінің нәтижесінде пайда болады.

Өзін-өзі қабылдау, тұлғаның басқаларды қалай қабылдауының нәтижесінде пайда болады.

Өлшеу үшін Т.В. Румянцеваның (М. Кун, Т. Макпартленд; В. Румянцеваның модификациясы) «Мен кімін» әдісі қолданылды (Қосымша А);

б) этникалық бірегейліктің типі.

Этникалық бірегейлік дегеніміз мәдени немесе әлеуметтік топқа жатуға негізделген кең контексте адамның әлеуметтік бірегейлігін білдіреді. Психологиялық зерттеулер шеңберіндегі этникалық бірегейлік туралы қазіргі заманғы тұжырымдамалық идеялар бұл күрделі, көп өлшемді құрылым деп саналған, онда этникалық топтардың мүшелері этникалық бірегейлік сезімінде әртүрлі болуы мүмкін.

Этникалық бірегейліктің типі Солдатова-Рыжованың тестісімен анықталды;

в) жобалау қызметіне қатысу.

Міндет: Жобалау қызметінде тәжірибенің болуын және жанама түрде жобалау қызметіне қатысудың жеке тәжірибесіне (мінез-құлық компоненті) қатынасты анықтау.

Диагностикалық құралдар: сараптамалық бағалау әдісі.

Көрсеткіштер:

– оңтайлы: жобаларға үнемі және дәлелді түрде қатысады, жобалау қызметіне қатысуға оң көзқараспен қарайды, кейбір жағдайларда оларды ұйымдастыруға бағыттайды;

– рұқсат етілген: мұғалімдердің талаптарын бұзбау, сыныптастарының беделін түсірмеу үшін жобалық жұмыстарға қатысқанымен; оған немқұрайлы қарайды, оларды ұйымдастыруға белсенділік танытпайды;

– сыни: жобалау қызметіне қатысудан аулақ болады, осы тәжірибені алу қажеттілігіне күмәнмен қарайды, жобаларды құруға белсенді емес.

Таңдалған көрсеткіштердің синтезі респонденттердің аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігінің даму деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді;

г) қоғамдастықтың жалпыадамзаттық құндылықтар деңгейінде бөлінуі.

Алынған мәліметтер SPSS 15.0 нұсқасын қолдана отырып талданды, әзірленген сауалнаманың жоғары сенімділігі бар екендігі анықталды:

1. Респондент оқитын мектепке қарым-қатынасын ескере отырып, басқа маңызды тақырыптық референциялардың болуына қам жасалады.

Міндеті: өзара іс-қимылдың берілген тақырыбын ескере отырып, жобалау қызметінде олар өзара іс-қимыл жасай алатын маңызды тұстарын анықтайды.

Диагностикалық құралдар: топтан тыс референтометрия.

Референтометрияның дәстүрлі сызбасының модификациясы қолданылды (зерттеу тақырыбын ескере отырып). Экспериментке қатысушыларға референттік топты маңызды Басқалардың шеңбері ретінде анықтау ұсынылды, олардың пікірлері респонденттер үшін шешуші болып табылады және әр респондент өз бағаларын, іс-қимылдары мен әрекеттерін ойша байланыстырады.

Тестіленушілерден 10 сұрақ-ситуацияға (біз өзгерткен) және олардың айналасындағы адамдардың тізіміне (біз өзгерткен) жауап беру ұсынылды. Респонденттер әрбір мәселе-ситуация бойынша кемінде екі адамды таңдауға тиіс (бірінші таңдау – неғұрлым маңызды адам; екінші таңдау – маңыздылығы төмендеу адам).

Сұрақ-тапсырмалар:

1. Қазақстандағы, Павлодар облысындағы, Павлодардағы жағдайды кіммен талқылауға дайынсыз?

2. Сіз елдегі жағдайға, Қазақстанның әлемдегі бағасына қатысты бағалаулар мен пікірлерге күмәнданасыз. Сіз өзіңіздің күмәніңізді кіммен бөлісесіз?

3. Сіз патриоттық акцияға қатысу туралы таңдау жасауыңыз керек. Сіз кіммен кеңесесіз?

4. Сіздің бірге көбірек уақыт өткізуге құлықты адамыңыз бар ма?

5. Сізге әлеуметтік мәселелер мен проблемаларға қатысты белсенділігі жеткіліксіз позицияныкімкөрсете алады және сіз оған құлақ саласыз ба?

6. Сіз өзіңіз туралы қазақстандық, азамат ретінде ойландыңыз ба? Өзіңізді осы сапада дұрыс бағалауға кім көмектесе алады?

7. Сіздің қоғамдық іске атсалысып, Қазақстанға қызмет еткіңіз келеме. Сіз бұл туралы кіммен кеңесесіз?

8. Сіз үшін қазақстандықтың, азаматтың, патриоттың үлгісі кім бола алады?

9. Сіз ең алдымен қазақстандық, азамат, патриот ретінде кімнің оң бағасын алғыңыз келеді?

10. Сіз кіммен ашық сөйлесесіз?

Жақын аумақтың тізіміне келесі субъектілер кірді:

1. Ата-ана (әкесі, анасы).

2. Туыстары (атасы, әжесі, ағасы, тәтесі).

3. Ағасы, әпкесі.

4. Сыныпта сабақ беретін мұғалімдер.

5. Қазіргі уақытта сыныпта жұмыс істемейтін мектеп мұғалімдері.

6. Үйірме, секция, қызығушылық клубы және т. б. жетекшісі.

7. Ересектаным адам.

8. Достар.

9. Ең жақсы дос (қыз).

10. Жолдастар, сыныптастар.

11. Клубтағы, секциядағы, студиядағы және т.б. жолдастар.

Тақырыптық референттің бағытына сәйкес көріну деңгейлері:

– оңтайлы: барлық сұрақтар-ситуациялар қиындық тудырмады, маңызды Басқалар атап өтілді, олардың ішінде мұғалімдер, сыныптастар бар;

– рұқсат етілген: сұрақ-жағдайлардың жартысынан көбі қиындық туғызбады, маңызды Басқалар атап өтілді, олардың ішінде мұғалімдер, сыныптастар бар;

– сыни: тек бірнеше сұрақ-ситуация қиындық туғызбады, оларға қатысты маңызды Басқалар атап өтілді, олардың ішінде мұғалімдер мен сыныптастар жоқ.

Нәтижесінде 10 және 11 кестелерде көрсетілген мәліметтер алынды.

Кесте 10 – Таңдалған тақырыптық референцияларға сәйкес анықтау деңгейінің іріктеменің сараптамасы (n=106)

Тақырыптық референттің көріну деңгейлері	Орташа жасы	Саны, n	Жынысы	
			ер	әйел
Оңтайлы	16,58	36 (34 %)	15	21
Рұқсат етілген	16,05	29 (27 %)	11	17
Сыни	15,29	41(39 %)	25	16
Барлығы	-	105	51	54

Кесте 11 – Таңдалған тақырыптық референцияларға сәйкес бақылау үлгісінің сараптамалары (n=104)

Тақырыптық референттің көріну деңгейлері	Жасы	Санын	Жынысы	
			ер	әйел
Оңтайлы	16,60	37 (35,5 %)	14	23
Рұқсат етілген	16,17	28 (27 %)	10	18
Сыни	15,65	39 (37,5 %)	27	15
Барлығы	-	105	52	53

## 2. Өзіндік нақты образдың профилін анықтау.

Міндет: өзіндік өзекті образдар қатарында тақырыптық бейнелердің, не сапалы тақырыптық мәселеліктерін (аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейліктің когнитивті компоненті) болуын анықтау. Диагностикалық құралдар: М. Кун, Т. Макпартленд әдістемесі, Т.В. Румянцеваның модификациясы). Бұл әдіс адамдардың өз бағаларын анықтай отырып, өздерін қалай анықтайтынын бағалау үшін қолданылады. Қатысушылар олардың тұлғасын жақсы танитындай етіп «Мен» дегеннен басталатын саны 20-ға дейін мәлімдеме жазып, «Мен кімін?» деген сұраққа жауап беруі талап етіледі (мысалы, «Мен қазақпын», «Мен қыз баламын»). Әр жауап үш өлшемге сәйкес кодталған: аксиологиялық парадигмамен бірегейліктің сенімділігі, аксиологиялық парадигмамен бірегейліктің күрделілігі және бірегейліктің сапасы анықталды. Аксиологиялық парадигмамен бірегейлік күші – бұл ұсынылған мәлімдемелердің жалпы саны, ең көбі 20-ға дейін. Аксиологиялық парадигмамен бірегейлік күрделілігі – бұл мүмкін болатын жеті категорияның саны (әлеуметтік бірегейлік, физикалық қасиеттері, жеке бірегейлік, жеке қасиеттер, қызығушылықтар мен іс-әрекет түрлері, қарым-қатынастар және

қоршаған орта). Бірегейлік сапасы –ұсынылған элементтердің жалпы санына бөлінген нақты элементтердің үлесі (мысалы, кейбір нақты қасиеттерімен мысалы, «Мен ағамын», «Мен қазақпын»).


Марсиананың бірегейлік теориясы (1980) жақсы дамыған бірегейлік өзінің күшті және әлсіз жақтарын (бірегейліктің күші мен күрделілігін бағалау арқылы анықталды және оның жеке бірегейлігін сезінуден тұрады (жеке басының сапасын бағалау арқылы анықталады) деп пайымдалды, сондықтан барлық үш бағалау тұлғаны анықтау үшін талдауға енгізілді. Бұлыңғыр жауаптар (мысалы, «мен ойын ойнаймын», «маған сериалдар ұнайды») және қайталанатын жауаптар есептелмеді.

12-кестеде бірегейліктің үш параметрі бойынша орташа топтық көрсеткіштер көрсетілген (аксиологиялық парадигмамен бірегейлік күші; аксиологиялық парадигмамен бірегейлік күрделілігі; аксиологиялық парадигмамен бірегейлік сапасы)

Кесте 12 – Эксперимент және бақылау топтарындағы «Мен кімін» әдістемесі бойынша (М. Кун, Т. Макпартленд) бірегейлік көрсеткіштері

Критерийлер	Бақылау тобы	Эксперименталдық топ
Бірегейлік күші	5	5,3
Бірегейлік күрделілігі	4	4
Бірегейлік сапасы	0,6	0,7

22-суретте шкалалар бойынша сәйкестілік көрсеткіштері бар диаграмма көрсетілген.



Сурет 22 – Эксперимент және бақылау топтарындағы «Мен кімін» әдістемесі бойынша (М. Кун, Т. Макпартленд) аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлендіру шкалаларының көрсеткіштері

«Әлеуметтік Мен» құраушылардың анықталған көрсеткіштері 13-кестеде көрсетілген.

Кесте 13 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы «Әлеуметтік Мен» құрамына кіретін аксиологиялық парадигмамен бірегейлік ұлттық дәрежелерінің салыстырмалы кестесі

Ранг	Атауы	Эксперимент тобы, %	Бақылау тобы, %
1	Топтық бірегейлік	34,76	35,77
2	Жыныстық-жас бірегейлігі	18,37	18,60
3	Отбасылық бірегейлік	16,26	16,30
4	Кәсіби бірегейлік	16,35	13,88
5	Ұлттық бірегейлік	8,13	8,23
6	Азаматтық бірегейлік	6,13	7,22

3. Солдатова Рыжованың тесті бойынша этникалық бірегейлік түрін анықтау.

Біздің анықтау кезеңіміздің соңғы микрокезеңінде эксперименттік және бақылау тобының деңгейліктері анықталды. Келесі нәтижелер алынды: «Этнонигилизм» шкаласы гипобірегейліктің бір түрін айғақтайды, ол байырғы этникалық топтан ауытқу және этникалық өлшемдерге сәйкес келмейтін тұрақты психоәлеуметтік текшені іздеу ретінде көрінеді. Жалпы бақылау және эксперименттік топтағы осы шкала бойынша көрсеткіштерорташа анықталды, сұралғандардың 33,6%-ында 0-ден 5 балға дейін төмен мәндер тіркелді. 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 29%-да анықталды. Қалған респонденттердің деректері балдары 5-тен 15-ке дейін (47,4%) ауытқиды. Осы шкала бойынша эксперименттік және бақылау үлгісінде көрсеткіштер орташа берілген.

«Этникалық енжарлық» шкаласы этникалық бірегейліктің бұлыңғырлығын, этникалық бірегейліктің сәйкессіздігін көрсетеді. Бақылау және эксперимент тобындағы көрсеткіштер жалпы орташадан жоғары болды, 0-ден 5-ке дейінгі төмен мәндер субъектілердің 23,6%-ында анықталды. 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 48%-ында болды. Қалған респонденттердің деректері 5-тен 15 балға дейін (29,4%) орналастырылды. Осы шкала бойынша эксперименттік және бақылау үлгісінде көрсеткіштер орташадан жоғары көрсетілген.

«Норма» шкаласы бойынша (оң этникалық бірегейлік) – бақылау және эксперименттік топтағы көрсеткіштер жалпы алғанда орташа көрсетілген, сыналушылардың 17,6%-ында 0-ден 5-ке дейінгі төмен мәндер болды, 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 28%-да анықталды. Қалған респонденттердің деректері 5-тен 15 балға дейін (54,4%) көрсетілген. Бұл шкала бойынша эксперименттік және бақылау үлгісінде орташа көрсеткіштер басым болды. Бұл шкала өз халқына деген оң көзқарастың басқа халықтарға оң көзқарасымен үйлесуін білдіреді.

«Этноэгоизм» шкаласын «менің халқым» құрылымының призмасы арқылы қабылдау нәтижесінде ауызша деңгейде білдіруге болады, бірақ ол, мысалы, басқа этникалық топтармен қарым-қатынаста ширығуды және

жақтырмаушылықты білдірді. Бақылау және эксперименттік топтағы көрсеткіштер жалпы орташа, 0-ден 5-ке дейінгі төмен мәндер респонденттердің 37%-ында байқалды. 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 12%-да анықталды. Қалған респонденттердің деректері 5-тен 15 балға дейін (54%) орналастырылды. Осы шкала бойынша эксперименттік және бақылау сұрыптауында көрсеткіштер орташа көрсетілген.

«Этноизоляциялизм» шкаласы ұлттың артықшылығына деген сенімділігімен, ұлттық мәдениетті «тазарту» қажеттілігін мойындауымен, ұлтаралық некеге деген теріс көзқарасымен, ксенофобиясымен ерекшеленеді. Бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер жалпы орташа, субъектілердің 48%-ында 0-ден 5-ке дейінгі төмен мәндер болды. 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 13%-да анықталды. Қалған респонденттердің деректері 5-тен 15 балға дейін (39%) орналастырылды. Бұл шкала бойынша эксперимент және бақылау сұрыптауында көрсеткіштер орташа деңгейден төмен.

«Этнофанатизм» шкаласы этникалық «тазартуға» дейін қабылданатын ұлттық мүдделерге сәйкес әрекет етуге, басқа халықтарға ресурстар мен әлеуметтік артықшылықтарды пайдалану құқығынан бас тартуға, ұлттың этникалық құқықтарының негізгі адам құқықтарынан басымдығын тануға, ұлттың өркендеуі үшін күресте құрбан болғандарды қолдауға дайын екендігін көрсетеді. Бақылау және эксперимент топтарында көрсеткіштер нашар көрінді, субъектілердің 53,6%-ында 0-ден 5-ке дейінгі төмен мәндер болды. 15-тен 20-ға дейінгі жоғары көрсеткіштер 11%-да анықталды. Қалған респонденттердің деректері 5-тен 15 балға дейін (34,4%) ауытқиды. Осы шкала бойынша эксперимент және бақылау сұрыптауларында көрсеткіштер төмен.

14-кестеде эксперимент тобындағы сынаққа қатысушылардың этникалық бірегейлік түрлерінің байқалу дәрежесі анықталған.

Кесте 14 – Эксперимент тобындағы анықтаушы кезеңге қатысушылардың % мазмұнындағы этникалық бірегейлік түрлерінің байқалу дәрежесі

Этникалық бірегейлік типі	Дәрежелер			
	I	II	III	IV
Этнонигилизм	89	6	2	3
Этникалық енжарлық	6	44	44	6
Норма (оң этнобірегейлік)	4	5	11	80
Этноэгоизм	93	4	2	1
Этноизоляциялизм	74	18	6	2
Этнофанатизм	56	31	12	1

15-кестеде бақылау тобындағы субъектілердің этникалық бірегейлік түрлерінің айқындылық дәрежесі көрсетілген.

Кесте 15 – Бақылау тобындағы сыналушылардың % мазмұнындағы этникалық бірегейлік түрлерінің айқындылық дәрежесі

Этникалық бірегейлік типі	Дәрежелер			
	I	II	III	IV
Этнонигилизм	88	9	1	2
Этникалық енжарлық	5	46	42	7
Норма (оңэтнобірегейлік)	0	6	13	81
Этноэгоизм	92	5	1	2
Этноизоляциянизм	72	19	6	3
Этнофанатизм	54	33	12	1

Көрсеткіштер:

